

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СЕЙСМИКАҒА ТӨЗІМДІ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ

1-бөлім. Азаматтық ғимараттарды жобалау.
Сейсмикалық оқшаулағыш іргетастар.
Жалпы ережелер

ПРОЕКТИРОВАНИЕ СЕЙСМОСТОЙКИХ ЗДАНИЙ

Часть 1. Проектирование гражданских зданий.
Сейсмоизолирующие фундаменты. Общие положения

ҚР НТҚ 08-01.6-2022
НТП РК 08-01.6-2022

Ресми басылым
Ресми басылым

Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного
развития Республики Казахстан

Астана 2022

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛІП,
ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы №229-НҚ бұйрығымен 2022 жылғы 9 желтоқсаннан бастап
- 4 **ОРНЫНА:** ҚР НТҚ 08-01.6-2013

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН
И ВВЕДЕН
В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 9 декабря 2022 года №229-НҚ с 9 декабря 2022 года
- 4 **ВЗАМЕН:** НТП РК 08-01.6-2013

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	V
1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	1
1.1 Құралдың қолданылу саласы	1
1.2 Құралдың мақсаты.....	3
1.3 Құралды қолдану бойынша нұсқаулар	4
1.4 Сейсмикалық оқшаулау жүйелерін қолданудың қосымша салалары	5
1.5 Нормативтік сілтемелер	7
1.6 Терминдер мен анықтамалар	9
1.7 СИ бірліктерінің халықаралық жүйесі	14
2. СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚШАУЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ ЖӘНЕ СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚШАУЛАУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР	15
2.1 Сейсмикалық оқшаулау жүйелерін жобалау Тұжырымдамалары	15
2.2 Сейсмикалық оқшаулағыш элементтер (құрылғылар)	19
2.2.1 Жалпы мәліметтер	19
2.2.2 Эластомерлік тіректер	20
2.2.3 Қорғасын өзегі бар эластомерлік тіректер	24
2.2.4 Жазық көлденең сырғу беттері бар үйкелісті жылжымалы типтегі тіректер.....	25
2.2.5 Сфералық сырғу беттері бар үйкелісті жылжымалы тіректер	28
3 СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚШАУЛАҒЫШ ІРГЕТАСТАРЫ БАР ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ	34
3.1 Жалпы нұсқаулар	34
3.2 Тұжырымдамалық жобалаудың бастапқы кезеңі.....	35
3.3 Шешім қабылдау кезеңі (аралық немесе нақтылау)	39
3.4 Тұжырымдамалық жобалаудың соңғы кезеңі	42
4 СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚШАУЛАҒЫШ ІРГЕТАСЫ БАР ҒИМАРАТТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	44
4.1 Негізгі талаптар	44
4.2 Сәйкестік өлшемшарттары	45
4.3 Жобалаудың негізгі ережелері.....	47
4.3.1 Сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларға арналған негізгі ережелер	47
4.3.2 Орын ауыстыруды бақылау.....	48
4.3.3 Субқұрылымдар мен Суперқұрылымдардағы сейсмикалық оқшаулағыш кабаттың үстінде және астында орналасқан құрылмалық бөлшектерге қойылатын талаптар	49
4.3.4 Сейсмикалық әсерлер барысында Суперқұрылымның орын ауыстыруын камтамасыз ету	52
5 ЕСЕПТЕ ЕСКЕРІЛЕТІН, СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚШАУЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕРІ МЕН ҚАСИЕТТЕРІ	53
5.1 Сейсмикалық әсерлер.....	53
5.2 Беталыс коэффициенті	55
5.3 Есептеулерде ескерілетін, сейсмикалық оқшаулау жүйелерінің қасиеттері	55
6 ҚҰРЫЛМАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ	56
6.1 Жалпы мәліметтер.....	56
6.2 Сейсмикалық оқшаулау жүйелерін моделдеу	58
6.3 Эквивалентті сызықтық есептеу	59

6.4 Жеңілдетілген сызықтық есептеу	62
6.5 Модалды жеңілдетілген сызықтық есептеу	64
6.6 Уақытша облыста есептеу.....	64
6.7 Құрылмалық емес элементтер	65
6.8 Айнымалы шекті жағдайдағы қауіпсіздікті тексерулер (ULS).....	65
А - қосымшасы (<i>ақпараттық</i>) Функциялық мақсаты бойынша II, III, IV жауапкершілік кластарына жатқызылған және қабаттар саны 5 (беске) дейінгіні қоса алғанда, Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды талдау үшін серпімді реакциялар спектрлерін құру мысалдары	67
В - қосымшасы (<i>ақпараттық</i>) II, III, IV функциялық мақсаты бойынша жауапкершілік кластарына жатқызылған және 5 (бес) қабаттан асатын Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды талдау үшін серпімді реакциялар спектрлерін құру мысалдары.....	72
В - қосымшасы (<i>ақпараттық</i>) Бес қабатты ғимаратқа арналған сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің қажетті параметрлерін тиімді тербеліс кезеңінің берілген мәндерімен және тиімді тұтқыр демпфирлеу коэффициентімен алдын ала анықтау мысалдары	76
Г - қосымшасы (<i>ақпараттық</i>) Топырақтың сейсмикалық қозғалыстарының жазбаларын пайдалана отырып орындалатын есептеулер нәтижелері бойынша 5 (бес) қабат саны бар, Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттың реакцияларын бағалау	84
Д - қосымшасы (<i>ақпараттық</i>) Осы Құралда қолданылатын сілтемелері бар еуропалық стандарттарға қысқаша шолу	108
Е - қосымшасы (<i>ақпараттық</i>) Осы Құралда қарастырылмаған сейсмикалық оқшаулағыш іргетастардың құрылмалы жүйелеріне қысқаша шолу	1

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық Құрал "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ Заңына сәйкес жазылған және Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарында құрылыс үшін сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар азаматтық ғимараттарды жобалауға қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы нормативтік-техникалық Құралда келтірілген азаматтық ғимараттарды жобалауға қойылатын талаптар, оның механикалық қауіпсіздікке қойылатын талаптары бөлігінде "Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" Қазақстан Республикасының техникалық регламентіне сәйкес келеді.

Осы нормативтік-техникалық Құрал Қазақстан Республикасында сейсмикаға төзімді құрылыстың нормативтік базасын жетілдіру және оны еуропалық стандарттармен (құрылыс Еурокодтарымен) үйлестіру мақсатында "Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименттік институты" АҚ әзірленді.

Осы нормативтік-техникалық Құралдың авторы-техника ғылым. канд. Ицков И. Е. Тақырып жетекшісі – Б.Б.Құлбаев, ғылыми жетекшісі – техника ғылым. канд. Е.М.Шоқбаров, жауапты орындаушы-техника ғылым. канд. Ж.А.Омаров, техника ғылым. канд. Е.М.Шоқбаров, ғылыми кеңесші-техника ғылым. канд. В.А.Лапин, бірлесе орындаушылар-инж. С.А.Лопухов, инж.Т.А. Шаймерденов, инж. М.М.Абаканов.

Осы нормативтік-техникалық Құралдың ережелері ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10-бөлімінде қамтылған Қағидаттар мен Қағидаларға негізделеді. Нормативтік құжат ретінде осы нормативтік-техникалық Құрал ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 және оған ҚР НТҚ топтамасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы нормативтік-техникалық Құрал ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10-бөлімінің ережелерін толықтырады және дамытады, ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10-бөлімінің ережелерін Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында құрылыс үшін сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар азаматтық ғимараттарды жобалау барысында практикалық қолдануды суреттейтін түсініктемелер мен мысалдарды қамтиды.

Осы құжатты әзірлеу барысында назарға алынды:

– ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 басқа бөлімдерінің және ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативіне өзекті ҚР НТҚ, ҚР ЕЖ EN 1998 басқа бөлімдері, ҚР ЕЖ EN басқа және оларға өзекті ҚР НТҚ ережелері;

– басқа елдердің қазіргі заманғы нормативтік құжаттарының талаптары;

– "ҚазҚСҒЗИ" АҚ және жер сілкінісіне төзімді құрылыс саласында маманданған шетелдік ұйымдардың зерттеу нәтижелері.

Мәтіні осы Құралдың тармақтарымен бірдей (оның ішінде мағыналық мазмұны бойынша) ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 тармақтарының нөмірлеріне сілтемелер Құралдың тармақтарының нөмірлерінің қасында төртбұрышты жақшада көрсетілген.

Осы Құралдың тармақтарында мәтіні ішінара пайдаланылған ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 тармақтарының нөмірлеріне сілтемелер Құралдың тармақтарының тиісті мәтінінің соңында төртбұрышты жақшада көрсетілген.

ҚР ЕЖ EN жүйесінің нормативтік құжаттарына сілтемелер, оның ішінде және ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативіне ҚР НТҚ, стандарттар және басқа да ақпарат көздері, осы Құралдардың тиісті тармақтарының мәтінінде қажет болған жерде көрсетілген.

Осы Құралды пайдалануына болады:

– жобалық құжаттамаға тапсырыс берушілер (мысалы, ғимараттардың жер сілкінісіне төзімділігіне қойылатын негізгі талаптарды тұжырымдау үшін);

– ғимараттарды жобалау және салу сапасын бақылауды жүзеге асыратын мамандар;

– тиісті әкімшілік органдар;

– жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлері, оқытушылары мен студенттері.

Осы нормативтік-техникалық құрал Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде ерікті негізде қолдану үшін қолданысқа енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН****СЕЙСМИКАҒА ТӨЗІМДІ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ
1-БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ. СЕЙСМИКАЛЫҚ
ОҚШАУЛАҒЫШ ІРГЕТАСТАР. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР****ПРОЕКТИРОВАНИЕ СЕЙСМОСТОЙКИХ ЗДАНИЙ.
ЧАСТЬ 1. ПРОЕКТИРОВАНИЕ ГРАЖДАНСКИХ ЗДАНИЙ.
СЕЙСМОИЗОЛИРУЮЩИЕ ФУНДАМЕНТЫ. ОБЩИЕ ТРЕБОВАНИЯ**

Енгізу күні - 2022-12-09

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**1.1 Құралды қолдану саласы**

1.1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал (бұдан әрі – Құрал) ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 "Сейсмикаға төзімді конструкцияларды жобалау – 1-бөлім: Жалпы ережелер, ғимараттар үшін сейсмикалық әсер етулер мен қағидалар" мемлекеттік нормативтік құжатының 10-бөлімінің "Сейсмикалық оқшаулағыш іргетастар" ережелерін дамытады және толықтырады.

ЕСКЕРТУ – Осы Құрал нормативтік құжат ретінде, ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің басқа Бөлімдеріне өзге де ҚР НТҚ -мен қатар, ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің ажырамас бөлігі болып табылады. ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10- бөлімінде және осы Құралда келтірілген ережелер, басқа ҚР ЕЖ EN нормативтеріндегі (сондай-ақ ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 1.1.1(3) тармақшасын және осы Құралдағы нұсқауларды қараңыз) ережелеріне қосымша болып табылады.

Осы Құралдың ережелері қолданылуы керек:

– сейсмикалық оқшаулау жүйелерімен жабдықталған және сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар құрылыстар болып табылатын жаңа азаматтық (тұрғын, қоғамдық, өндірістік) ғимараттарды салу үшін жобалау барысында (сондай-ақ 1.1.5 қараңыз);

– қолданыстағы құрылыс объектілері болып табылатын, сейсмикалық оқшаулаудың тиімді жүйелерімен жарақтандыру есебінен олардың сейсмикалық төзімділігін арттыру мақсатында, азаматтық ғимараттарға қатысты іс-шараларды әзірлеу барысында (мысалы, жаңғырту және реконструкциялау барысында).

1.1.2 Осы Құралда сейсмикалық әсер ету барысында құрылмалы жүйелердің реакциясын төмендетуге арналған пассивті сейсмикалық оқшаулау жүйелерімен жарақтандырылатын ғимараттарды жобалау бойынша жалпы ережелер келтірілген.

ЕСКЕРТУ – Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес сейсмикалық оқшаулау жүйелері пассивті, белсенді және гибридті болып жіктеледі.

Пассивті сейсмикалық оқшаулау жүйелері-бұл параметрлері тек сейсмикалық оқшаулау элементтерін (сейсмикаға қарсы құрылғылар) құрайтын, сейсмикалық әсер ету барысында белсендірілетін қасиеттерге байланысты жүйелер. Бұл жүйелер қосымша энергия көздерін пайдаланбай, жер сілкінісі кезінде құрылмалы жүйеге берілетін механикалық энергияның төмендеуін қамтамасыз ететін мағынада пассивті болып табылады.

Белсенді сейсмикалық оқшаулау жүйелері-бұл, сейсмикалық (немесе желдік) әрекеттердің әсерін азайтатын, әрекеттерді генерациялайтын, қосымша энергия көздері арқылы ғимараттарды сейсмикаға қарсы қорғауды жүзеге асыратын жүйелер.

Ресми басылым

ҚР НТҚ 08-01.6-2022

Белсенді жүйелер жер сілкінісі барысында ғимараттардың тербеліс процесін компьютерлік басқаруға негізделген.

Гибридті сейсмикалық оқшаулау жүйелері-бұл пассивті және белсенді жүйелердің белгілерін үйлестіретін жүйелер.

1.1.3 Сейсмикалық оқшаулаудың пассивті жүйелерімен жабдықталған азаматтық ғимараттардың жобалауын жүргізуі керек:

- сәулет, елдімекен құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган аккредиттеген мамандандырылған ғылыми-зерттеу ұйымдарымен міндетті ғылыми-техникалық сүйемелдеу кезінде;
- арнайы техникалық шарттар (АТШ) бойынша.

АТШ құжаты әрбір нақты объект үшін келесілерді ескере отырып әзірленуі тиіс:

- жобаланатын құрылыс алаңындағы инженерлік-геологиялық және сейсмологиялық жағдайларды;
- сейсмикалық оқшауланған ғимараттың сәулет-құрылыс шешімдерінің (көлемдік-жоспарлау және құрылмалық) жеке ерекшеліктерін;
- қолданылатын сейсмикалық оқшаулау жүйесінің және сейсмикаға қарсы құрылғылардың ерекшеліктерін;
- осы Құралдың ережелерімен ұсынылатын талаптарды, нұсқаулар мен ұсынымдарды.

ЕСКЕРТУ – Нормативтік құжаттарда арнайы талаптар жоқ, құрылмалы жүйелер мен құрылмаларды жобалау және салу, жобалауға арналған арнайы техникалық шарттар негізінде жүзеге асырылуы тиіс:

- тиісті тәжірибесі бар және сәулет, елдімекен құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган аккредиттеген ғылыми-зерттеу ұйымдарымен әзірленуі;
- жобаланатын объектінің сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ сейсмикалық оқшаулау жүйесін және оны қалыптастыратын құрылғыларды монтаждау және пайдалану бойынша нақты іс-шараларды атаулы сипатта ұстау және қамту.

Арнайы техникалық шарттардың мазмұнына, келісу тәртібіне және бекітілуіне қойылатын талаптар ҚР ҚН 1.02-03 ережелеріне сәйкес болуы тиіс. Сейсмикалық оқшауланған ғимаратты жобалауға арналған АТШ әзірлеу тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасы негізінде және қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады (ҚР ҚН 1.02-03 қараңыз).

Осы Құралдың ережелері сейсмикалық оқшауланған азаматтық ғимараттарды жобалауға қолданылады, онда:

- құрылмалы қарсылық жүйесінің сейсмикалық реакциясын төмендетуге арналған сейсмикалық оқшаулау жүйесі құрылыстың негізгі массасынан төмен орналасқан [10.1(1)P];
- құрылыстың іргетасы немесе қатты төменгі бөлігі сейсмикалық оқшаулағыш ретінде сәйкестендірілуі тиіс [10.1 (3)];

ЕСКЕРТУ – Іргетас жүйелері немесе құрылыстың қатты төменгі бөлігі (жертөле, ірге қабаттары), олардың үстінде сейсмикалық оқшаулағыш қабат орналасқан, барабар түрде жобалануы тиіс (4.3.3 қараңыз).

- құрылмалы қарсылық жүйелері тұжырымдамалық жобалаудың негізгі принциптері мен критерийлерін, сондай-ақ нормативтік шектеу талаптарын барынша қанағаттандырады.

1.1.4. Осы Құралдың ережелері келесі жобалауға қолданылмайды:

– құрылмалы жүйенің бірнеше қабаттары немесе деңгейлері бойынша бөлінген энергетикалық диссипация жүйелерімен жабдықталған ғимараттар [10.1 (4)];

– арнайы мақсаттағы және/немесе пайдаланудың арнайы технологиялық режимдері бар өнеркәсіптік ғимараттар мен имараттар және/немесе басқа да ерекше объектілер (сонымен қатар ҚР НТҚ 08-01.2-2021 ескерту, 5.1-кестені қараңыз);

– биік ғимараттар ретінде жіктелген ғимараттар (сонымен қатар ҚР НТҚ 08-01.2 және ҚР НТҚ 08-01.7 қараңыз);

ЕСКЕРТУ – Сондай-ақ осы Құралдың 3.2.2 және 3.2.3 қараңыз.

– күндізгі бетінде тектоникалық ақаулар пайда болуы мүмкін учаскелерде орналасқан ғимараттар;

– құрылыс алаңдарында орналастырылатын, сейсмикалығы сейсмикалық қасиеттері бойынша жергілікті топырақ жағдайлары типінің жіктелуіне байланысты және $\gamma_I=1,0$ жауапкершілік коэффициентінің мәні кезінде айқындалған $a_g=0,6$ g асатын есептік үдеу (a_g) шамаларымен сипатталатын ғимараттар (сондай-ақ осы Құралдың 5.1-кіші бөлімін қараңыз);

ЕСКЕРТУ – Жобаланатын құрылыс алаңындағы сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының түрін, әдетте, 30 және 10 метрлік беткі қабаттардағы көлденең толқындардың ($v_{s,30}$) және ($v_{s,10}$) таралу жылдамдығының эксперименттік белгіленген мәндеріне қарай жіктеу керек (ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 3.2.8 қараңыз).

– шекаралары шегінде инженерлік-геологиялық жағдайлар қуаты 10 м-ден асатын қабаты бар топырақ шөгінділері бар стратиграфиялық бейінмен сипатталатын, оның шегінде көлденең толқындардың таралу жылдамдығы v_{s30} 100 м/с-тан кем болатын құрылыс алаңдарында орналастырылатын ғимараттар;

– сұйылтуға қабілетті топырақ шөгінділерімен бүктелген құрылыс алаңдарында орналастырылатын ғимараттар.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық жағынан қолайсыз алаңдарда сейсмикалық оқшауланған ғимараттар салуды жүзеге асыру қажет болған кезде топырақ негіздігінің қасиеттерін жақсарту (нығайту немесе ауыстыру) жөніндегі арнайы инженерлік іс-шаралармен сүйемелденуге тиіс.

1.2 Құралдың мақсаты

1.2.1 Осы Құрал Қазақстан Республикасының сейсмикаға төзімді құрылысының нормативтік базасын жетілдіру, оны еуропалық стандарттармен (құрылыс Еурокодтарымен) үйлестіру және құрылыс саласының инженерлік-техникалық қызметкерлеріне жобалау қағидаттары мен қағидаларын игеруде әдістемелік және практикалық көмек көрсету мақсатында жасалды, келесілерге ықпал ететін:

– жер сілкінісі кезінде адамдардың өмірін қорғауға;
– жер сілкінісінен болатын залалды шектеу;
– сейсмикалық оқиғалардан кейін халықты қорғау үшін жұмыс істеуі маңызды және қажет ғимараттардың пайдалану қасиеттерін сақтау.

1.2.2 1.2.1-де көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды осы Құралдың ережелеріне сәйкес жобалау кезінде келесілерді басшылыққа алу керек:

ҚР НТҚ 08-01.6-2022

– ҚР ЕЖ EN 1990:2002+A1:2005/2011 нормативінің 1.3(2)-де жазылған жалпы шарттармен;

– ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 1.3(2)Р (сондай-ақ 2.2.4.3.3 ҚР НТҚ 08-01.1 қараңыз) берілген алғышартпен;

– осы Құралдың ережелерімен.

ЕСКЕРТУ – Осы Құралда осы Құралдың немесе оған қатысы бар басқа да нормативтік құжаттардың кейбір талаптарына түсініктеме беретін және/немесе негіздейтін ескертпелер, сондай-ақ осы Құралдың негізгі ережелерінің практикада қолданылуын суреттейтін мысалдар келтірілген.

1.3 Құралды қолдану бойынша қосымша нұсқаулар

1.3.1 Осы Құралды ҚР ЕЖ EN 1990 – ҚР ЕЖ EN 1997, ҚР ЕЖ EN 1999 және оларға ҚР НТҚ-мен, сондай-ақ ҚР ЕЖ 1998-1:2004/2012 және ҚР НТҚ өзекті топтамаларымен бірлесіп оның басқа Бөлімдеріне қолдану керек.

ЕСКЕРТУ 1 – Осы Құрал шеңберінде сейсмикалық оқшауланған ғимараттар жобалайтын қарсылық жүйелерінің бастапқы құрылымдық элементтері (тірек құрылымдары) арматураланған бетон (темірбетон), болат және болат бетонды үйлесімді (болат темірбетон) орындалуы мүмкін деп болжанады.

ЕСКЕРТУ 2 – Темірбетонды, болат және болат темірбетонды көтеруші құрылымдарын жобалау қағидаттары мен қағидалары ҚР ЕЖ EN және оларға ҚР НТҚ тиісті нормативтік құжаттарының ережелерімен, оның ішінде ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 және оған ҚР НТҚ топтамасымен (мысалы, ҚР НТҚ 08-01.1-2017 нормативі 1 – 3 бөлімдеріне және ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 4-бөліміне ҚР НТҚ 08-01.2-2021 және т. б.) регламенттеледі.

ЕСКЕРТУ 3 – ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10-бөлімінде келтірілген қағидаттар мен қағидалар және осы Құралдың ережелері қолданылатын құрылымдық материалдардың түріне қарамастан сейсмикалық оқшауланған ғимараттар үшін ортақ болып табылады. Осы Құрал ҚР ЕЖ EN 1990 – ҚР ЕЖ EN 1997, ҚР ЕЖ EN 1999 ережелеріне қосымша сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды жобалау кезінде сақталуы тиіс ережелерді ғана қамтиды.

1.3.2 Осы Құралды ҚР СТ EN 15129:2009 талаптарын және ҚР СТ EN 1337 топтамасының тиісті бөліктерін, сондай-ақ бұл орынды болған кезде және ISO 22762 топтамасын назарға ала отырып қолдану керек.

ЕСКЕРТУ – Көрсетілген стандарттар туралы қосымша ақпарат алу үшін осы Құралдың Д-қосымшасын қараңыз.

1.3.3 Осы Құралдың ережелерін сейсмикалық оқшаулағыш іргетастары бар ғимараттарға қойылатын талаптарды реттейтін арнайы техникалық шарттарды (АТШ) және өзге де құжаттарды (аумақтық құрылыс нормалары, ұсынымдар, стандарттар және т. б.) жасау кезінде басшылыққа алу керек.

Сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың осы Құралдың ережелеріне сәйкес жобалау АТШ негізінде жүзеге асырылуы керек (сонымен қатар 1.1.4 қараңыз), оның шеңберінде жобалау тұжырымдамасы келесілерге қатысты нақтыланады:

– тұжырымдамалық жобалаудың базалық қағидаттары мен өлшемдеріне және нормативтік шектеу талаптарына барынша жауап беретін сәулет-құрылыс шешімдерін (көлемдік-жоспарлау және құрылымдық) таңдау;

– сейсмикалық оқшаулау жүйелерін таңдау және оны қалыптастыру үшін қолданылатын сейсмикаға қарсы құрылыстар;

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшаулау жүйелерін жобалау барысында сейсмикамен қатар, жел мен температураның әсеріне байланысты әсерлер ескерілуі тиіс.

- сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың, сейсмикалық оқшаулау жүйелерінің және сейсмикалық әсерлердің есептік моделдерін таңдау;
- сейсмикалық оқшауланған құрылмалы жүйелердегі сейсмикалық әрекеттердің әсерін анықтау;
- сейсмикалық оқшаулау жүйелері мен сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 және оған ҚР НТҚ талаптарына сәйкестігін тексеру.

1.3.4 ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10-бөлімінің және осы Құралдың ережелерін дамытуға жасалатын құжаттардың ережелері ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10-бөліміндегі қағидаттарға және осы құралдың нұсқауларына қайшы келмеуі тиіс.

1.3.5 Осы Құралда қамтылған ережелерден ерекшеленетін сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды есептеу мен құрастырудың баламалы арнайы қағидаларын олардың ҚР ЕЖ 1998-1:2004/2012, оның ішінде осы құжаттың 10- бөлімінде келтірілген қағидаттарға толық сәйкестігінің дәлелдері болған жағдайда ғана қолдануға жол беріледі. Бұл дәлелдер танылған ғылыми ережелерге, сыналған техникалық шешімдерге негізделуі және ғимараттарға ҚР ЕЖ 1990:2002+A1:2005/2011, ҚР ЕЖ 1998-1:2004/2012 және осы Құралда қарастырылған кем дегенде баламалы сенімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

1.3.6 Егер сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың жобалары ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10- бөлімінде келтірілген ережелерден ерекшеленетін ережелерді қолдана отырып орындалған болса, онда әзірленген жобалар, егер олар ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 Қағидаттарына сәйкес келсе де, Еурокодтардың талаптарына толық сәйкес келетін ретінде қарастырыла алмайды (1.4(5) ҚР ЕЖ EN 1990:2002+A1:2005/2011 қараңыз).

1.4 Сейсмикалық оқшаулау жүйелерін қолданудың қосымша бағыттары

1.4.1 Осы Құралдың ережелеріне сәйкес келетін сейсмикалық оқшаулау жүйелері жаңа ғимараттар салу барысында немесе Тапсырыс берушінің қалауы бойынша қолданыстағы құрылыс ғимараттарының сейсмикалық төзімділігін арттыру үшін қолданылуы мүмкін.

1.4.2 Осы Құралдың ережелеріне сәйкес жобалау барысында сейсмикалық оқшаулау жүйелерімен жабдықтау ұсынылады:

- жаңа ғимараттарды , олардың бұзылуының әлеуметтік салдарлары негізінде жер сілкінісіне төзімділігі маңызды (функциялық мақсаты бойынша жауапкершілік класы - III (үшінші), ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.1-кестесіне сәйкес);
- жер сілкінісінен кейін жұмыс істеуі халықты азаматтық қорғау үшін қажет жаңа ғимараттар (функциялық мақсаты бойынша жауапкершілік класы – IV (төртінші), ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.1-кестесіне сәйкес);
- мазмұны ғимараттардың өздеріне қарағанда қымбатырақ және маңыздырақ жаңа ғимараттар (мысалы, ұлттық және мәдени құндылықтар қоймалары бар немесе тербеліске сезімтал бірегей жабдықтары бар құрылыс объектілері);
- құрылмалы жүйелері пластикалық деформацияларды дамыту және сейсмикалық тербелістердің энергиясын диссипациялау мүмкіндігі шектеулі жаңа ғимараттар;
- жер сілкінісіне төзімділігін арттыру үшін тарихи және мәдени құндылығы бар қолданыстағы ғимараттар;

ҚР НТҚ 08-01.6-2022

– құрылыс индустриясы кәсіпорындары игерген индустриялық үлгілік құрылыс құрылмаларын және құрылыс индустриясы кәсіпорындары игерген бұйымдарды пайдалану саласын кеңейту мақсатында жаңа ғимараттар (мысалы, оларды үлгілік жобаларда көзделгеннен жоғары сейсмикалығы бар алаңдарда қолдану қажет болған жағдайда немесе ғимараттардың биіктігін барабар ұлғайту қажет болған жағдайда).

1.4.3 Осы Құралдың ережелеріне сәйкес арнайы функциялық мақсатымен сипатталатын сейсмикалық оқшаулау жүйелері бар азаматтық ғимараттарды жобалау барысында, олардың зақымдануы мен бұзылуының қолайсыз салдарын азайту мақсатында, төменде 1.4.4 және 1.4.5-те көрсетілгендей, құрылыстардың шекті биіктіктерін тағайындау кезінде арнайы шектеу талаптарын басшылыққа алу керек.

1.4.4 ҚР НТҚ 08-01.2-2021 нормативінің 5-бөлімінің нұсқауларын назарға ала отырып, сейсмикалық оқшаулау жүйелері бар құрылыстардың шекті биіктігі азаматтық объектілердің келесі санаттары үшін шектелуі керек:

(а) – III (үшінші) класқа жатқызылған ауруханалар (оның ішінде аса құнды жабдықтары бар), мектептер ғимараттарының функциялық мақсаты бойынша жауапкершілік;

(б) – травматологиялық және хирургиялық бөлімдері, жедел медициналық жәрдем стансалары және т. б. бар госпитальдар мен ауруханалар ғимараттарының функциялық мақсаты бойынша IV (төртінші) жауапкершілікке жатқызылған.

ЕСКЕРТУ 1 – Сондай-ақ, ҚР НТҚ 08-01.2-2021 нормативінің 5.1-кестесін қараңыз.

ЕСКЕРТУ 2 – Функциялық мақсаты бойынша III (үшінші) класқа жатқызылған мектепке дейінгі мекемелердің (балабақшалар мен бөбектер), перзентханалардың азаматтық ғимараттарын сейсмикалық оқшаулау жүйелері бар құрылыстар ретінде жобалауға жол берілмейді.

1.4.5 ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.7 тармағына сәйкес сейсмикалық оқшаулау жүйесі бар құрылыстар ретінде 1.4.4(а) және (б) көрсетілген аурухана ғимараттарын жобалау кезінде 8 және 9 балдық сейсмикалық алаңдардағы құрылыс үшін олардың Суперқұрылымдарының қабаттар саны (сондай-ақ 1.6.2 қараңыз) 5 (бес) қабаттан аспайтындай шектеліп, тағайындалуы керек.

– Мектеп ғимараттарын жобалау барысында (1.4.4 (а) қараңыз), сейсмикалық оқшаулау жүйелері бар құрылыстар ретінде, сейсмикалық 7, 8 және 9 балл алаңдарында салу үшін олардың Суперқұрылымдарының қабаттар саны (1.6.2 қараңыз) 5 (бес) қабаттан аспайтын мөлшерде шектеліп, тағайындалуы керек.

ЕСКЕРТУ 1 – Мектептердің бес қабатты сейсмикалық оқшауланған ғимараттарында:

- жоғарғы 4 (төртінші) және 5 (бесінші) қабаттарда бастауыш сыныптардың бөлмелерін орналастыруға рұқсат етілмейді;

- 5 (бесінші) қабат әкімшілік, әкімшілік-шаруашылық кабинеттердің, мұғалімдер, медициналық кабинеттердің, кітапхананың, зертханалық, препараторлық және мұражайдың үй-жайларын орналастыруға бөлінуі қажет.

ЕСКЕРТПЕ 2 – Сейсмикалық жағынан қолайсыз алаңдарда және есептік сейсмикалығы 10 балл болатын алаңдарда құрылысқа арналған ғимараттар мен имараттарды жобалау ҚР-да қолданыстағы мемлекеттік нормативтік құжаттардың, оның ішінде өңірлік құжаттардың талаптарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылуы керек. Сейсмикалық жағынан қолайсыз алаңдарда және есептік сейсмикалығы 10 балл болатын алаңдарда құрылыс үшін сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар ғимараттарды жобалауға, әдетте, жол берілмейді.

ЕСКЕРТУ 3 – Сәулет, елдімекен құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған сейсмикалық оқшаулау жүйелері бар ғимараттар мен имараттардың жер сілкінісі кезіндегі ахуал туралы дұрыс ақпарат алу мақсатында инженерлік-сейсмометриялық стансаларды орнатуды көздеу қажет. (сондай-ақ ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 2.2.4.3.8-ін қараңыз).

1.5 Нормативтік сілтемелер

1.5.1 Осы нормативтік-техникалық Құралда келесі нормативтік құжаттар мен стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ҚН 1.02-03-2022	Құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және құрамы
ҚР ЕЖ EN 1990:2002+A1:2005/2011	Күш түсетін конструкцияларды жобалау негіздері
ҚР ЕЖ EN 1991-1-1:2002/2011	Күш түсетін конструкцияларға әсер ету.1-1 бөлімі: Өзіндік салмағы, ғимаратқа түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер
ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2004/2011	Күш түсетін конструкцияларға әсер ету 1-3 бөлімі. Жалпы әсер ету. Қар жүктемелері
ҚР ЕЖ EN 1991-1-4:2005/2011	Күш түсетін конструкцияларға әсер ету 1-4 бөлімі. Жалпы әсер ету. Желдің әсер етуі
ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011	Темірбетон конструкцияларын жобалау 1-1 бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттар ережелері
ҚР ЕЖ EN 1993-1-1:2005/2011	Болат конструкцияларды жобалау 1-1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер
ҚР ЕЖ EN 1994-1-1:2004/2011	Болат темірбетон конструкцияларын жобалау 1-1 бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер
ҚР ЕЖ EN 1997-1:2004/2011	Геотехникалық жобалау 1-бөлім: Жалпы ережелер
ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012	Күш түсетін конструкцияларды жобалау негізі 1-бөлім: Жалпы ережелер, ғимараттарға арналған сейсмикалық ықпалдар мен ережелер
ҚР ЕЖ EN 1998-3:2005/2013	Сейсмикаға төзімді конструкцияларды жобалау. 3-бөлім: Ғимараттарды бағалау және реконструкциялау
ҚР ЕЖ EN 1998-5:2004/2013	Сейсмикаға төзімді конструкцияларды жобалау. 5-бөлім: Іргетастар, тірек конструкциялары және геотехникалық аспектілер
ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012	Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Бөлім. Жалпы ереже. Сейсмикаға әсер ету
ҚР НТҚ 08-01.1-2017	ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 1-3 бөлімдеріне нормативтік-техникалық құрал
ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012	Сейсмикаға төзімді ғимараттарды жобалау. Бөлім:
ҚР НТҚ 08-01.3-2021	Монолиттік темірбетоннан жасалған ғимараттар ҚР ЕЖ EN 1998-1: 2004/2012 5-бөліміне нормативтік-техникалық құрал
ҚР ЕЖ EN 1991-1-2:2002/2011	Жүктемелер мен әсерлер. Конструкцияларға өрт
ҚР НТҚ 01-01-2.1-2012	кезіндегі әсерлер
ҚР ЕЖ EN 1991-1-3 және	Ғимараттарға жүктемелер мен әсерлер. 1-3 бөлім.

ҚР НТҚ 08-01.6-2022

4:2003/2011	Қар жүктемелері. 1-4 бөлім. Желдің әсері
ҚР НТҚ 01-01-3.1 (4.1)-2017	
ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011	Арматураны алдын-ала кернемей, ауыр бетоннан жасалған бетон және темірбетон конструкцияларды жобалау
ҚР НТҚ 02-01-1.1-2011	
ҚР СТ EN 1337 (барлық бөлімдері)	Тіреу бөлімдері(Structural bearings)
ҚР СТ EN 15129:2009	Антисейсмикалық құрылғылар (Anti-seismic devices)
ISO 22762-1:2018	Эластомерлі сейсмикалық оқшаулағыш тіректер-1 бөлім. Сынақ әдістері (Elastomeric seismic-protection isolators Part-1: Test methods).
ISO 22762-3:2018	Эластомерлі сейсмикалық оқшаулағыш тіректер - 3 бөлім. Ғимараттарға арналған нұсқаулық-Техникалық шарттар (Elastomeric seismic-protection isolators Part-3: Applications for buildings – Specifications).
ISO/TS 22762-4-2019	Эластомерлі сейсмикалық оқшаулағыш тіректер. 4 бөлім. ISO 22762-3 қолдану жөніндегі нұсқаулық (Elastomeric seismic-protection isolators - Part 4: Guidance on the application of ISO 22762-3).
ISO 80000-1:2009	СИ бірліктері және еселіктерді және кейбір басқа бірліктерді пайдалану бойынша ұсыныстар (SI units and recommendations for the use of their multiples and of certain other units)

ЕСКЕРТУ 1 – Осы мемлекеттік нормативті пайдаланған кезде «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттар тізбесі», «ҚР Ұлттық стандарттары мен ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша жыл сайын жасалатын анықтамалық құжаттардың қолданылуын ағымдағы жылғы жағдай бойынша және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың журналдары мен ақпараттық көрсеткіштері бойынша тексерген орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алған жөн, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ҚР ҚН 1.02-03-2022 4 ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

ЕСКЕРТУ 2 – ҚР ЕЖ EN әрбір нормативтік құжатының ажырамас бөлігі оған ұлттық Қосымша (ҰҚ) болып табылады. ҚР ЕЖ EN-ге тиісті ұлттық Нормативтік-техникалық Құралдар (ҚР НТҚ) ҚР ЕЖ EN-нің әрбір нормативтік құжатының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Бұл құжаттар ҚР ЕЖ EN нормативтік құжаттарының жалпы жүйесін қалыптастырады және соған сәйкес бірлесіп қолданылуы тиіс.

1.6 Терминдер мен анықтамалар

1.6.1 Осы Құралда қабылданған терминдер мен анықтамалар (жалпы, қосымша

және арнайы) қолданылады:

- ҚР ЕЖ EN 1990:2002+A1:2005/2011, ҚР ЕЖ EN және оларға ҚР НТҚ басқа да нормативтік құжаттарында;

- ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 және ҚР НТҚ оның тиісті бөлімдеріне;

- ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10-бөлімінде.

1.6.2 Осы Құралда ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 10-бөлімінде қабылданған келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Сейсмикалық оқшаулау жүйесі (isolation system): Сейсмикалық оқшаулауды қамтамасыз ету үшін қолданылатын және сейсмикалық оқшаулау қабатында орналасқан элементтердің (құрылғылардың) жиынтығы.

ЕСКЕРТУ 1 – Сейсмикалық оқшаулағыш қабат, әдетте, имараттың негіздік массасынан төмен орналасқан.

ЕСКЕРТУ 2 – Сейсмикалық оқшаулағыш элементтердің (құрылғылардың) жиынтығы деп оларды сейсмикалық оқшауланған құрылыстың жалпы құрылымдық қарсылық жүйесінің негізгі бөліктерінің бірін қалыптастыру үшін сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың (беттің) шегінде тиісті жүйелі түрде орналастыруды түсіну керек.

Сейсмикалық оқшаулау қабаты (isolation interface): Субқұрылым мен Суперқұрылымды бөлетін және оның ішінде сейсмикалық оқшаулау жүйесі орналасқан қабат.

ЕСКЕРТУ 1 – Ғимараттарда, резервуарларда және сүрлемдерде сейсмикалық оқшаулағыш қабат әдетте имараттың негіздігінде орналасады. Көпірлерде сейсмикалық оқшаулау жүйесі әдетте аралық құрылыстардың тірек бөліктерімен біріктіріледі, ал сейсмикалық оқшаулау қабаты көпір төсемі мен көпірдің тіректері немесе тіреулері арасында болады.

ЕСКЕРТУ 2 – Осы Құрал сейсмикалық оқшаулағыш іргетастары бар азаматтық ғимараттарға қолданылады (1.1.2 қараңыз) оның шегінде сейсмикалық оқшаулау жүйесі қалыптасатын сейсмикалық оқшаулау қабаты (немесе басқаша өзара әрекеттесу беті) ғимараттың, оның ішінде құрылыстың жалпы құрылымдық қарсылық жүйесінің сәйкесінше екі негізгі (төменгі және жоғарғы), тиісінше қосымша ретінде жіктелетін "Субқұрылым" және "Суперқұрылым" бөлікке бөлінуін қамтамасыз етеді.

Сейсмикалық оқшаулағыш элементтер (isolator units): Сейсмикалық оқшаулау жүйесін құрайтын элементтер (құрылғылар).

ЕСКЕРТУ – Осы Құралдың ережелеріне сәйкес келетін сейсмикалық оқшаулағыш іргетастары бар ғимараттарда (1.1.2 қараңыз) сейсмикалық оқшаулау жүйесін қалыптастыру үшін сейсмикалық оқшаулағыш элементтерді немесе құрылғыларды (isolator units or devices) пайдалану арқылы қамтамасыз ету ұсынылады, олар серпімді пластикалық құрылғылары бар қабатты эластомерлік тіректер, тұтқыр немесе үйкеліс демпферлері, маятниктер және беталысы 2.2.1 сәйкес келетін басқа құрылғылар.

Субқұрылым (Substructure): Құрылыстың іргетасын қоса алғанда, сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың астында орналасқан бөлігі.

ЕСКЕРТУ – Осы Құрал шеңберінде, сейсмикалық оқшауланған құрылыстың негізгі бөлігінде, сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың астында орналасқан, Субқұрылым (Substructure) ретінде, іргетастар немесе іргетастарды қамтитын төменгі бөлік (жерасты) жүйелерімен қалыптасуы мүмкін қарсылықтың құрылымды жүйесін ажыратып, оған жатқызу керек. Әдетте, Субқұрылымның көлденең икемділігі сейсмикалық оқшаулау жүйесінің икемділігімен салыстырғанда шамалы болуы тиіс және қатты іргетас немесе қатты төменгі бөлік ретінде жобалануы тиіс.

Суперқұрылым (Superstructure): Имараттың сейсмикалық оқшаулағыш қабатының үстінде орналасқан сейсмикалық оқшауланған бөлігі.

ЕСКЕРТУ – Осы Құрал шеңберінде сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың үстінде орналасқан сейсмикалық оқшаулағыш құрылыстың негізгі бөлігінде Суперқұрылым ретінде (Superstructure) ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 5, 6 және 7-бөлімдерінде және осы бөлімдерге ҚР НТҚ көрсетілгендей (сондай-ақ, осы Құралдың 1.1.5 қараңыз) құрылмалы түрі бойынша жіктелетін, сондай-ақ, Суперқұрылымның негізінде құрылма ростверка кеңістіктік жүйелермен қалыптастырылуы мүмкін қарсылықтың құрылмалы жүйесін ажыратып, оған жатқызу керек.

Толық оқшаулау (Full isolation): Егер сейсмикалық есептеу жағдайында ол серпимді деформациялар саласында жұмыс істесе, Суперқұрылым толығымен сейсмикалық оқшауланған болып саналады. Басқа жағдайда Суперқұрылым ішінара сейсмикалық оқшауланған болып саналады.

Тиімді қаттылық орталығы (Effective stiffness centre): Сейсмикалық оқшаулағыш элементтердің және Субқұрылымның икемділігін ескере отырып анықталған сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың жоғарғы бетіндегі қаттылық орталығы.

ЕСКЕРТУ 1 – Ғимараттарда, резервуарларда және соған ұқсас имараттарда тиімді қаттылық орталығын анықтау барысында Субқұрылымның икемділігін елемуге және оны сейсмикалық оқшаулағыш элементтердің қаттылық орталығымен сәйкес келетіндей етіп қабылдауға болады.

ЕСКЕРТУ 2 – Сейсмикалық оқшауланған ғимараттың осы Құралдың ережелеріне сәйкес жобалау барысында құрылыстың жалпы құрылмалық қарсылық жүйесіндегі іргетастар және/немесе қатты төменгі бөлік жүйелері жалпы жағдайларда тұжырымдамалық жобалаудың базалық қағидаттары мен өлшемдерін қанағаттандыратын (сондай-ақ 2.1.10 ҚР НТҚ 08-01.2-2021 қараңыз) және оның барабар беріктігін қамтамасыз ететін Субқұрылым жүйесі қалыптастырылатындай етіп орналастырылады деп болжанады беріктік және кеңістіктік қаттылық.

Есептік орын ауыстыру (басты бағыттағы сейсмикалық оқшаулау жүйелері) (Design displacement (of the isolation system in a principal direction): Есептелген сейсмикалық әсерге сәйкес келетін тиімді қаттылық орталығындағы Суперқұрылымның түбіне қатысты Субқұрылымның жоғарғы бөлігінің максималды көлденең қозғалысы.

Толық есептік орын ауыстыру (сейсмикалық оқшаулағыш элемент негізгі бағытта) (Total design displacement (of an isolator unit in a principal direction): Сейсмикалық оқшаулағыш элементтің орналасқан жеріндегі максималды көлденең орын ауыстыру, оның ішінде тік осьтің айналасындағы Суперқұрылымның бұралуынан туындаған есептелген орын ауыстыру және орын ауыстыру.

Тиімді қаттылық (басты бағыттағы сейсмикалық оқшаулау жүйелері) (Effective stiffness (of the isolation system in a principal direction): сейсмикалық оқшаулағыш қабат арқылы есептелген орын ауыстыру барысында Суперқұрылымға берілетін жалпы көлденең күш мәнінің сол бағыттағы есептелген орын ауыстырудың абсолютті мәніне қатынасы (қималы қаттылық).

ЕСКЕРТУ – Тиімді қаттылық әдетте итеративті динамикалық есептеу арқылы есептеледі.

Тиімді кезең (Effective Period): Массасы Суперқұрылымның берілген массасына сәйкес келетін, ал қаттылығы сейсмикалық оқшаулау жүйесінің тиімді қаттылығына тең болатын бір еркіндік дәрежесі бар жүйенің қарастырылып отырған бағытындағы негізгі рең бойынша тербеліс кезеңі.

Тиімді демпферлеу (басты бағыттағы сейсмикалық оқшаулау жүйелері) (Effective damping (of the isolation system in a principal direction): Есептелген қозғалысқа циклдік реакция кезінде диссипацияланған сейсмикалық оқшаулау жүйесінің энергиясына сәйкес келетін тиімді тұтқыр демпферлік мән.

1.6.3 Осы Құралда ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 және оған ҚР НТҚ нормативтеріне

қатысы бар келесі қосымша терминдер қолданылады:

Акселерограмма (accelerogram): Уақыт өте келе топырақ немесе құрылыс қозғалысының үдеуін сипаттайтын тәуелділік (график немесе цифрландыру түрінде).

Аспаптық акселерограмма (instrumental accelerogram): Нақты жер сілкінісі кезінде аспаптық түрде тіркелген акселерограмма.

Жасанды акселерограмма (Artificial accelerogram): уақыт бойынша қозғалыс үдеулерінің өзгеру процесін сипаттайтын, үдеулердегі реакциялардың берілген спектріне және оның ұзақтығы, иілу формасы және жиілік құрамы қарастырылатын сейсмикалық процестің кейбір басқа сипаттамаларына сәйкес келетін жасанды түрде жасалған тәуелділік.

Ғимараттың басты бағыттары (ғимараттың құрылымдық сұлбасы) – Жоспардағы ғимараттың тербелістерінің негізгі трансляциялық өзіндік формаларының бағыттарымен сәйкес келетін екі көлденең ортогональды бағыт. Негізгі бағыттарды симметриялы конфигурациясы бар және жоспардағы массалар мен қаттылықтардың симметриялы таралуы бар тұрақты ғимараттар үшін ғана анықтауға болады.

Азаматтық ғимараттар – Адамның тұрмыстық және қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған ғимараттар. Азаматтық ғимараттар шартты түрде тұрғын және қоғамдық болып бөлінеді. Тұрғын үйлер-бұл тұрғын үйлер, қонақ үйлер мен жатақханалар. Қоғамдық ғимараттар-әкімшілік ғимараттар, емдеу-алдын алу, білім беру мекемелері, кинотеатрлар, мұражайлар және т.б.

Демпфирлеу – Динамикалық әсерлердің әсерін төмендететін құрылымды жүйеде энергияны таратудың ішкі механизмдерінің әсері.

Деформация – Сыртқы немесе ішкі күштердің әсерінен қатты дененің формасын өзгерту.

Диафрагма – Көлденең немесе дерлік көлденең құрылма (мысалы, сейсмикалық әсерге төзімді тік құрылымдарға көлденең сейсмикалық жүктемелерді беруге арналған аражабын тақтасы).

Ғимараттың қатты төменгі бөлігі – Ғимараттың төменгі бөлігі, оның іргетасы, сондай-ақ жертөле қабаттары және/немесе ірге қабаты кеңістіктік қаттылықтың жоғары деңгейімен сипатталады.

Негізде бекітілген ғимарат (fixed-base building): Есептеулерде негізде бекітілген ретінде қарастырылатын, сейсмикалық оқшаулау жүйесі жоқ ғимарат.

Ғимараттың маңызды бағыттары (ғимараттың құрылымдық сұлбасы) – Ғимарат жоспарындағы екі ортогональды бағыт, олардың бойында ғимараттың құрылымдық сұлба элементтерінде көлденең есептік сейсмикалық әсерлер қолданылған кезде реакциялар пайда болады, олар елеулі қателіктерсіз максималды деп саналуы мүмкін.

Құрылымды жүйе – Бірлескен жұмыс үшін белгілі бір тәсілмен біріктірілген ғимараттың көтеруші құрылымдарының қалыптасқан комбинациясы.

Диссипативті құрылымды жүйе – Пластикалық гистерезистік бағыт арқылы және/немесе басқа механизмдердің көмегімен энергияны таратуға қабілетті құрылымды жүйе.

Диссипативті емес құрылымды жүйе – иілгіш гистерезис беталысы арқылы тербеліс энергиясын мағыналы түрде тарату мүмкіндігі жоқ құрылымды жүйе. Диссипативті емес құрылымды жүйенің есептелген сейсмикалық әсерлерге төзімділігі көтеруші құрылымдардың тек сызықтық серпімді беталысын болжай отырып орындалған

есептеумен қамтамасыз етіледі.

Құрылмалық сұлба – Ғимараттың құрылмалы жүйесінің құрамын және оны қалыптастыратын құрылымдық элементтердің кеңістікте орналасуын сипаттайтын нұсқа.

Құрылмалық-жоспарлау шешімі – Ғимараттың құрылмалы жүйесімен, көтеруші құрылмалардың орналасуымен және көлемдік-кеңістіктік құрылмалық сұлбасымен сәйкес келетін жоспарлау шешімі.

Құрылмалық элемент – Бұл құрылмалы жүйенің физикалық тұрғыдан ерекшеленетін бөлігі (мысалы, баған, арқалық, тақта, байланыс, қабырға және т. б.)

Беталық коэффициенті (behaviour factor): құрылмалық материалдың, құрылмалы жүйенің және қабылданған жобалау әдістемесінің ерекшеліктеріне байланысты, имараттың сызықтық емес реакциясын есепке алу мақсатында, сызықтық есептеу нәтижесінде алынған күштерді азайту үшін жобалау кезінде пайдаланылатын коэффициент.

Жауапкершілік коэффициенті (importance factor): Имараттың істен шығуының салдарын ескеретін коэффициент.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық есептік жағдайды қарау барысында сенімділікті саралау имараттарды жауапкершіліктің әр түрлі кластарына жіктеу арқылы жүзеге асырылады, олардың әрқайсысына жауапкершілік коэффициенті беріледі. Жауапкершілік коэффициенті-ғимаратқа есептелген сейсмикалық жүктемелерді анықтауда қолданылатын коэффициент. Жауапкершілік коэффициентінің мәні ғимараттың функциялық мақсатына және оның қабатына (биіктігіне), ғимараттағы жабдықтың құндылығына, ғимараттың халықты азаматтық қорғау үшін маңыздылығына және сейсмикалық әсерлер кезінде ғимараттың істен шығуының әлеуметтік-экономикалық салдарына байланысты нормаланады.

Айнымалы шекті ахуалдар (ultimate limit states): Құрылманың (имараттың) бұзылуына немесе істен шығуының басқа түрлеріне байланысты ахуалдар.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық есеп айырысу жағдайын қарастырған кезде айнымалы шекті ахуалдар (ULS) - бұл адамдардың қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін бұзылумен немесе құрылмалық істен шығудың басқа түрлерімен байланысты ахуалдар.

Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті ахуалдар (serviceability limit states): Ахуал, одан асып кеткен кезде имараттың немесе оның құрылмалық элементтерінің пайдалану жарамдылығына белгіленген талаптар орындалмайды.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық есептік жағдайды қарастырған кезде зақымдануды шектеу бойынша шекті ахуалдар (DLS) – бұл, пайда болғаннан кейін, белгіленген пайдалану талаптары орындалмайтын зақыммен байланысты ахуалдар.

Құрылмалы емес (көтеруші емес) элемент (non-structural element): Сәулеттік, механикалық немесе электрлік элемент, жүйе немесе құрауыш, ол өзінің беріктігінің жеткіліксіздігіне немесе имаратпен қосылудың қабылданған әдісіне байланысты жобалау барысында құрылмалы жүйеге келетін сейсмикалық жүктемені қабылдайтын элемент ретінде қарастырылмайды.

Серпімді реакциялардың нормаланған спектрі (normalized elastic response spectrum): Амплитудалық құрауыштары берілген акселерограмманың максималды амплитудасына жатқызылған серпімді реакциялар спектрі (максимум бойынша нормаланған).

ЕСКЕРТУ – Басқаша-бұл акселерограмма бойынша құрылған серпімді реакциялар спектрі, оның максимумы 1 (бірлікке) екеледі.

Топырақты негіздік (foundation soil): Ғимараттан түсетін жүктемелер мен әсерлерді қабылдайтын және ғимаратқа табиғи және техногендік процестерден сейсмикалық әсерлерді беретін топырақ массиві.

Қағидаттар (Principles): ҚР ЕЖ EN 1998 және басқа да ҚР ЕЖ-де келтірілген қағидаттар, егер өзгеше арнайы ескертілмесе, олар үшін баламасы жоқ жалпы ережелер мен анықтамаларды, сондай-ақ баламасы жоқ талаптарды немесе талдамалық модельдерді қамтиды.

Ережелер (Rules): Қағидаттарға сәйкес келетін және олардың талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін жалпыға бірдей танылған ережелер.

ЕСКЕРТУ – Баламалы ережелер-ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 Қағидаттарына қайшы келмейтін және бірнеше мүмкін шешімнің бір нұсқасын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін өзара ерекше ережелер (талаптар, талдамалық модельдер, қағидалар және т.б.).

Құрылмалы есептеу (structural analysis): Имараттың кез келген нүктесіндегі әсерлердің (күштердің, моменттердің, кернеулердің, деформациялардың) әсерін анықтау рәсімі немесе алгоритмі.

ЕСКЕРТУ – Есептеуді әр түрлі моделдерді қолдана отырып үш деңгейде жүргізуге болады: жалпы есептеу, жеке құрылмалық элементтерді есептеу, локалды (жергілікті) есептеу. Жалпы есептеу-бұл құрылмалы жүйеде құрылмалы жүйеге әсер етумен теңдікте болатын және геометриялық өлшемдерге, көтеруші құрылмаларының ерекшеліктеріне және құрылмалық материалдардың қасиеттеріне байланысты күштердің, моменттер мен күштердің өзара келісілген шамаларын анықтау.

Сейсмикалық есептік жағдай (seismic design situation): Сейсмикалық әсер ету барысында имараттың ерекше жағдайларын ескеретін есептік жағдай.

Сейсмикалық әсер (A_E) (seismic action (A_E)): Жер сілкінісі кезінде топырақ қозғалысынан туындайтын әсер.

Сейсмикалық жүктемелер – Сейсмикалық әсер ету барысында ғимаратқа әсер ететін инерциялық күштер.

Есептік сейсмикалық жүктеме – Нормалардың ережелеріне сәйкес айқындалатын болжамды сейсмикалық әсерлерге олардың реакцияларына байланысты жобаланатын ғимараттарға жүктеме.

Сейсмикалық оқшауланған ғимарат (seismically isolated building): Сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жабдықталған ғимарат.

Серпімді реакциялар спектрі (elastic response spectrum): Максималды реакциялардың (үдеулерде, жылдамдықтарда немесе ығысуларда) абсолюттік мәндерінің жиынтығы болып табылатын кесте, акселерограмма берген әсердегі сызықтық-серпімді осцилляторлардың тербелмелі жүйесі, меншікті кезеңдердің (жиіліктердің) функциясы және осцилляторлардың демпферлік параметрі ретінде салынған.

Әсер ету әсері (E) (effect of action (E)): құрылмалық элементтерге әсер ету нәтижесі (мысалы, ішкі күштер, моменттер, кернеулер, деформациялар) немесе әсер етуден туындаған бүкіл имараттың реакциясы (мысалы, ауытқулар, бұрылыстар).

Екінші ретті әсерлер – Сейсмикалық жүктемелер барысында құрылмалы жүйенің деформациясы нәтижесінде пайда болатын екінші қайталама ықпалдар. Құрылмалы жүйенің деформациясынан қосымша ықпалдар ("P- Δ " ықпалдары) екінші ретті теория бойынша есептеулер жүргізу барысында анықталады.

1.7 СИ бірліктерінің халықаралық жүйесі

1.7.1 ISO 80000-1:2009 сәйкес СИ бірліктері қолданылуы тиіс.

1.7.2 Есептеу барысында келесі өлшем бірліктерін қолдану ұсынылады:

- күштер мен жүктемелер: кН, кН/м, кН/м²;
Жобалық шешімдер жобаланатын құрылыс алаңдарындағы инженерлік-геологиялық және сейсмологиялық жағдайлар туралы объективті деректер негізінде тағайындалуы тиіс.

ЕСКЕРТУ 2 - ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 және оған тиісті ҚР НТҚ, ҚР ЕЖ EN 1990:2002+A1:2005/2011 және ҚР ЕЖ EN басқа да нормативтік құжаттарының талаптарынан басқа, сейсмикаға төзімді ғимараттарды жобалау барысында сейсмикалық есептік жағдайды қарау кезінде басшылыққа алынуы тиіс қосымша талаптарды регламенттейді және ұсынады.

ЕСКЕРТУ 3 - Сейсмикалық оқшаулау жүйелерін қалыптастыру үшін осы Құралдың ережелеріне сәйкес сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды жобалау барысында 2.2.2 – 2.2.5-те көрсетілген сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің түрлерін қолдану ұсынылады.

Сейсмикалық оқшауланған ғимаратты тұжырымдамалық жобалау шеңберінде бірнеше кезеңдерді қарастыру ұсынылады:

- бастапқы (немесе алдын ала);
- аралық (немесе нақтылау);
- қорытынды.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық қауіп факторын сейсмикалық аймақтарда құрылысқа арналған ғимараттарды тұжырымдамалық жобалаудың алғашқы кезеңдерінде ескеру керек. Бұл қолайлы шығындар кезінде негізгі талаптарға сәйкес келетін құрылмалы жүйелерді әзірлеуге мүмкіндік береді [4.2.1 (1)P].

3.2 Тұжырымдамалық жобалаудың бастапқы кезеңі

3.2.1 Тұжырымдамалық жобалаудың бастапқы кезеңінде сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар ғимаратты бағалау кезінде ҚР НТҚ 08-01.1-2017, ҚР НТҚ 08-01.2-2021 ережелерін және сейсмикалық аймақтарда құрылыс үшін жобалау барысында ортақ болып табылатын талаптар, нұсқаулар мен ұсынымдар беретін осы Құралды басшылыққа алу керек.

ЕСКЕРТУ – Бастапқы кезеңде "топырақ-Субқұрылым-сейсмикалық оқшаулау-Суперқұрылым"глобалды жүйесін жалпы бағалауға ұшырату қажет. Оның негізгі бөліктерін – Субқұрылым мен Суперқұрылымды бағалаудың жалпы құрылымдық қарсылық жүйесінде (сондай-ақ 2.1.3 қараңыз), олардың құрылмалық типі бойынша жіктелуін, оларды тұжырымдамалық жобалаудың базалық қағидаттары мен өлшемдеріне қанағаттандыру факторларын, олардың қарсылық жүйелерінің құрылмалы сұлбаларының барабарлығын және құрылмалы элементтерді жасау үшін қолданылатын құрылмалық материалдардың қасиеттерін, сондай-ақ өзге де, оның ішінде шектеу талаптарын қамтуы тиіс.

Тұжырымдамалық жобалаудың бастапқы кезеңінде жалпы бағалаудан басқа қажет:

– ғимараттың сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жабдықталуына жарамдылығын бағалау;

– көлденең күштерге қарсы тұратын құрылмалы жүйенің сейсмикалық реакциясының төмендеуінің қажетті дәрежесін бағалау;

– сейсмикалық оқшаулау жүйесінің түрін (немесе оны құрамдастыру әдісін) және оның параметрлерін алдын-ала таңдауды жүзеге асыру, олар қолданылатын сейсмикалық оқшаулау құрылғыларының сипаттамалары мен қасиеттеріне байланысты қол жеткізіледі.

Сейсмикалық оқшауланған ғимараттың жобалық шешімдеріне бағалау жүргізу үшін сейсмикалық есептік жағдайды қарау барысында қажет болатын құрылмалық сұлбалардың және ескерілетін жүктемелердің алдын ала есептік моделдерін барабар түрде қалыптастыру керек.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшауланған ғимаратты жобалаудың жалпы жағдайында глобалды "топырақ-Субқұрылым-сейсмикалық оқшаулау-Суперқұрылым" жүйесінің базалық есептік моделін құру ұсынылады, ол қажет болған жағдайда орындалатын бағалау мен тексерулердің мақсаттарына байланысты тиісті түрде түрлендірілуі мүмкін.

3.2.2 Ғимараттың оны сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жабдықтауға жарамдылығын бағалау келесіні қамтуы және ескеруі тиіс:

– жоспардағы және биіктіктегі ғимараттың (немесе бөлімнің) габариттік өлшемдері;

ЕСКЕРТУ 1 – Осы Құралдың ережелеріне сәйкес жобаланатын сейсмикалық оқшауланған ғимарат ҚР НТҚ 08-01.2-2021 нормативінде регламенттелген тиісті нұсқаулар мен шектеу талаптарына сәйкес сипатталуы және бағалануы керек. Сипаттамалар мен бағалаулар сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың астында орналасқан құрылыстың төменгі бөлігіне (Субқұрылымына), сондай-ақ сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың үстінде орналасқан құрылыстың жоғарғы сейсмикалық оқшауланған бөлігіне (Суперқұрылымына) таралуы тиіс.

ЕСКЕРТУ 2 – Сейсмикалық оқшауланған ғимаратты қабат бойынша жіктеу кезінде ҚР НТҚ 08-01.2-2021 нұсқауларын және құрылыстың жоғарғы сейсмикалық оқшауланған бөлігінің көлемдік-жоспарлау шешімінің сипаттамаларын ескеру керек, олар сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың үстінде орналасқан Суперқұрылымның құрылмалық сұлбасына байланысты болады (сонымен қатар 1.4.3 – 1.4.5 қараңыз).

ЕСКЕРТУ 3 – Сейсмикалық оқшауланған ғимаратты құрылмалық түрі бойынша жіктеу барысында сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымның құрылмалық сұлбасына негізделген құрылмалық шешімнің ерекшеліктерін ескере отырып, ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 және ҚР НТҚ-ның тиісті бөлімдерінің ережелерін басшылыққа алу керек.

– негізгі тондар бойынша сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жарактандырылмаған ғимараттың тербеліс кезеңдері;

ЕСКЕРТУ 4 – Осы Құралда "сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жарактандырылмаған ғимарат" терминімен әрі қарай зерттелетін сейсмикалық оқшауланған құрылыстың қағидатты жобалық шешімдерін тиісті түрде көрсетуге тиіс "прототиптік ғимарат" деп аталатын ғимаратты түсіну керек. Сейсмикалық оқшауланған құрылыстың іргетасы және/немесе жер асты бөлігі тек қатты деп жобалануы және жіктелуі керек екенін ескере отырып (сонымен қатар 2.1.3 қараңыз), осы мақсаттар үшін құрылыстың жоғарғы сейсмикалық оқшауланған бөлігін және Суперқұрылым жүйесін ғана қамтитын "прототиптік ғимараттың" жеңілдетілген есептік моделін пайдалануға рұқсат етіледі. Мұндай "прототиптік ғимарат" моделін қолдана отырып, модальды талдау сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың абсолютті қатты денелер (немесе кем дегенде орын ауыстырылмайтын деформацияланбайтын тіректер) ретінде жұмыс істеуін болжауда жүзеге асырылуы мүмкін, олардың локациясы (орналасуы) сұлбасы жобалық шешімге сәйкес дұрыс ескерілуі тиіс.

– ғимаратқа есептелген жел жүктемелерінің деңгейі;

ЕСКЕРТУ 5 – Осы мақсаттар үшін жоғарыдағы 4-ескертпеде көрсетілгендей ғимараттың Суперқұрылымының құрылмалы жүйесінің есептік моделін пайдалануға рұқсат етіледі. Желдің әсерін ҚР ЕЖ EN 1991-1-4:2003/2011 және ҚР НТҚ талаптарына сәйкес бағалау керек.

– сейсмикалық оқшауланған ғимараттан шектес құрылыстарға дейінгі қашықтық.

ЕСКЕРТУ 6 – Сондай-ақ осы Құралдың 4.2.11 қараңыз.

3.2.3 Жалпы жағдайларда, жаңа құрылыс үшін сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар ғимараттарды жобалаған қолайлы:

(а) – ғимараттың сейсмикалық оқшауланған бөлігін және сәйкесінше Суперқұрылымды құруды көздейтін төселмелі кеңістіктік конфигурациясы бар, оның биіктігі оның көлденең проекциясының ең кіші габариттік өлшеміне қатынасы жоспарда 2 (екі)кем;

ЕСКЕРТУ 1 – Төселмелі кеңістіктік конфигурациялары бар ғимараттарға сәйкесінше аз қабатты, орташа қабатты және көп қабатты деп анықталатын қабаттылық жауапкершілігі I, II немесе III класымен сипатталатын құрылыстар кіруі мүмкін (5.2 кестені ҚР НТҚ 08-01-2-2021 қараңыз).

ЕСКЕРТУ 2 – Кейбір негізделген жағдайларда осы типтік Құралдарда қарастырылған сейсмикалық оқшаулау жүйелерін қолдану жоғарыдағы шарттарға сәйкес келетін Суперқұрылымдары бар ғимараттар үшін ғана емес, сонымен қатар қабаттылық бойынша жауапкершіліктің IV класына жататын жоғары қабатты ғимараттар үшін де орынды болуы мүмкін (кестені қараңыз. 5.2 ҚР НТҚ 08-01.2-2021), олардың Суперқұрылымдары мен құрылмалық типтері төмен диссипативті қасиеттерімен сипатталады.

(б) - Суперқұрылымның негізінде бекітілген негізгі тон бойынша тербеліс кезеңдері 1,0 секундтан аз сипатталады (сонымен қатар 3.2.2 ескерту 4 қараңыз);

(в) – онда Суперқұрылымға есептелген жел әсеріне сәйкес келетін ең үлкен жиынтық көлденең күш ғимараттың сейсмикалық оқшауланған бөлігінің салмағының 10% - нан аспайды (ростверк жүйесін қоса алғанда), олардың шамаларының сипаттамалық мәндері бар тұрақты әсерлер мен жүктемелерге байланысты (сонымен қатар 3.2.2 ескерту 5 қараңыз).

ЕСКЕРТУ 3 – Осы Құралмен биіктігі бойынша 5 (бестен) астам қабаттар саны көзделетін Суперқұрылымдарда сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар ғимараттарды жобалауға қатысты қосымша арнайы есептік-құрылмалық талаптар регламенттеледі.

3.2.4 Сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар жаңа ғимараттарды жобалаудың жалпы жағдайларында сейсмикалық оқшаулау жүйесін қолдану есебінен Суперқұрылымның есептік сейсмикалық реакциясын азайтудың нысаналы (болжамды, талап етілетін) дәрежесі ғимараттың мақсатына және оның экономикалық және/немесе әлеуметтік маңыздылығына (немесе оның мазмұнының маңыздылығына) байланысты әрбір нақты жағдайда жеке бағалануы тиіс.

Сейсмикалық оқшаулау жүйесін қолдану есебінен Суперқұрылымның есептік сейсмикалық реакциясын азайтудың талап етілетін дәрежесін бағалау кезінде осы Құралдың 4.2.9-ережесін назарға алу қажет.

Сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар жаңа ғимараттарды жобалау, егер Суперқұрылымның сейсмикалық оқшауланған құрылмалы жүйесінің есептік сейсмикалық реакциясының кем дегенде 2,0 есе азаюына сенімді түрде қол жеткізілсе, орынды болуы мүмкін.

Қолданыстағы құрылыстың ғимараттары үшін сейсмикалық реакцияның минималды қажетті төмендеуі олардың жер сілкінісіне төзімділік тапшылығын бағалауға байланысты болады.

ЕСКЕРТУ 1 – Сейсмикалық оқшауланған құрылымалы жүйенің есептік сейсмикалық реакциясының төмендеуінің талап етілетін дәрежесін салыстыру арқылы тиісті талдаулардан алынған нәтижелер бойынша бағалау керек:

– сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымға және сейсмикалық оқшаулау жүйесі жоқ прототиптік ғимараттың құрылымына әсер ететін есептелген көлденең сейсмикалық жүктемелердің шамалары, есептеулерде негізде бекітілген ретінде қарастырылады (сонымен қатар 3.2.2 екінші тармақшасын және ескерту 4, сондай-ақ 3.2.3 екінші тармақшасын қараңыз);

– сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылым мен прототиптік ғимарат құрылымының көтеруші құрылымдарындағы статикалық және сейсмикалық әсерлердің есептік әсерлері.

Сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымға және прототиптік ғимарат құрылымына салыстырылатын көлденең жүктемелер q беталыс коэффициенттерінің тиісті мәндерін ескере отырып анықталуы керек.

ЕСКЕРТУ 2 – Жаңа ғимараттар үшін ұсынылған есептік жүктемелерді минималды төмендету мәні 50% - дан астам сейсмикалық төзімділік тапшылығы бар қолданыстағы ғимараттар үшін сейсмикалық оқшаулау жүйелерін қолдану кезінде жеткіліксіз болуы мүмкін.

3.2.5 Ғимаратты жарақтандыру үшін сейсмикалық оқшаулау жүйесін алдын ала таңдағанда келесілерді ескеру қажет:

– жобаланатын құрылыс алаңындағы болжамды сейсмикалық әсерлердің қарқындылығы мен спектрлік құрамы;

ЕСКЕРТУ 1 – Сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды қатты топырақтары бар алаңдарда орналастырған қолайлы (мысалы, IA, IB, II типті; ҚР НТҚ 08-01.1-2017 қараңыз), олардың сейсмикалық тербелістерінде ұзақ мерзімді құрауыштар болмайды.

– Суперқұрылымның салмағы;

ЕСКЕРТУ 2 – Эластомерлік тіректер әдетте ауыр Суперқұрылымдарға сейсмикалық жүктемелерді азайту үшін қолданылады, ал үйкеліс-қозғалмалы тіректер ауырға да, жеңілге де қолданылады.

– сейсмикалық оқшаулау жүйесінің ғимараттың сейсмикалық оқшауланған бөлігіндегі қарастырылып отырған Суперқұрылымның және/немесе мазмұнның сейсмикалық реакциясын қажетті деңгейге дейін төмендету қабілеті;

– таңдалған сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің сығылатын тік пайдалану және сейсмикалық жүктемелерді, оның ішінде Субқұрылымдарға қатысты Суперқұрылымдардың шекті көлденең орын ауыстырулары кезінде қабылдау қабілеті;

– сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің тік созылу күштерін қабылдау қабілеті;

ЕСКЕРТУ 3 – Қарқынды сейсмикалық әсерлерде Суперқұрылымға әсер ететін көлденең және тік сейсмикалық күштер сейсмикалық оқшаулағыш тіректерде тік гравитациялық күштерден асатын тік созылу күштерін тудыруы мүмкін. Егер сейсмикалық оқшаулағыш тіректер бұл созылу күштерін қабылдай алмаса, онда олар көтеріледі немесе құлайды.

Жекелеген сейсмикалық оқшаулағыш тіректерге қатысты Суперқұрылымның жергілікті шамалы көтерілуі, егер олар сейсмикалық оқшаулау жүйесінің деградациясын тудырмаса, кейбір шетелдік нормаларда рұқсат етілген болып саналады, бірақ тұтастай алғанда оларды қажетсіз деп санау керек. Осы себепті, 2-бөлімде сипатталған үйкеліс-жылжымалы тіректерден пайда болған сейсмикалық оқшаулау жүйелерін кез-келген сейсмикалық оқшаулау тіректерінде алынған тік созылу күштері болмаған жағдайда ғана қолдану ұсынылады (сонымен қатар 3.3.1 б қараңыз).

– жоспардағы және биіктіктегі ғимараттардың асимметриялық дәрежесі;

ЕСКЕРТУ 4 – Сейсмикалық оқшаулағыш үйкеліс-қозғалмалы тіректерде пайда болатын үйкеліс күші оларға түсетін тік гравитациялық күштердің мәндеріне пропорционалды болғандықтан, сейсмикалық оқшаулау жүйесінің масса орталығы мен қаттылығының позициялары әрқашан сәйкес келеді. Нәтижесінде ғимараттың асимметриясынан туындаған бұралу әсерлері үйкеліс-жылжымалы тіректері бар сейсмикалық оқшаулау жүйелерін қолдану кезінде азаяды.

– сейсмикалық оқшаулағыш қабатты жертөле деңгейінде немесе құрылыстың қатты төменгі бөлігінің үстінде орналастыру мүмкіндігі.

ЕСКЕРТУ 5 – Сейсмикалық оқшаулау жүйелерінің орналасуын таңдағанда, эластомерлік тіректерді жылытылатын бөлмелерде орналастыру керек, өйткені теріс температурада олардың қаттылығы артады, ал диссипативті қасиеттері төмендейді. Өте төмен температурада эластомерлік тіректер морт сынуы мүмкін.

3.2.6 Сейсмикалық оқшаулау жүйелерін алдын-ала таңдағанда, үлкен демпферлеу ($\xi \geq 20\%$) Суперқұрылымға сейсмикалық жүктемені тиімді төмендетіп, оның Субқұрылымға қатысты қозғалысын шектесе де, бұл тербелістің жоғары формаларының, оның кейбір қабаттарының деңгейлеріндегі үдеулерді жергілікті түрде арттыратын, Суперқұрылымында қозудың себебі болуы мүмкін екенін ескеру керек.

Бұл факт, әсіресе, элементтері сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымдардың тербелістерінің жоғары формаларының кезеңдеріне жақын өзіндік тербеліс кезеңдеріне ие болуы мүмкін құнды мүліктері немесе жабдықтары бар ғимараттардың Суперқұрылымдары үшін өте маңызды.

3.3 Шешім қабылдау кезеңі (аралық немесе нақтылау)

3.3.1 Жобалау шешімдерін қабылдаудың аралық (немесе нақтылау) кезеңінде сейсмикалық оқшаулау жүйесінің типі және сейсмикалық оқшаулау қабатын қалыптастыру үшін пайдаланылатын сейсмикалық оқшаулау құрылғыларының номенклатурасы айқындалады және нақтыланады, сондай-ақ жобаланатын ғимараттың (тиісті Субқұрылым мен Суперқұрылымның) төменгі және жоғарғы бөлігі құрылысының нақты алаңының жағдайлары мен құрылымдық-жоспарлау шешімінің өзіндік ерекшеліктері үшін неғұрлым қолайлы болып табылатын құрылыс жоспарының көлденең проекциясы шегінде олардың локациясының (орналасуының) қағидаттық сұлбасы тағайындалады.

Сейсмикалық оқшауланған ғимаратты жобалау қажетті шарт болып табылатын ерекше жағдайларды қоспағанда, жобаланған ғимаратты сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жабдықтаудың экономикалық орындылығын бағалау керек, бұл сейсмикалық оқшаулау құрылғыларының құнына да, оларды жинақтауға, пайдалану жағдайларына, қызмет көрсетуге және т. б. байланысты бірқатар қосымша техникалық шараларды жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты.

3.3.2 Ғимаратты жарақтандыру үшін сейсмикалық оқшаулау жүйесіне қатысты жобалық шешімнің қолайлы нұсқасын таңдаудан бұрын болуы тиіс:

– таңдалған сейсмикалық оқшаулағыш элементтердің (құрылғылардың) қасиеттері туралы паспорттық деректерге негізделген сейсмикалық оқшаулау жүйесінің қажетті параметрлерін нақтылайтын есептік бағалау;

ЕСКЕРТУ – Паспорттық деректер таңдалған сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың (тіректер, демпферлер, амортизаторлар) өндіруші ұйымынан алынуы тиіс.

– сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың жарамды (нақты) параметрлерінің паспорттық деректерге және талап етілетін есептік параметрлерге сәйкестігін эксперименттік тексеру.

ЕСКЕРТУ – Сандық үлгіні ескере отырып, сейсмикалық оқшаулағыш элементтерді–өкілдерді тексеру оларды пайдаланудың міндетті шарты болып табылады.

3.3.3 Жобалау мақсаттарына қол жеткізу үшін, сейсмикалық оқшаулау жүйесінің

қажетті параметрлеріне қанағаттануды нақтылайтын есептік тексерулер мен бағалауды жүзеге асыру барысында:

а) таңдалған параметрлері бар сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің реакцияларын және пайдалану және сейсмикалық әсерлерге таңдалған құрылымдық сұлбасы бар сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымды болжауға және бағалауға мүмкіндік беретін есептеулер кешені орындалады (сонымен қатар 3.1.2 қараңыз).

ЕСКЕРТУ 1 – Сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымның сейсмикалық тербелістері, дұрыс таңдалған сейсмикалық оқшаулау жүйесімен, әдетте, табиғаты бойынша қатты дененің тербелістеріне жақын болуы тиіс, оның өзіндік деформациясы сейсмикалық оқшаулау қабаты деңгейіндегі көлденең қозғалыстармен салыстырғанда шамалы.

ЕСКЕРТУ 2 – Есептеу нәтижелерін талдау кезінде сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың жер сілкінісіне төзімділігі Суперқұрылымға сейсмикалық жүктемелердің мөлшеріне ғана байланысты емес екенін ескеру керек. Сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің беріктігі (көтергіш қабілеті) және Суперқұрылым мен Субқұрылымның өзара орын ауыстырулары шамасының рұқсат етілген шектері де анықтаушы факторлар болып табылады.

б) таңдалған сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің қасиеттері мен орындалған есептеулердің нәтижелері туралы паспорттық деректер салыстырылады, ал салыстыру нәтижелері бойынша сейсмикалық оқшаулау жүйесінің қабілеті бағаланады:

- оған түсетін тік және көлденең есептік жүктемелерді қабылдау;
- орындалған есептеулердің нәтижелеріне сәйкес, сондай-ақ осы Құралдардың нұсқауларына сәйкес деформациялану (4-бөлімді қараңыз);
- сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымның реакциясын қажетті деңгейге дейін төмендету.

3.3.4 Егер сейсмикалық әсерлердің есептік әсерлері сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың шекті рұқсат етілген параметрлерінен асып кетсе немесе Суперқұрылымға сейсмикалық жүктемелердің азаю дәрежесі қажеттіліктен аз болса, онда сейсмикалық оқшаулау жүйесіне өзгерістер енгізіледі, содан кейін есептеулер қайталап орындалады.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды таңдауды нақтылау және оларды қолдана отырып сейсмикалық оқшаулау жүйесін қалыптастыру өзара әрекеттесуі сейсмикалық оқшаулағыш қабат арқылы қамтамасыз етілетін Субқұрылым және Суперқұрылым жүйелерінің құрылымды шешімдерінің ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылуы керек.

3.3.5 Сейсмикалық оқшаулағыш элементтердің–өкілдердің нақты параметрлерінің паспорттық мәліметтерге және қажетті параметрлерге сәйкестігін эксперименттік тексеру оларды жобада және құрылыста қолданғанға дейін жүргізілуі тиіс.

3.3.6 Сейсмикалық оқшаулау жүйесінің типі мен сұлбасының түпкілікті нұсқасының мақсаты алдында сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың қолданылатын жарамды (нақты) параметрлерінің мәлімделген паспорт деректеріне сәйкестігін және қажетті параметрлерге қанағаттануын эксперименттік тексеру жүргізілуі тиіс (3.3.2 қараңыз).

Сейсмикалық оқшаулағыш элементтерді–өкілдерді эксперименттік тексеру оларды растауға жататын параметрлер тізбесін регламенттейтін тестілеу бағдарламасына сәйкес орындалуы тиіс.

ЕСКЕРТУ 1 – Эксперименттік зерттеулерді осы салада мамандандырылған және қажетті жабдықтары мен ғылыми кадрлары бар мамандандырылған ғылыми ұйымдарды тарта отырып орындау қажет.

ЕСКЕРТУ 2 – Жалпы жағдайда тестілеу бағдарламасы тиісті стандарттардың техникалық талаптарына сәйкес келуі және тексеруді көздеуі тиіс:

- сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың қасиеттеріне температуралық әсердің әсерін;
- сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың жел және әлсіз сейсмикалық әсерлерге, сондай-ақ қатты жер сілкінісінен кейін төзімділігін;
- көлденең циклдік орын ауыстырулардың әртүрлі шамаларында сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың реакцияларын;
- қатты жер сілкінісінен кейінгі сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың өміршеңдігі (бастапқы сейсмикалық әсерді бастапқы жағдайға қатысты ығысқан күйде қабылдау қабілеті).

Қажет болған жағдайда негізделген жағдайларда, жалпы сейсмикалық оқшаулау жүйесі эксперименттік тексеруге жатады.

ЕСКЕРТУ 3 – Сейсмикалық оқшаулау жүйесін міндетті шарт ретінде эксперименттік тексеруді жүзеге асыру қажеттілігі нақты сейсмикалық оқшауланған ғимаратты жобалау жөніндегі АТШ құжатында негізделуі мүмкін. Сейсмикалық оқшаулау жүйесін эксперименттік тексеру, егер ол жаңа (бұрын зерттелмеген) болса немесе жүйені қалыптастыру үшін еуропалық стандарттардың техникалық талаптары қолданылмайтын сейсмикаға қарсы құрылғылар пайдаланылса (Д қосымшасын қараңыз), сондай-ақ осы Құралдың нұсқаулары міндетті болып табылады.

3.3.7 Сейсмикалық оқшаулағыш элементтердің- өкілдердің паспорттық деректеріне сәйкестігін тестілеу нәтижелері олардың көмегімен қалыптасатын жеткілікті сенімділік дәрежесі бар сейсмикалық оқшаулау жүйесі нысаналы параметрлердің көрінісін қамтамасыз етуге қабілетті болатынын растауға тиіс.

ЕСКЕРТУ – Егер сейсмикалық оқшаулағыш элементтерді-өкілдерді тестілеу нәтижелері айтарлықтай паспорттық деректерге сәйкес келмесе және сейсмикалық оқшаулау жүйесіне жобалаудың алдыңғы кезеңдеріндегі есептік тексерулер мен бағалаулардың нәтижелері бойынша анықталған нысаналы параметрлердің көрінісін қамтамасыз ете алмаса, онда шешімдер қайта қаралып, барлық талдамалық бағалаулар қайтадан орындалуы тиіс. Шешімдерді қайта қарау сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің локация (орналасу) сұлбасының өзгеруімен және олардың санының өзгеруімен немесе мұндай құрылғыларды қолданудан бас тартумен және оларды басқаларына ауыстырумен қатар жүруі мүмкін.

3.3.8 Жобаланған ғимаратты сейсмикалық оқшаулау жүйесінің таңдалған түрімен жарактандырудың және оны сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың түрлерін қалыптастыру үшін пайдаланудың экономикалық орындылығын бағалау кезінде осы іс-шараларға байланысты шығындар келесілерге байланысты болатындығын ескеру керек:

- сейсмикалық оқшаулау жүйесінің түрін таңдау;
- нысаналы параметрлерге қол жеткізуге ықпал ететін және конфигурацияға, жоспардағы және биіктіктегі ғимараттың жалпы өлшемдеріне, сондай-ақ құрылыстың сейсмикалық оқшауланған бөлігінің салмағына байланысты сейсмикалық оқшаулау жүйесін қалыптастыру үшін сейсмикалық оқшаулау құрылғыларының түрлері мен санын таңдаудан;
- нақты ғимараттың құрылмалық-жоспарлау шешімдерінің өзіндік ерекшеліктері, оның ішінде сейсмикалық оқшаулау жүйесін орналастырудың ыңғайлылығына және оған кейіннен қызмет көрсетуге қатысты;
- сейсмикалық оқшаулау жүйесінің және сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасау қажеттілігіне, оның ішінде оларды ықтимал қауіпті әсерлерден (өрт, агрессивті орта және шамадан тыс ылғалдылық, температураның күрт өзгеруі және/немесе төмен температура және т. б.) қорғауға байланысты қосымша шығындар;

– тікелей сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың астында және одан жоғары орналасқан учаскелерде Субқұрылым мен Суперқұрылымның көтеруші құрылмаларына қатысты тікелей сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың астында және одан жоғары шектес орналасқан учаскелерде тиісті техникалық шешімдер қабылдау қажеттілігіне байланысты қосымша шығындар;

– Суперқұрылымның қоршаған топырақпен немесе шектес құрылыстармен өзара әрекеттесуін болдырмайтын арнайы деформациялық жіктерді орнату қажеттілігіне байланысты қосымша шығындар;

– ғимаратта онымен қиылысатын баспалдақ-лифт тораптарын орнату орны бойынша сейсмикалық оқшаулағыш қабат шегінде Субқұрылым мен Суперқұрылымның барабар өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін тиісті техникалық шешімдер қабылдау қажеттілігіне байланысты қосымша шығындар;

– инженерлік коммуникациялардың (су құбыры, канализациялық, газ құбыры, электр, желдету және т. б. желілері) қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған қосымша шығындар, олар үздіксіз жұмыс істеу қабілетін сақтай отырып, сейсмикалық оқшаулау жүйесінің беталысына әсер етпейтіндей және сейсмикалық оқиға кезінде Субқұрылым мен Суперқұрылымның өзара қозғалысына кедергі келтірмейтіндей етіп жобалануы тиіс.

3.4 Тұжырымдамалық жобалаудың соңғы кезеңі

3.4.1 Тұжырымдамалық жобалаудың алдыңғы кезеңдерінің нәтижесіне және орындалған есептік тексерулер мен бағалауларға назар аудара отырып (3.2 және 3.3 қараңыз), қорытынды кезеңде сейсмикалық оқшауланған ғимараттың түпкілікті жалпы көлемдік-жоспарлау және құрылмалық жобалау шешімі қабылданады.

3.4.2 Сейсмикалық оқшаулау жүйесін орналастыру және пайдалану бойынша қажетті шарттарды қанағаттандырудан басқа, сейсмикалық оқшауланған құрылыстың төменгі бөлігінің жобалық шешімінің соңғы нұсқасын тағайындау кезінде, қажет:

– "топырақ-Субқұрылым-сейсмикалық оқшаулау-Суперқұрылым" глобалдық жүйесіндегі өзара іс-қимылын ескере отырып, Субқұрылым жүйесінің және оның құрылмалық сұлбасының барабарлығын тексеру;

– сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды орнатудың тағайындалған сұлбасын ескере отырып, құрылмалық элементтердің (көтеруші құрылмалардың) Субқұрылымын қалыптастыратын жалпы габариттік өлшемдер мен геометриялық параметрлердің жеткіліктілігін тексеру;

– статикалық және сейсмикалық әсерлердің әрекеттеріне қарсы тұру кезінде, оның ішінде геотехникалық аспектілерді ескере отырып, Субқұрылым жүйесінің және оны қалыптастыратын құрылмалық элементтердің тиісті есептік тексерулерін жүргізу;

– есептік тексерулердің нәтижелері бойынша көтеруші құрылмаларды, оның ішінде сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды Субқұрылымға орнатуға және бекітуге байланысты техникалық шешімдерді ескере отырып, нақтылауды орындау және жобалық құжаттаманың жұмыс сызбаларын белгіленген тәртіппен ресімдеу.

3.4.3 Сейсмикалық оқшауланған құрылыстың жоғарғы бөлігінің жобалық шешімінің түпкілікті нұсқасын тағайындау барысында, оны жалпы іргелі талаптарға қанағаттандырумен қатар, келесілер қажет:

– тікелей сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың үстінде орналасқан және Суперқұрылым жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын ростверктердің көтеруші құрылмасының барабарлығын тексеру;

– Суперқұрылым жүйесінің құрылмалық сұлбасының ерекшеліктеріне сәйкес келетін ростверк құрылмасының жалпы габариттік өлшемдері мен геометриялық параметрлерінің жеткіліктілігін тексеру;

– статикалық және сейсмикалық әсерлердің әрекеттеріне қарсы тұру кезінде Суперқұрылым жүйесінің және оны қалыптастыратын құрылмалық элементтердің тиісті есептік тексерулерін жүргізу;

– есептік тексерулердің нәтижелері бойынша Суперқұрылым жүйесінің көтеруші құрылмаларын, оның ішінде сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды ростверктердің көтеруші құрылмасына орнатуға және бекітуге байланысты техникалық шешімдерді ескере отырып, егжей-тегжейлі орындауды және жобалық құжаттаманың жұмыс сызбаларын белгіленген тәртіппен ресімдеу.

3.4.4 Сейсмикалық оқшаулау жүйесін қалыптастыру жөніндегі жобалық шешім тиісті түрде жұмыс сызбаларында көрсетілуі тиіс, онда:

– сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды орналастыру сұлбаларын және оларды жобалық таңбалауды әзірлеу және келтіру керек;

– сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды спецификациялау және олардың сипаттамаларына, қасиеттеріне, параметрлеріне қойылатын талаптарды көрсету керек;

– сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың Субқұрылым мен Суперқұрылымның көтеруші құрылмаларымен түйісетін монтаждық тораптарын әзірлеу және жүргізу;

– монтаждау жұмыстарын жүргізу және тиісті деңгейдегі бақылауды қамтамасыз ету үшін қажетті ілеспе талаптарды, нұсқаулар мен ұсынымдарды ұсыну.

4 СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚШАУЛАҒЫШ ІРГЕТАСЫ БАР ҒИМАРАТТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 Негізгі талаптар

4.1.1 Осы Құралдың ережелеріне сәйкес сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар азаматтық ғимараттарды жобалау барысында ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 2.1-де, сондай-ақ ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативіне ҚР НТҚ басқа да ережелерімен және ҚР ЕЖ EN 1998 басқа Бөлімдерімен регламенттелген талаптар қанағаттандырылуы тиіс.

ЕСКЕРТУ – Сондай-ақ 1-ескертудің 3.1.2 қараңыз.

Іргелі талаптарды сақтау үшін (ҚР НТҚ 2.1.1 08-01.1 қараңыз) жобалау барысында ғимараттың сейсмикалық оқшаулағыш қабатымен бөлінген төменгі және жоғарғы бөліктерінде (тиісінше Субқұрылым мен Суперқұрылымда) барабар көлемдік-жоспарлау және құрылмалық шешімдерді тағайындау керек, олар мүмкіндігінше, ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 2 және 3 бөлімдерінде, сондай-ақ осы Құралдың қосымша талаптарымен регламенттелген, тұжырымдамалық жобалаудың базалық қағидаттары мен өлшемдерін барынша қанағаттандыруы тиіс.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшаулағыш қабат шегінде сейсмикалық оқшаулау жүйесі құрылғыларының локацияларын (орналасқан жерлерін) анықтайтын құрылмалық сұлбалар (сондай-ақ 3.3.1 қараңыз) Субқұрылым мен Суперқұрылым арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету барысында

ҚР НТҚ 08-01.6-2022

тұжырымдамалық жобалаудың базалық қағидаттары да барынша қанағаттандырылатындай етіп тағайындалуы тиіс (мысалы, тік құрылмалық элементтер ғимаратының биіктігі бойынша үздіксіздік, сондай-ақ ҚР НТҚ-ның 08-01 3.3.1.1 қараңыз).

4.1.2 Жалпы жағдайда сейсмикалық оқшаулау жүйесінің типін және сейсмикалық оқшаулау құрылғыларының түрлерін, сондай-ақ сейсмикалық оқшаулау қабатын қалыптастыру бойынша іс-шараларды таңдау келесілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- көлденең икемділіктің жоғарылауымен және жоғары тік қаттылықпен тік жүктемелерді қабылдау;
- биіктігі бойынша құрылмалы жүйенің үздіксіздігі қағидаты;
- тұтқыр немесе гистерезис энергиясының диссипациясы;
- ығысулардың өсуімен қарсылық күштерінің артуы;
- қайталанатын циклдік жүктемелердегі қасиеттердің тұрақтылығы;

ЕСКЕРТУ – Пайдалану және қайталанатын циклдік жүктемелер кезінде сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың қасиеттері шектеулі түрде өзгеруі мүмкін (немесе мәндер ауқымымен сипатталады). Егер сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды есептеу сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың есептік параметрлерінің консервативті мәндеріне негізделсе, мұндай өзгерістер рұқсат етілген болып саналады.

– сейсмикалық емес көлденең жүктемелер кезінде (мысалы, жел) жұмыс процесінде пайда болатын көлденең қозғалыстарды шектеу;

– сейсмикалық көлденең әсерлер кезінде Суперқұрылымдар мен Субқұрылымдардың өзара көлденең ығысуларын шектеу;

– сейсмикалық күштер тоқтатылғаннан кейін Суперқұрылымды тұрақты тепе-теңдіктің бастапқы орнына қайтару;

– монтаждау ыңғайлылығы және орталықтандыру мүмкіндігі.

4.1.3 Сейсмикалық оқшаулау жүйесін қалыптастыру үшін таңдалған сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың сенімділігі жоғары болуы тиіс [10.3(2)P].

Осы мақсатта әрбір сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыны таңдау кезінде оның параметрлерін бағалау және тексеру кезінде талдаудан алынған әсерлерді ұлғайту коэффициенттерін ескере отырып қабылдау керек:

а) γ_x – сейсмикалық орын ауыстыруларға қатысты (сондай-ақ 4.2.2 қараңыз);

б) γ_z - қорытынды тік күштерге қатысты (4.2.3 қараңыз).

4.2 Сәйкестік критерийлері

4.2.1 ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 2.1-де іргелі талаптарды сақтау үшін сейсмикалық есептік жағдайды қарау кезінде асырмағандығына келесілерді тексеру керек:

- айнымалы шекті ахуалі (ULS);
- зақымдануды шектеудің шекті жағдайы (DLS).

ЕСКЕРТУ – Сондай-ақ 2, 3 ҚР ЕЖ EN 1990:2002+A1:2005/2011 және 2.2.1 ҚР НТҚ 08-01.1 қараңыз.

4.2.2 Әрбір сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыны таңдағанда, есептелген сейсмикалық орын ауыстыруды талдаудан алынған, үлкейту коэффициентін ескере отырып ескеру керек – $\gamma_x = 1,2$ (4.1.3 а қараңыз) және НҚ.2.52 ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативіне Ұлттық қосымшасында).

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшаулағыш құрылғының параметрлерін өнімді өндіруші компания ұсынуы тиіс. Осы Құралдың Д қосымшасын қараңыз.

4.2.3 Әрбір сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыны таңдағанда, есептелген тік сейсмикалық күштердің (созушы және сығымдаушы) мәндерін талдаудан алынған – $\gamma_z = 1,3$ ұлғаю коэффициентін ескере отырып ескеру қажет (4.1.3 б. қараңыз)).

4.2.4 Сейсмикалық есептік жағдайды қарау кезінде зақымдануды шектеу жөніндегі шекті ахуалдарды тексеру нәтижелері сейсмикалық оқиғалар кезінде серпімді жұмыс шегінде қалуға тиіс сейсмикалық оқшауланған ғимараттың айналасындағы жіктерді кесіп өтетін тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялар желілерін жобалау кезінде ескерілуге тиіс [10.4(2)P].

ЕСКЕРТУ – Барлық тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникация желілерін жобалау барысында (сонымен қатар 4.2.10 қараңыз) арнайы іс-шаралар мен тиісті инженерлік-техникалық шешімдер "топырақ-Субқұрылым-сейсмикалық оқшаулау-Суперқұрылым" глобалдық жүйесіндегі өзара іс-қимылдың нақты қырларын ескере отырып тағайындалуы тиіс, мысалы, сейсмикалық оқшаулағыш қабат шегінде Субқұрылым мен Суперқұрылым арасындағы өзара ығысулардың үлкен шамаларына қол жеткізу мүмкіндігі.

4.2.5 [10.4(3)] Бүлінуді шектеу бойынша шекті жағдайда Субқұрылымдар мен Суперқұрылымдардың қабаттарының қиғаштықтары шектелуі тиіс.

ЕСКЕРТУ – Қабаттардың қиғаштықтарына қойылатын шектеу талаптарына байланысты бүлінулерді шектеу бойынша шекті жағдайлардың туындауы мақсатында қауіпсіздікті тексеруге қатысы бар қосымша нұсқаулар ҚР НТҚ 08-01.2 7.3.2-де келтірілген.

4.2.6 [10.4(4)P] Айнымалы шекті жағдайда сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың беріктігі мен деформациясы тұрғысынан айнымалы көтергіштік қабілеті тиісті қауіпсіздік коэффициенттері кезінде аспауы тиіс.

ЕСКЕРТУ – 6.8.6, сондай-ақ 4.2.2 және 4.2.3 қараңыз.

4.2.7 [10.4(5)] Осы Құралда ғимараттардың толық сейсмикалық оқшаулануы ғана қарастырылады.

ЕСКЕРТУ – Толық сейсмикалық оқшаулау сейсмикалық есептеу жағдайында Суперқұрылым (жалпы құрылымалы жүйенің сейсмикалық оқшауланған бөлігі) серпімді деформациялар саласында жұмыс істейді деп болжайды (сонымен қатар 1.6.7 қараңыз).

4.2.8 [10.4(6)] Белгілі бір жағдайларда Субқұрылымның серпімді емес беталысына жол беріледі, бірақ осы Құралда ол серпімді жұмыс шегінде қалады деп болжанады.

ЕСКЕРТУ – Осы Құрал шеңберінде сейсмикалық есептік жағдай жағдайында Субқұрылым (сейсмикалық оқшаулағыш іргетас немесе жалпы құрылымалы жүйенің төменгі бөлігі) серпімді деформациялар саласында жұмыс істейді деп болжанатын құрылыстар ғана қаралады.

4.2.9 [10.4(7)] Айнымалы шекті күйде сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылар өздерінің шекті мүмкіндіктеріне жете алады.

Суперқұрылым мен Субқұрылым серпімді жұмыс шегінде қалуы тиіс. Осы Шартты сақтау кезінде Суперқұрылымды және Субқұрылымды жүйелерді күрделі жобалау әдісінің қатаң ережелерін, сондай-ақ иілгіш жұмысты қамтамасыз ету мақсатында оларды бөлшектеуде (құрылымалауда) сақтаудың қажеті жоқ.

ЕСКЕРТУ 1 – ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 2.1.4 сәйкес ғимараттардың құрылымдық қарсылық жүйелері тұжырымдамаларға сәйкес жобалануы мүмкін:

- төмен диссипативті беталысы туралы;
- диссипативті беталысы туралы.

Алайда, егер сейсмикалық оқшауланған ғимаратта Суперқұрылымның құрылмалық қарсылық жүйесі сейсмикалық әсер ету кезінде оның иілгіш жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жасалса (диссипативті беталыс тұжырымдамасы), онда бұл оған түсетін сейсмикалық жүктемелерді азайтып қана қоймай, жағымсыз әсерлер тудыруы мүмкін.

М (орта) немесе Н (жоғары) концептуалды иілімділік класы бар Суперқұрылымдық құрылмалы жүйені жобалаудың орынсыздығын төмендегі кейбір себептермен түсіндіруге болады (төмендегі ескертулерді қараңыз).

ЕСКЕРТУ 2 – Тұжырымдамалық жобалау сейсмикалық оқшауланған ғимаратта сейсмикалық тербеліс энергиясының диссипациясы негізінен Суперқұрылымның құрылмалық элементтерінің иілгіш қасиеттерімен емес, сейсмикалық оқшаулау жүйесімен қамтамасыз етіледі деп болжанады. Мұны растау үшін төмендегі (4.1) Өрнекте көрсетілгендей Суперқұрылымның диссипативті қасиеттерін сипаттайтын тиімді ξ - тұтқыр демпферлік коэффициенттің, мәнін анықтау шартын қолдануға болады:

$$\xi = \frac{\xi_B + \xi_{SI} \frac{C_B}{C_{SI}}}{1 + \frac{C_B}{C_{SI}}} \quad (4.1)$$

мұнда (4.1) Өрнекте:

ξ_B – негізде бекітілген Суперқұрылымның диссипативті қасиеттерін сипаттайтын тиімді тұтқыр демпферлік коэффициент;

ξ_{SI} – сейсмикалық оқшаулау жүйесінің диссипативті қасиеттерін сипаттайтын тиімді тұтқыр демпферлік коэффициент;

C_B – негізде бекітілген Суперқұрылымның көлденең қаттылығы;

C_{SI} – сейсмикалық оқшаулау жүйесінің көлденең қаттылығы.

(4.1) Өрнегінен Суперқұрылымның және сейсмикалық оқшаулау жүйесінің көлденең қаттылығының үлкен айырмашылығына байланысты Суперқұрылымның энергияның диссипациялану қабілеті сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымның тиімді ξ - тұтқыр демпферлеу коэффициентінің шамасына қандай да бір маңызды әсер етпейтіні шығады.

ЕСКЕРТУ 3 – DCM немесе DCN құрылмалы жүйелерінің диссипативті беталысы туралы жобалау тұжырымдамасы көтеруші құрылмалардың иілгіш жұмысын көздейтіндіктен, Суперқұрылымдағы орын ауыстыру шамалары артып, сейсмикалық оқшаулағыш тіректерге қосымша тік гравитациялық жүктемелер туғызады.

Суперқұрылымның үлкен иілгіш деформациялары және оның тиімді тербеліс кезеңдері сейсмикалық оқшаулау жүйесінің тиімді кезеңдерімен жақындасқан жағдайда, резонанстық әсерлер сейсмикалық оқшауланған ғимаратта пайда болуы мүмкін.

4.2.10 [10.4(8)P] Айнымалы шекті күйде газ құбыры желілері және Суперқұрылымды қоршаған топырақтан немесе шектес құрылыстардан бөлетін қиылысатын жіктерді басқа да қауіпті коммуникациялар Суперқұрылымның салыстырмалы орын ауыстырулары кезінде олардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететіндей жобалануы қажет. Сонымен қатар, осы Құралдың 4.1.3 және 4.2.2-де келтірілген γ_x – ұлғайту коэффициентін ескеру керек.

Мұндай коммуникациялардың икемділігі сейсмикалық оқшаулау жүйесінің икемділігімен салыстырғанда едәуір үлкен екендігіне және коммуникациялардың жиынтық реакциясы ғимараттың сейсмикалық оқшауланған бөлігінің қозғалысына айтарлықтай наразылық тудырмайтындығына көз жеткізу керек.

Қажет болса, байланыс сейсмикалық оқшаулағыш қабат деңгейінде коммуникацияларға иілгіш қосылыстар мен өтемедеуіштерді қосу керек.

4.3 Жобалаудың негізгі ережелері

4.3.1 Сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларға арналған негізгі ережелер

4.3.1.1 [10.5.1(1)P] Суперқұрылым мен Субқұрылым арасында басқа да қажетті іс-шаралармен қатар имараттың қызмет ету мерзімі ішінде сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды орналастыру, қарау, техникалық қызмет көрсету, орталықтандыру және ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жеткілікті кеңістік қарастырылуы керек.

Аражабын тақтасы немесе сейсмикалық оқшаулау қабатынан жоғары және төмен басқа ұқсас бөлік арасындағы қашықтық, олар сейсмикалық оқшаулау құрылғыларын, құбырларды, байланыс жүйелерін немесе басқа құрылыс жабдықтарын тексеруге кедергі келтірмейтіндей болуы тиіс.

ЕСКЕРТУ 1 – Сондай-ақ 4.3.3.3 қараңыз.

ЕСКЕРТУ 2 – Ғимараттың есептік пайдалану мерзімі ҚР ЕЖ EN 1990:2002+A1:2005/2011 ережелеріне сәйкес белгіленуі керек.

4.3.1.2 [10.5.1(2)] Қажет болған жағдайда сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылар от, химиялық және биологиялық ортаның агрессивті әсері сияқты әлеуетті қауіпті әсерлерден қорғалуы тиіс.

ЕСКЕРТУ 1– Әлеуетті қауіпті әсерлерден қорғауды қамтамасыз етумен қатар, сейсмикалық оқшаулау жүйесі мен сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасау сейсмикалық оқшауланған ғимаратты жобалаудың маңызды аспектісі болып табылады. Сейсмикалық оқшаулау жүйесінің түріне және сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың қолданылатын түрлеріне байланысты жобалау құжаттамасында оларды тиісті қорғауды қамтамасыз етуге және жұмыс істеуге қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған ілеспе іс-шаралар көрсетілуі керек.

ЕСКЕРТУ 2 – Егер судың сейсмикалық оқшаулау қабатына ену қаупі болса, іргетастың негізіне дренаждық тесік орнатылуы немесе сейсмикалық оқшаулағыш құрылғының батып кетуіне жол бермеу үшін басқа шаралар қолданылуы керек.

4.3.1.3 Сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды жобалау кезінде пайдаланылатын сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың құрылмалық материалдары мен құрылмалары қолданыстағы нормативтік-нұсқаулық құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс [10.5.1(3)].

ЕСКЕРТУ – ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 және 10-бөлім осы нормативтік құжатта сейсмикалық оқшауланған ғимаратты тұжырымдамалық жобалау кезінде басшылыққа алынуы тиіс жалпы Қағидаттар мен Қағидаларды ғана ұсынады. Сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылар туралы қосымша ақпарат жоқ. Сейсмикалық оқшаулағыш іргетастары бар ғимаратты жобалау кезінде сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылар туралы қосымша ақпаратты тікелей тиісті стандарттардан алу керек (мысалы, ҚР СТ EN 15129:2009, ҚР СТ EN 1337 (барлық бөліктер), ISO 22762-1:2018, ISO 22762-3:2018, ISO/TS 22762-4:2019 қараңыз) және/немесе көрсетілген стандарттарға сай келетін, сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды дайындаушы компаниялар ұсынатын, техникалық талаптардан; (сондай-ақ осы Құралдың Д қосымшасындағы қысқаша мәліметтерді қараңыз)).

4.3.2 Орын ауыстыруды бақылау

4.3.2.1 [10.5.2(1)] Айналу әсерін азайту үшін тиімді қаттылық орталығы және сейсмикалық оқшаулау жүйесінің демпферлік орталығы сейсмикалық оқшаулау қабатының бетіндегі Суперқұрылымның масса орталығының проекциясына мүмкіндігінше жақын орналасуы тиіс.

ҚР НТҚ 08-01.6-2022

ЕСКЕРТУ 1 – Осы мақсатта Суперқұрылымның құрылмалы жүйесі, әдетте, оның құрылмалық сұлбасы тұжырымдамалық жобалаудың базалық қағидаттары мен өлшемшарттарын барынша қанағаттандыратындай етіп тағайындалуы керек (сондай-ақ осы Құралдың 4.1.1-ін, сондай-ақ ҚР НТҚ-ның 08-01.2 2.1.10 және 2.2-кіші бөлімін қараңыз).

ЕСКЕРТУ 2 – Сейсмикалық оқшаулау жүйесі оны қалыптастыратын сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың орналасу сұлбасы Суперқұрылым жүйесіндегі тік көтеруші құрылмалардың (бастапқы бағандар, көтергіш қабырғалар) орналасуының құрылмалық сұлбасына қатысты жақсы теңестірілетіндей етіп тағайындалуы тиіс.

4.3.2.2 [10.5.2(2)] Сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың беталысындағы айырмашылықтарды азайту үшін, тұрақты әсер ету жүктемелеріне байланысты олардағы қысу кернеулері мүмкіндігінше жақын болуы тиіс.

ЕСКЕРТУ – Осы мақсатта Суперқұрылым тұжырымдамалық жобалаудың негізгі принциптері мен критерийлерін барынша қанағаттандыратын сейсмикалық оқшаулағыш іргетастары бар ғимараттарды жобалау ең қолайлы болып табылады. Бұл сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды таңдау кезінде бірегейлеуге оң әсер етеді.

4.3.2.3 [10.5.2(3)P] Сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылар Суперқұрылымға да, Субқұрылымға да бекітілуі тиіс.

ЕСКЕРТУ – Сондай-ақ, осы Құралдың 4.3.3 бөлімін қараңыз.

4.3.2.4 [10.5.2(4)P] Сейсмикалық оқшаулау жүйесі құрылманың соққылары мен мүмкін болатын бұралу қозғалыстары тиісті іс-шаралар арқылы шектелетіндей етіп жобалануы тиіс.

ЕСКЕРТУ – Осы мақсатта сейсмикалық оқшаулағыш іргетастары бар ғимараттарды, олардың Суперқұрылымдары жоспарда және биіктік бойынша тұрақты болып жіктелетіндей етіп жобалаған қолайлы (сондай-ақ 3.2.1 және 3.3.1 ҚР НТҚ 08-01.2 қараңыз). Онда Суперқұрылымдар жоспарда және/немесе биіктігі бойынша (сондай-ақ 3.4 ҚР НТҚ 08-01.2 қараңыз) немесе бұралмалы-икемді (сондай-ақ 3.2.3 ҚР НТҚ 08-01.2-2021 қараңыз) шамадан тыс тұрақты емес болып жіктелетін сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды жобалауға болмайды. Сондай-ақ төменде 4.3.2.5 қараңыз.

4.3.2.5 [10.5.2(5)] Соққы жүктемелеріне қатысты 4.3.2.4 талабы, егер олардың әсері тиісті құрылғылардың (мысалы, демпферлер, амортизаторлар және т. б.) көмегімен алынып тасталса, орындалды деп есептеледі.

ЕСКЕРТУ 1 – Сейсмикалық оқшаулағыш іргетастары бар ғимараттарды жобалау барысында тікелей Суперқұрылымға мүмкін болатын сыртқы әсер ету қаупін болдырмайтын немесе азайтатын іс-шараларды қарастырған қолайлы (мысалы, Субқұрылым жүйесінде де орнатылуы мүмкін қорғаныс бөгеуілдерін орнату арқылы).

ЕСКЕРТУ 2 – Егер Суперқұрылым жоспарда және/немесе биіктігі бойынша орташа тұрақты емес деп жіктелсе (сондай-ақ 3.2.2 және 3.3.2 ҚР НТҚ 08-01.2 қараңыз), онда сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың құрама жүйесін қолдану ұсынылуы мүмкін, онда сейсмикалық оқшаулағыш тіректерді демпферлермен және/немесе амортизаторлармен барабар түрде біріктіру қажет.

4.3.3 Субқұрыллар мен Суперқұрылымдардағы сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың үстінде және астында орналасқан құрылмалық элементтерге қойылатын талаптар

4.3.3.1 Топырақтың сейсмикалық қозғалыстарының біркелкі еместігінің әсерін азайту үшін сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың үстінде және астында орналасқан құрылмалық элементтер сейсмикалық оқшауланған ғимараттарда көлденең және тік

бағытта жеткілікті қатаң жобалануы тиіс [10.5.3(1)].

4.3.3.2 [10.5.3(2)] Ғимараттар үшін талап 4.3.3.1. орындалады, егер келесі шарттардың барлығы қанағаттандырылса:

а) сейсмикалық оқшаулау жүйесінің үстінде және астында темірбетон тақталар немесе олардың деформацияларының барлық тиісті жергілікті және жалпы түрлерін ескере отырып жобаланған айқас арқалықтар жүйесі түрінде жасалған қатаң көлденең диафрагмалар қарастырылған;

б) сейсмикалық оқшаулау жүйесін құрайтын құрылғылар, екі ұшында тікелей қатаң көлденең диафрагмаларға бекітіледі (жоғарыдағы а) тармақшасын қараңыз) немесе, егер бұл мүмкін болмаса, сейсмикалық есептік жағдайда салыстырмалы көлденең ығысуы сейсмикалық оқшаулау жүйесінің көлденең деформацияларының 1/20 кем болуы тиіс, тік элементтердің көмегімен бекітіледі.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың астында және одан жоғары орналасқан Субқұрылым мен Суперқұрылымның құрылмалық элементтері әрбір сейсмикалық оқшаулағыш құрылғының орнату орны бойынша олардың көтергіш қабілеті мен геометриялық параметрлері оның қажетті қалыпта сенімді бекітілу мүмкіндігін және анкерлік құрылғылары арқылы Субқұрылым мен Суперқұрылымға тиісті бекітілуін қамтамасыз ететіндей жобалануы және бөлшектелуі тиіс. Сондай-ақ 4.3.3.3 және 4.3.3.4 қараңыз.

4.3.3.3 Субқұрылым сейсмикалық оқшаулағыш іргетас жүйесі немесе құрылыстың сейсмикалық оқшаулағыш қатты төменгі бөлігі жүйесі ретінде жобалануы мүмкін (сонымен қатар 2.1.1 қараңыз).

Субқұрылым оның қарсылық жүйесінің құрылмалық сұлбасы тұжырымдамалық жобалаудың базалық қағидаттары мен өлшемдеріне (сондай-ақ 2.1.10 ҚР НТҚ 08-01.2 қараңыз) және осы Құралдың осы кіші бөліміндегі нұсқауларға барынша қанағаттанатындай етіп барабар түрде жобалануы тиіс.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың астынан арнайы техникалық қабат қалыптастыру ұсынылады, оның құрылмалы-жоспарлау шешімі 4.3.1.1, 4.3.1.2, 4.3.2.4 талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс, оның ішінде оның қажетті биіктігіне қатысты, сондай-ақ сейсмикалық оқшаулағыш қабатты қиып өтетін инженерлік коммуникациялар желілерінің құрылысына байланысты техникалық шешімдерді ескере отырып.

Әдетте, Субқұрылымның құрылмалық элементтерін армирленген монолитті бетоннан (темірбетоннан) жасау керек, оларды жобалау кезінде ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011 және оған ҚР НТҚ, ҚР НТҚ 08-01.3-2021 және осы Құралдың ережелерін басшылыққа алу керек.

Сейсмикалық оқшаулағыш іргетастар жүйесін жобалау кезінде:

– іргетастар мен топырақ негіздерінің құрылмалық элементтерінің құрылыстың іргетас үстіндегі бөлігінің реакциясы нәтижесінде пайда болатын әсерлерді елеулі қалдық деформацияларсыз қабылдау қабілетін тексеру қажет (2.2.2.7 ҚР НТҚ 08-01.1 қараңыз) [2.2.2(4)P];

ЕСКЕРТУ – Іргетастың түрі мен құрылмалық шешімдерін дұрыс таңдау ғимараттың жер сілкінісіне төзімділігін және сейсмикалық оқиғадан кейін оның жөнделуін қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие. Іргетастардың айтарлықтай зақымдануы ғимараттардың сейсмикалық әсерлерге тиімді қарсы тұру қабілетін бұзады. Іргетастардың зақымдануын жою, әдетте, көп еңбекті қажет етеді және үлкен экономикалық шығындармен байланысты (2.2.6.1 ҚР НТҚ 08-01.1 қараңыз).

– іргетастардың орындалатын есебі мен құрылмасы және олардың іргетас үстінің құрылысымен байланысы, бүкіл ғимараттың біркелкі сейсмикалық ұйытқыларға ұшырауын қамтамасыз етуі тиіс (2.2.6.2 ҚР НТҚ 08-01.1 қараңыз);

– іргетастардың түрін, олардың мөлшері мен тереңдігін таңдау кезінде ҚР ЕЖ ЕН 1998-5:2004/2013 және ҚР НТҚ 08-01.2-2021 ережелерін сақтау қажет, сейсмикалық әсер ету кезіндегі іргетастардың беталысының белгісіздігімен байланысты тәуекелдерді шектеу (ҚР НТҚ-ның 08-01.1 2.2.4.2.4 қараңыз);

– іргетастардың қабылданған қаттылығы жүктемелердің іргетас үстіндегі бөлігінен топырақ негізіне мүмкіндігінше біркелкі берілуін және сейсмикалық әсерлер кезінде құрылыстың жекелеген тіректерінің көлденең және тік орын ауыстыруларының синфазалығын қамтамасыз етуі тиіс (ҚР НТҚ-ның 08-01.1 2.2.4.2.5 қараңыз [2.2.4.2(1)P]).

Жалпы жағдайларда, ғимараттағы сейсмикалық оқшаулағыш іргетас жүйесі биіктігі бойынша бір деңгейлі Субқұрылым болуы мүмкін және оған іргетас тақтасы (ең қолайлы) немесе қиылысатын іргетас таспалары жүйесі, бағандар-тіректер түріндегі тірек құрылмалар жүйесі (көлденең қимасы дамыған қысқа ұстын негіздер түрі бойынша) және/немесе диафрагма қабырғалары, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, сыртқы іргетас қабырғалары (тіреуіш ретінде). Көлденең диафрагманың сейсмикалық оқшаулағыш қабатынан тікелей төмен құрылғы қажет болған жағдайда Субқұрылымда дискретті тік тірек құрылмаларының (бағаналар-тіректер және/немесе қабырғалар-диафрагмалар) жоғарғы жағында қиылысатын арқалық-кергілер (екі негізгі бағыттағы байланыстырушы арқалықтар) жүйесі көзделуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшаулағыш іргетастың тік құрылмалық элементтерінің (тірек құрылмаларының) орналасуының құрылмалық сұлбасы сейсмикалық оқшаулау жүйесіндегі сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің локация (орналасу) сұлбасымен қатаң келісілуі тиіс. Сейсмикалық оқшаулағыш тіректерді тік құрылмалық элементтер жоспарларының проекцияларынан тыс (қабырғалар-диафрагмалар, бағандар-тіректер) арқалық-кергілердің аралық учаскелерінде орнатуды, әдетте, қарастыруға болмайды. Сейсмикалық оқшаулау қабатының төменгі деңгейінде сейсмикалық оқшаулау іргетасы жүйесінің тік құрылмалық элементтерінің салыстырмалы көлденең қозғалыстары шектелуі және рұқсат етілген шамалардан аспауы тиіс (4.3.3.2 б) қараңыз).

Құрылыстың сейсмикалық оқшаулағыш қатты төменгі бөлігі биіктігі бойынша екі немесе одан да көп деңгейлері бар Субқұрылым болуы мүмкін және бірыңғай қарсылық жүйесіне біріктірілген іргетасты, тік және көлденең құрылмалық элементтерді (қабырғалар, ұстындар, арқалықтар, тақталар) қамтуы мүмкін.

Жалпы жағдайларда, құрылымның қатты төменгі бөлігінің сейсмикалық оқшаулағыш жүйесі жоғарыда көрсетілгендей сейсмикалық оқшаулағыш іргетастарға ұқсас барлық функцияларды орындауы тиіс, оның ішінде сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың тікелей астында орналасқан арнайы техникалық қабаттың қалыптасуына қатысты.

4.3.3.4 Әдетте, құрылыстың сейсмикалық оқшауланған жоғарғы бөлігіндегі Суперқұрылым жүйесін оның қарсылық жүйесінің құрылмалық сұлбасы тұжырымдамалық жобалаудың базалық қағидаттары мен өлшемдерін барынша қанағаттандыратындай етіп барабар түрде жобалау керек (сондай-ақ 2.1.10 ҚР НТҚ 08-01.2 қараңыз).


ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың үстінде орналасқан қарсылық жүйелері ретінде Суперқұрылымдарды темірбетон, болат, болат темірбетон немесе барабар құрама түрде жобалауға болады, бірақ Суперқұрылымдық жүйелердің құрылмалы түрлерін әдетте жоғары көлденең қаттылықпен сипатталатын етіп тағайындау керек (мысалы, бетон жүйелері – қабырғаға немесе қабырғаға қос эквиваленттер, болат немесе болат бетон жүйелері – шоғырланған байланыстармен рамалы немесе қабырғалармен біріктірілген, және т.б.). Суперқұрылымды жобалау кезінде пайдаланылатын құрылмалы

материалдарға байланысты оларға ҚР ЕЖ EN және оған ҚР НТҚ, оның ішінде ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 оған ҚР НТҚ серияларын және осы Құралдың ережелерін басшылыққа алу керек.

Суперқұрылым жүйесінің негізіндегі сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың дәл үстінде негізінен қатаң көлденең диафрагма функцияларын орындайтын арнайы ростверк құрылмасын қалыптастыру ұсынылады (4.3.3.2 а қараңыз)) және қажет болған жағдайда іргетас құрылмасына тән функциялар.

ЕСКЕРТУ – Суперқұрылымның негізіндегі ростверк құрылмасын, әдетте, монолитті темірбетонмен жасау керек. Жалпы жағдайда, ростверктің құрылмасы тұтас монолитті темірбетон плитасы түрінде ұсынылуы мүмкін (сонымен қатар ҚР НТҚ-ның 08-01.2 2.2.6.4 қараңыз). Егер Суперқұрылымның құрылмалы жүйесі көлденең қималардың өлшемдерімен және көлденең қаттылығымен ерекшеленетін көтеруші қабырғалардың дискретті санымен ұсынылса, онда, әдетте, қорапты немесе кессондық типтегі ростверктің қатты монолитті темірбетон құрылмасын қабылдау керек (сондай-ақ ҚР НТҚ-ның 08-01.2 2.2.6.3 қараңыз).

4.3.3.5 Сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы немесе қатты төменгі бөлігі бар ғимараттардың негізгі құрылмалы шешімдері 4.1-суретте сұлбалық түрде көрсетілген.



4.1-сурет – Сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың көлденең кескіндерінің сұлбалық түрлері

4.3.4 Сейсмикалық әсерлер кезінде Суперқұрылымның орын ауыстыруын қамтамасыз ету

4.3.4.1 Есептелген сейсмикалық әсерлер кезінде Суперқұрылымның барлық бағытта қажетті орын ауыстырулары үшін жеткілікті болатын Суперқұрылым мен

қоршаған топырақ немесе оған шектес имараттар арасында саңылаулар көзделуі керек (4.1-суретті де қараңыз).

Сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды жобалау кезінде барлық сәулет-құрылыс және инженерлік шешімдерді, сейсмикалық оқшаулау қабатының үстінде орналасқан, Суперқұрылымның ықтимал орын ауыстыру факторын ескере отырып, есептелген сейсмикалық әсерлерге байланысты тағайындау керек.

Осы мақсатта:

– Супер құрылым мен оның айналасындағы топырақ, Субқұрылым құрылмалары мен шектес имараттар арасында есептелген сейсмикалық әсерлер кезінде Суперқұрылымды барлық бағытта орын ауыстыру үшін жеткілікті кеңістік (саңылаулар) көзделуі керек [10.5.4(1)P];

– сейсмикалық оқшауланған ғимараттың айналасында (сыртқы периметрі бойынша) барлық бағыттарда сейсмикалық оқшаулау жүйесімен қамтамасыз етілетін Суперқұрылымның ең үлкен орын ауыстыруының ені кемінде 2-3 еселенген қолжетімділігі шектеулі бос аймақтарды қамтамасыз ету ұсынылады;

ЕСКЕРТУ – Осы Құралдың 2.2-кіші бөлімінде атап өтілгендей, сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың қарастырылып отырған түрлері төменгі ығысу қаттылығына (көлденең икемділікке) ие және көлденең әсер ету кезінде айтарлықтай мәндерге жететін көлденең ығысу деформацияларына шыдай алады, сондай-ақ Субқұрылымдарға қатысты Суперқұрылымдардың маңызды көлденең ығысуларына ие. Сондықтан сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар ғимарат құрылыстың сейсмикалық оқшауланғанын ескертетін, сондай-ақ қол жетімділігі шектеулі ықтимал қауіпті аймақтарды белгілейтін сыртқы көрнекі белгілермен жабдықталуы тиіс.

– Субқұрылымдардың ішкі кеңістігіне кіреберістерді сыртқы етіп қарастыру, сондай-ақ қажет болған жағдайда жеке технологиялық шұңқыршаларды, ішкі Субқұрылымдардың қабырғалары мен төбелеріндегі ойықтарды қарастыру ұсынылады;

– әдетте, құрылмалары сейсмикалық оқшаулағыш қабатпен қиылысатын және күрделі инженерлік-техникалық шешімдер қабылдауды көздейтін баспалдақ-лифт торабын орнату арқылы сейсмикалық оқшауланған ғимараттың жоғарғы және төменгі бөліктері арасындағы функциялық өзара байланысты көздейтін архитектуралық жобалау шешімдерінен аулақ болу ұсынылады, оның ішінде оның айналасындағы тиісті деформациялық жіктерді қамтамасыз етуге қатысты.

5 ЕСЕПТЕ ЕСКЕРІЛЕТІН СЕЙСМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕР ЖӘНЕ СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚШАУЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1 Сейсмикалық әсерлер

5.1.1 Сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды осы Құралдың ережелеріне сәйкес жобалау барысында сейсмикалық әсер ету параметрлері ғимараттың функциялық мақсаты бойынша – II, III немесе IV жауапкершілік класына жатқызылуын назарға ала отырып, осы Құралдың 5.1.2, 5.1.3 және 5.1.4 нұсқауларына сәйкес (сондай-ақ 5.1, 5.2 және ҚР НТҚ 08-01.2 нормативіндегі 5.1-кестені қараңыз), сонымен қатар, Суперқұрылымның биіктігі бойынша қабаттар санын ескере отырып (сондай-ақ, 5.1, 5.2 және ҚР НТҚ 08-01.2 нормативіндегі 5.2-кестені қараңыз) (сондай-ақ, 3.2.2 , ескерту - 2 қараңыз) қабаттығы бойынша ғимараттың жіктеу жауапкершілігін анықтау керек.

5.1.2 [10.6(1)P] Сейсмикалық әсердің екі көлденең және тік компоненттері бір уақытта әрекет ететінін ескеру керек.

ЕСКЕРТУ 1 – Көлденең сейсмикалық әсер серпімді реакциялардың бірдей спектрлерімен сипатталатын екі ортогоналды компоненттермен сипатталады (ҚР НТҚ 08-01.1 4.2.1.3 қараңыз). Тік сейсмикалық әсер (әсер ету компоненті, көлденең жазықтыққа ортогоналды) көлденең компоненттерге сәйкес келетін, реакциялар спектрінен ерекшеленетін, реакциялар спектрімен сипатталады (ҚР НТҚ 08-01.1 4.2.1.4 қараңыз).

ЕСКЕРТУ 2 – Сондай – ақ, ескертудің 5.1.6 қараңыз.

5.1.3 Егер функциялық мақсаты бойынша жауапкершілік класына жатқызылған жобаланатын ғимаратта – II, III немесе IV, Суперқұрылым биіктігі бойынша қабаттар саны 5 (бес) қоса алғанда (қабаттар бойынша жауапкершілік класы – I немесе II) дейін көзделсе, онда сейсмикалық әсердің әрбір құрауышын сипаттайтын, серпімді реакциялар спектрлерінің ординаттарының мәндерін жергілікті топырақ жағдайларына және a_g топырағының есептік үдеуіне байланысты, сондай – ақ жауапкершілік коэффициентінің тиісті мәні- γ_1 кезінде анықтау керек.

ЕСКЕРТУ 1 – I немесе II қабаттылық бойынша жауапкершілік кластарына жатқызылған ғимараттар үшін γ_1 жауапкершілік коэффициенті функциялық мақсаты мен қабаттылығы бойынша ғимараттың жауапкершілік кластарының үйлесімін ескеретін γ_h және γ_{IV} коэффициенттерінің мәндерін регламенттейтін ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.3 және 5.3-кестесінің нұсқауларына сәйкес тағайындалуы керек.

ЕСКЕРТУ 2 – ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 3-бөлімінде құрылыс аймақтарының сейсмикалық қауіптілігін, құрылыс алаңдарының топырақ жағдайлары мен сейсмикалық қауіптілігін бағалау бойынша нұсқаулар, ал 4.1-кіші бөлімінде жобаланатын құрылыс алаңдарындағы сейсмикалық әсерлердің есептік қарқындылығын бағалау бойынша нұсқаулар береді.

5.1.4 Егер функциялық мақсаты бойынша жауапкершілік класына жатқызылған жобаланатын ғимаратта – II, III немесе IV, Суперқұрылым биіктігі бойынша қабаттар саны 5 (бестен) астам көзделсе, онда сейсмикалық әсердің әрбір құрауышты сипаттайтын серпімді реакциялар спектрлері ординаттарының мәндері коэффициент мәні кезінде 5.1.3 сәйкес айқындалған реакциялар спектрлері ординаттарының мәндерінің көбейтіндісі ретінде айқындалуға тиіс жауапкершілік $\gamma_1=1,0$ -ге тең, бірақ $\gamma_h(T)$ үдетуші коэффициентінің тиісті мәндерін ескере отырып, келесі төменгі (5.1) – (5.3) Өрнектердің көмегімен анықтау керек:

$0 \leq T \leq 0,1$ сек. кезінде

$$\gamma_h(T) = 1,0 + 10 \cdot T \cdot (\gamma_{h,(T=0,1)} - 1,0), \text{ бірақ } \gamma_1 \text{ кем емес} \quad (5.1)$$

$0,1 \leq T \leq 4$ сек. кезінде

$$\gamma_h(T) = \frac{1,4}{1,4 - 0,02(n - 5)} + 0,00625 \cdot T \cdot (n - 5), \text{ бірақ } \gamma_1 \text{ кем емес және } 1,8 \text{ артық емес} \quad (5.2)$$

$T > 4$ сек. кезінде

$$\gamma_h(T) = \gamma_{h,(T=4)} \quad (5.3)$$

мұнда:

$\gamma_{h,(T=0,1)}$ – $T=0,1$ сек. кезінде (5.2) Өрнегі арқылы анықталған $\gamma_h(T)$ коэффициентінің мәні;

$\gamma_{h,(T=4)}$ – $T=4$ сек кезінде (5.2) Өрнегі арқылы анықталған $\gamma_h(T)$ коэффициентінің мәні;

T – реакциялар спектрiнiң ординаттарының мәндерi анықталатын тербелiс кезеңдерi;
 n – ғимараттағы Суперқұрылым қабаттарының саны ($5 \leq n \leq 19$).

ЕСКЕРТУ 1 – γ_1 жауапкершiлiк коэффициенттерiнiң мәндерiне қатысты 1-ескертпенiң 5.1.3-iн де қараңыз.

ЕСКЕРТУ 2 – Сондай-ақ 2-ескертудiң 3.2.3 қараңыз.

ЕСКЕРТУ 3 – Функциялық мақсаты бойынша II, III немесе IV жауапкершiлiк класына жатқызылған және қабаттар саны 5 (беске) дейiн қоса алғанда Суперқұрылымы бар ғимараттар үшiн серпiмдi реакциялар спектрлерiн құру мысалдары А қосымшасында келтiрiлген.

Функциялық мақсаты бойынша II, III немесе IV жауапкершiлiк класына жатқызылған және 5 (бес) қабаттан асатын Суперқұрылымы бар ғимараттар үшiн серпiмдi реакциялар спектрлерiн құру мысалдары Б қосымшасында келтiрiлген.

5.1.5 [10.6(3)] $M_{\geq 6,5}$ магнитудасы бар ықтимал белсендi ақадан 15 км-ден аз қашықтықта орналасқан IV жауапкершiлiк класына жататын ғимараттар үшiн жергiлiктi топырақ жағдайларын ғана емес, сонымен қатар сейсмикалық көзден әсер ету ерекшелiктерiн де ескеретiн серпiмдi реакциялар спектрiн ескеру керек. Егер ғимарат үшiн 5.1.3 және 5.1.4-те анықталған стандартты спектрге қарағанда онша қауiптi болмаса, мұндай спектр қарастырылмауы мүмкiн.

5.1.6 [10.6(4)] Сейсмикалық әсердiң әртүрлi компоненттерiнен ықпалдардың комбинациясы ҚР НТҚ 08-01.2-2021 нормативiнiң 6.6-кiшi бөлiмiндегi нұсқауларға сәйкес жасалуы мүмкiн.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық әсердiң тiк компонентiн және оның сейсмикалық әсердiң көлденең компоненттерiмен бiрлескен әсерiн ҚР НТҚ 08-01.2 нормативiнiң 6.2.7 және 6.2.8 нұсқауларына сәйкес ескеру керек.

5.1.7 [10.6(5)] Егер тiкелей динамикалық есептеулердi орындау қажет болса, онда кемiнде үш сейсмикалық оқиға жазбаларының жиынтығын пайдалану және ҚР НТҚ 08-01.1-2017 нормативiнiң 4.3.1 және 4.3.2-кiшi бөлiмдерiнiң нұсқауларын ескеру керек.

ЕСКЕРТУ 1 – ҚР НТҚ 08-01.1 нормативiнiң 4.3.1-кiшi бөлiмi уақытша түрде сейсмикалық әсердiң баламалы ұсынылуына қатысты нұсқаулар ұсынады және 4.3.2-кiшi бөлiмiнде сейсмикалық әсердiң кеңiстiктiк моделiне қатысты нұсқаулар ұсынады.

ЕСКЕРТУ 2 – ҚР НТҚ 08-01.1 нормативiнiң 4.3.1.1.6 сәйкес және ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативiнiң 4.3.3.4.3(3) сәйкес, егер ғимараттың реакциясы уақытша облыста кемiнде жетi сызықтық емес есептеулердiң нәтижелерi бойынша анықталса, онда E_d әсер ету ықпалының есептiк мәнi ретiнде барлық осы есептеулер бойынша анықталған реакцияның орташа шамасын қабылдау керек. Басқа жағдайда осы есептеулерден реакция шамасының ең қолайсыз мәнi E_d ретiнде қабылдануы керек.

5.2 Беталыс коэффициентi

5.2.1 [10.7(1)P] Осы Құралдың 6.8.5-де айтылған жағдайлардан басқа, беталыс коэффициентiнiң (q) мәнiн $q = 1,0$ тең етiп қабылдау қажет.

5.3 Есептеулерде ескерiлетiн сейсмикалық оқшаулау жүйелерiнiң қасиеттерi

5.3.1 [10.8(1)P] Есептеуде сейсмикалық оқшаулау жүйесiнiң физикалық және механикалық қасиеттерiнiң ең қолайсыз мәндерiн оның бүкiл пайдалану мерзiмiнде қабылдау керек. Бұл қасиеттер ықпалды көрсетуi тиiс:

- жүктеменiң жылдамдығы;
- жүктеменiң тiк шамалары;

- көлденең жүктеменің шамалары;
- (қоршаған ортаның) температуралары;
- болжамды пайдалану мерзімі ішінде сейсмикалық оқшаулау жүйесінің қасиеттерінің өзгеруі.

ЕСКЕРТУ 1 – Тік және көлденең жүктеменің шамаларын ҚР ЕЖ EN және ҚР НТҚ тиісті нұсқауларына, сондай-ақ осы Құралдың ережелеріне сәйкес анықтау керек.

ЕСКЕРТУ 2 – Сейсмикалық оқшаулау жүйесін пайдалану мерзімі сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың өміршеңдігі мен қасиеттерінің сақталуына, оның ішінде қоршаған ортаны пайдалану жағдайларын ескеруге байланысты.

5.3.2 [10.8(2)] Жер сілкінісінен туындаған инерция күштерін, қаттылықтың максималды мәнін және демпферлік және үйкеліс коэффициенттерінің минималды мәнін ескере отырып бағалау керек.

ЕСКЕРТУ – Сейсмикалық оқшаулау жүйесінің сипаттамалары сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың параметрлерімен және қасиеттерімен байланысты, олар өнім өндіруші компания ұсынатын паспорттық мәліметтерде көрсетілуі тиіс (сонымен қатар осы Құралдың 3.3.2 және 4.3.1 қараңыз).

5.3.3 [10.8(3)] Орын ауыстырулар қаттылықтың, демпфердің және үйкеліс коэффициенттерінің минималды мәндерін ескере отырып есептелуі қажет.

ЕСКЕРТУ – Сондай-ақ, жоғарыдағы 5.3.2-де ескертуді қараңыз.

5.3.4 [10.8(4)] Функциялық мақсаты бойынша жауапкершіліктің II класына жатқызылған сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар ғимараттарды жобалау кезінде экстремалды мәндер (максимум немесе минимум) орташа мәндерден 15%-дан аспайтын жағдайда, сейсмикалық оқшаулау жүйесінің физикалық және механикалық қасиеттерінің орташа мәндері пайдаланылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ – Жобаланатын ғимараттарды функциялық мақсаты бойынша II жауапкершілік класына жатқызу кезінде 5.1, 5.2 нұсқауларын және ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.1-кестесін басшылыққа алу керек.

6 ҚҰРЫЛМАЛЫҚ ЕСЕПТЕУ

6.1 Жалпы мәліметтер


6.1.1 [10.9.1(1)P] Сейсмикалық оқшауланған ғимараттың динамикалық реакциясын үдеу, инерция және орын ауыстыру күштері тұрғысынан зерттеу керек.

6.1.2 [10.9.1(2)P] Ғимараттар үшін бұрау әсерін, соның ішінде, бұл ҚР НТҚ 08-01.2 6.5-те анықталғанғандай, кездейсоқ эксцентриситетпен қолданылатын әсерлерді назарға алу қажет.

6.1.3 [10.9.1(3)] Сейсмикалық оқшаулау жүйесін моделдеу кезінде сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың кеңістіктегі таралуын екі көлденең бағыттағы орын ауыстыруларды, аударылу моментінің сәйкес әсерлерін және ғимараттың тік осінің айналасында айналуы жеткілікті түрде есепке алу үшін жеткілікті дәл көрсету керек. Есептеу моделі сейсмикалық оқшаулау жүйесін қалыптастыру үшін қолданылатын әртүрлі құрылғылардың сипаттамаларын дұрыс көрсетуі тиіс.

ЕСКЕРТУ 1 – Осы мақсатта сейсмикалық оқшаулау жүйесін модельдеудің алдында Субқұрылым мен Суперқұрылымның қарсылық жүйелерінің барабар құрылымдық сұлбаларын тағайындау және оларды алдын ала бағалау, оның ішінде сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылармен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын олардың құрылымдық элементтерінің геометриялық параметрлерін, сондай-ақ сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың қолданылатын түрлері туралы объективті ақпараттық мәліметтерді зерделеу, жобалау мақсаттарына қол жеткізу үшін олардың мәлімделген сипаттамаларын бағалау болуға тиіс, оларды алдын-ала таңдау және сейсмикалық оқшаулағыш қабаттағы локациясының (орналасуының) барабар сұлбаларын тағайындау.

ЕСКЕРТУ 2 – Сейсмикалық оқшауланған ғимараттарға қатысты аналитикалық бағалауды жүзеге асыру кезінде есептеу моделдерін қолдануға болады – бір массалы немесе көп массалы (6.1-суретті қараңыз).



6.1 - сурет – Сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымның есептік моделдері: бір массалы (қолдануға ұсынылмайды) және көп массалы.


Тербелістің жоғары формаларының Суперқұрылымдардың динамикалық реакциясына ықтимал әсерін ескеру қажет және осыған байланысты:

- бір массалық есептеу моделдерін сейсмикалық әсерлер кезінде сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымдардың беталысы туралы жалпы түсінік алу үшін және тұжырымдамалық жобалаудың бастапқы (алдын ала) кезеңінде сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың қажетті параметрлерін бағалау үшін ғана қолдануға рұқсат етіледі;
- шешім қабылдау кезеңінде барлық нақтылау бағалары тек көп массалы есептеу моделдерін қолдана отырып жүргізілуі керек.

ЕСКЕРТУ 3 – Оның негізінде бекітілген Суперқұрылымның және сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымның өзіндік көлденең тербелістерінің формалары 6.2-суретте сұлбалық түрде көрсетілген.

Тербелістің жоғары формаларының Суперқұрылымындағы қозудың негізгі себептері жалпы болып саналады:

- сейсмикалық оқшаулау жүйесінің жоғары бастапқы көлденең қаттылығы;
- сейсмикалық оқшаулау жүйесінің тербеліс энергиясының диссипациясына жоғары қабілеттілігі ($\xi \geq 20\%$).














6.2 – сурет – Суперқұрылымның өзіндік көлденең тербелістерінің формалары:




(а) – негізде бекітілген; (б) - сейсмикалық оқшауланған.

6.2 Сейсмикалық оқшаулау жүйесін моделдеу

6.2.1 Сейсмикалық әсерлер кезінде сейсмикалық оқшаулау жүйелерінің беталысын сипаттау үшін осы Құралдың 2-бөлімінде айтылған сейсмикалық оқшаулау элементтерінің түрлерін сипаттайтын және 6.1-кестеде келтірілген идеалдандырылған жүктеме-орын ауыстыру тәуелділіктерін пайдалануға болады.

6.1-кесте - Сейсмикалық оқшаулағыш тіректерді сипаттайтын және сейсмикалық оқшаулау жүйелерінің беталысын сипаттау үшін қолданылатын идеалдандырылған жүктеме-орын ауыстыру тәуелділіктері

Сейсмикалық оқшаулағыш тіректің түрі	Сейсмикалық оқшаулағыш тіректің құрылымалы шешімі	Идеалдандырылған жүктеме-орын ауыстыру тәуелділігі (F-D)
Эластомерлік тіректер	<p>(а) – энергияның диссипацияға қабілеттілігі төмен</p> 	<p>(а)</p> 
		<p>(б) – энергияның диссипацияға қабілеттілігі жоғары</p> 
	<p>(в) – қорғасын өзегімен</p> 	<p>(в)</p> 
Үйкеліс-жылжымалы тіректер	<p>(г) – тегіс көлденең сырғу беттерімен</p> 	<p>(г)</p> 
	<p>(д) – бір маятникті, сфералық сырғу беттері бар</p> 	<p>(д)</p> 
	<p>(е) – екі маятникті, $R_1=R_2$ және $\mu_1=\mu_2$ кезінде сфералық сырғу беттерімен</p> 	<p>(е)</p> 

<p>(ж) – екі маятникті, $R_1=R_2$ және $\mu_1 \neq \mu_2$ кезінде сфералық сырғу беттерімен</p>		 <p>(ж)</p>
<p>(к) – үш маятникті, сфералық сырғу беттері бар</p>		 <p>(к)</p>

6.3 Эквивалентті сызықтық есептеу


6.3.1 [10.9.2(1)] Осы 6.3.5-кіші бөлімде келтірілген шарттарды ескере отырып, энергияны диссипациялау қабілеті төмен серпімді қабатты эластомерлік тіректерден тұратын сейсмикалық оқшаулау жүйесін эквивалентті сызықтық тұтқыр – серпімді қасиеттері бар жүйе түрінде, ал серпімді-пластикалық типтегі құрылғылардан тұратын сейсмикалық оқшаулау жүйесін екі сызықты гистерезис қасиеттері бар жүйе түрінде моделдеуге болады.

6.3.2 Егер эквивалентті сызықтық модель қолданылса, онда энергияның диссипациялану қабілеті төмен әрбір сейсмикалық оқшаулағыш серпімді қабатты эластомерлік тірек үшін 5.3.1 көрсеткіштерін ескере отырып есептелген тиімді қаттылықты (яғни суперқұрылымның толық есептелген орын ауыстыруындағы қималық қаттылықтың мәні – d_{db}) анықтау қажет. Сейсмикалық оқшаулау жүйесінің тиімді K_{eff} қаттылығы сейсмикалық оқшаулау элементтерінің тиімді қаттылықтарының жиынтығы болып табылады [10.9.2(2)].

ЕСКЕРТУ 1 – Энергияны диссипациялау қабілеті жоғары және қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің тиімді қаттылығын (6.1) Өрнек арқылы анықтау керек.

$$K_{eff} = \frac{F_{max}}{d_{db}} = k_2 + \frac{F_0}{d_{db}} = \frac{F_{max} - F_y}{d_{db} - d_y} + \frac{F_0}{d_{db}} \quad (6.1)$$

(6.1) Өрнекте қабылданған шартты белгілер 6.3-суретте көрсетілген.



6.3-сурет – Идеалдандырылған жүктеме-орын ауыстыру тәуелділігі (F-D), энергияны диссипациялау қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің және қорғасын өзектері бар тіректің беталысын сипаттайды

6.3 - суретте және (6.1) Өрнекте:

k_1 – монотонды артатын жүктеме кезіндегі тіректің бастапқы көлденең серпімді қаттылығы, жеңілдету кезіндегі қаттылыққа тең, (6.2) Өрнектен анықталады:

$$k_1 = \frac{F_y}{d_y}; \quad (6.2)$$

k_2 – (6.3) Өрнегінен анықталатын аққыштық шегінен тыс тіректің көлденең қаттылығы:

$$k_2 = \frac{F_{\max} - F_y}{d_{db} - d_y}; \quad (6.3)$$

F_{\max} – максималды көлденең күш;

F_y – аққыштық шегін сипаттайтын көлденең күш;

F_0 – кезеңдік жүктеме барысында нөлдік орын ауыстыруға сәйкес келетін көлденең күш;

d_y – аққыштық шегіне сәйкес келетін жүктеме кезінде орын ауыстыру;


W – есептелген орын ауыстыруға сәйкес келетін бір кезеңде бөлінетін энергия гистерезис топсасының жалпы ауданына тең және келесі Өрнек арқылы анықталады:

$$W = 4F_0(d_{db} - d_y); \quad (6.4)$$

ЕСКЕРТУ 2 – Сейсмикалық оқшаулағыш бір маятникті сырғу тіректерінің тиімді қаттылығын (6.5) Өрнек арқылы анықтау керек.

$$K_{\text{eff}} = \frac{F_{\max}}{d_{db}} = \frac{k d_{db} + \mu N}{d_{db}} = \frac{\frac{N}{R} d_{db} + \mu N}{d_{db}} = \frac{N}{R} + \frac{\mu N}{d_{db}} \quad (6.5)$$

(6.5) Өрнекте қабылданған шартты белгілер 6.4-суретте көрсетілген.



6.4 - сурет – Сейсмикалық оқшаулағыш бір маятникті сырғу тірегінің әрекетін сипаттайтын идеалдандырылған(F-D) жүктеме-орын ауыстыру тәуелділігі

6.4 - суретте және (6.5) Өрнекте:

k – үйкеліс күшінен асып кеткеннен кейін тіректің көлденең қаттылығы (6.6) Өрнегінен анықталады:

$$k = \frac{N}{R}; \quad (6.6)$$

F_0 – сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыдағы үйкеліс күші келесі Өрнек арқылы анықталады:

$$F_0 = \mu N; \quad (6.7)$$

N – сейсмикалық оқшаулағыш тірекке тік жүктеме;

R – тірек тақтасының сфералық бетінің қисықтық радиусы;

μ – сырғақтың сфералық бетіндегі сырғу үйкеліс коэффициенті;

W – есептелген орын ауыстыруға сәйкес келетін, бір кезеңде бөлінетін энергия - гистерезис топсасының жалпы ауданына тең және келесі Өрнек арқылы анықталады:

$$W = 4\mu N d_{db} = 4F_0 d_{db}; \quad (6.8)$$

6.3.3 [10.9.2(3)] Эквивалентті сызықтық моделді қолданған кезде сейсмикалық оқшаулау жүйесімен энергияның диссипациясы эквивалентті тұтқыр демпфер (ζ_{eff}) "тиімді демпфер" ретінде көрсетілуі керек. Тіректердегі энергияның диссипациясы қарастырылатын жиіліктер диапазонындағы тербеліс жиілігімен және меншікті тербеліс

формаларымен кезеңдік режимде диссипацияланған энергияны өлшеу нәтижелері бойынша анықталуы тиіс. Осы диапазоннан тыс жоғары формалар үшін модальды диссипация коэффициенті негізде қысылған Суперқұрылымның диссипация коэффициентіне тең болуы тиіс.

ЕСКЕРТУ 1 – Энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректер мен қорғасын өзегі тіректерінің тиімді ξ_{eff} тұтқыр демпферлік коэффициентінің мәндерін (6.9) Өрнек арқылы анықтау керек. (6.9) Өрнегінде қабылданған шартты белгілер 6.3-суретте көрсетілген.

$$\xi_{\text{eff}} = \frac{2F_0(d_{\text{db}} - d_y)}{\pi K_{\text{eff}} d_{\text{db}}^2}; \quad (6.9)$$

ЕСКЕРТУ 2 – Сейсмикалық оқшаулағыш бір маятникті сырғу тіректері мен жоғарғы және төменгі сфералық беттердің қисықтық радиустары бірдей және сфералық беттердегі сырғакты сырғу үйкеліс коэффициенттерінің бірдей мәндері бар екі маятникті сырғу тіректері үшін тиімді ξ_{eff} тұтқыр демпфер коэффициентінің мәндерін (6.10) Өрнек арқылы анықтау керек.

(6.10) Өрнекте қабылданған шартты белгілер 6.4-суретте көрсетілген.

$$\xi_{\text{eff}} = \frac{2}{\pi} \cdot \frac{1}{\frac{d_{\text{db}}}{\mu R} + 1}; \quad (6.10)$$

6.3.4 [10.9.2(4)] Жеке сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің тиімді қаттылығы немесе тиімді демпфері ξ_{eff} есептелген қозғалысына тәуелді болған жағдайда, қабылданған және есептелген мәндер арасындағы айырмашылық қабылданған мәннің 5% - на жеткенше итерациялық процедураны қолдану керек.

6.3.5 [10.9.2(5)] Сейсмикалық оқшаулау жүйесінің қасиеттерін келесі шарттардың барлығы орындалса, сызықтық қасиеттерге баламалы деп қарастыруға болады:

а) осы Кіші бөлімнің 6.3.2-де анықталған сейсмикалық оқшаулау жүйесінің тиімді қаттылығы $0,2d_{\text{dc}}$ орын ауыстырған кезде тиімді қаттылықтың кемінде 50% - % құрайды;

б) осы Кіші бөлімнің 6.3.3-де анықталған сейсмикалық оқшаулау жүйесін тиімді демпферлеу коэффициенті 30 %- дан аспайды;

в) сейсмикалық оқшаулау жүйесінің "күш-орын ауыстыру" диаграммасының сипаттамалары жүктеме жылдамдығы өзгерген кезде немесе тік жүктемелердің әсерінен 10% - дан аспайды;

г) $0,5d_{\text{dc}}$ және d_{dc} арасындағы орын ауыстыру үшін сейсмикалық оқшаулау жүйесіндегі қалпына келтіру күшінің ұлғаюы сейсмикалық оқшаулау жүйесіндегі жалпы гравитациялық жүктеменің кемінде 2,5% құрайды.

ЕСКЕРТУ – Шешім қабылдау кезеңінде сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың есептеулері сейсмикалық оқшаулағыш элементтердің сызықтық емес қасиеттерін ескере отырып жүргізілуі керек.

6.3.6 Егер сейсмикалық оқшаулау жүйесінің қасиеттері сызықтық қасиеттерге баламалы ретінде қарастырылса және сейсмикалық әсер осы Құралдың 5.1 сәйкес серпімді спектрдің көмегімен анықталса, онда диссипация бойынша спектрді түзету ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2.3 сәйкес жүзеге асырылуы керек [10.9.2(6)].

6.4 Жеңілдетілген сызықтық есептеу

6.4.1 [10.9.3(1)] Жеңілдетілген сызықтық есептеу әдісі бұраудан статикалық ықпалдар қолданылатын екі көлденең динамикалық ілгерілемелі қозғалысты қарастырады.

Бұл әдіс Суперқұрылым осы Кіші бөлімнің 6.4.2 және 6.4.3 шарттарына бағынатын

сейсмикалық оқшаулау жүйесінің үстінде орналасқан қатты, деформацияланбайтын дене деп болжайды.

Бұл жағдайда ілгерілемелі қозғалыстардың тиімді кезеңі келесі Өрнектен анықталады:

$$T_{\text{eff}} = 2\pi \sqrt{\frac{M}{K_{\text{eff}}}}, \quad (6.11)$$

мұнда:

M – Суперқұрылымның массасы;

K_{eff} – сейсмикалық оқшаулау жүйесінің тиімді көлденең қаттылығы (6.1) Өрнегімен анықталады (1-ескертудің 6.3.2 қараңыз);

ЕСКЕРТУ – Эластомерлік тіректері бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың тиімді кезеңдерін (оның ішінде қорғасын өзегі бар) d_{dc} -нің есептелген орын ауыстырулары кезінде (6.12) Өрнек арқылы да анықтауға болады:

$$T_{\text{eff}} = 2\pi \sqrt{\frac{Md_{\text{dc}}}{F_{\text{dc}}}}, \quad (6.12)$$

Есептелген d_{dc} орын ауыстыруларында бір маятникті сейсмикалық оқшаулағыш тіректері бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың тиімді кезеңдерін (6.13) Өрнек арқылы анықтауға болады:

$$T_{\text{eff}} = 2\pi \sqrt{\frac{1}{g \left(\frac{1}{R} + \frac{\mu}{d_{\text{dc}}} \right)}}, \quad (6.13)$$

6.4.2 [10.9.3(2)] Тиімді көлденең қаттылықты бағалау және оңайлатылған сызықтық есептеуді қолдану кезінде, егер екі негізгі көлденең бағыттың әрқайсысында сейсмикалық оқшаулау жүйесінің қаттылық орталығы мен Суперқұрылымның масса орталығының тік проекциясы арасындағы жалпы эксцентриситет (кездейсоқ эксцентриситетті қоса алғанда) қаралатын көлденең бағытқа көлденең болып табылатын бағытта оның ұзындығының 7,5% аспайтын болса, тік оське қатысты бұрау әсерін елемуге болады. Бұл жеңілдетілген сызықтық әдісті қолданудың қажетті шарты болып табылады.

ЕСКЕРТУ – Сондай-ақ, Суперқұрылым жүйесін базалық қағидаттар мен өлшемшарттарға қанағаттандыруға қатысты осы Құралдың 4.1.1, 4.3.2.2, 4.3.3.4 қараңыз.

6.4.3 [10.9.3(3)] Жеңілдетілген әдісті, егер олар барлық келесі шарттарға сәйкес келсе, баламалы сызықтық демпферлік қасиеттері бар сейсмикалық оқшаулау жүйелеріне қолдануға болады:

а) құрылыс алаңынан $M_s \geq 6,5$ магнитудасы 15 км-ден асатын ең жақын ықтимал қауіпті жарылымға дейінгі қашықтық;

б) Суперқұрылым жоспарындағы ең үлкен өлшем 50,0 м аспайды;

в) Субқұрылым, топырақтың синхронды емес қозғалыстарының әсерін азайту үшін жеткілікті қатаң болып табылады;

г) барлық сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылар, тік жүктемелерді қабылдайтын Субқұрылымнан жоғары орналасқан;

д) T_{eff} тербелісінің тиімді кезеңі келесі шартты қанағаттандырады:

$$3T_f \leq T_{\text{eff}} \leq 3 \text{ с}, \quad (6.14)$$

мұнда T_f – Суперқұрылымның тербелістерінің негізгі тонусының кезеңі оның негізде қатты қысылуын жорамалдауда (жеңілдетілген Өрнек бойынша анықталған).

6.4.4 [10.9.3(4)] Ғимараттарда, осы Кіші бөлімнің 6.4.3 - не қосымша, эквивалентті сызықтық демпферлік сейсмикалық оқшаулау жүйелеріне қолданылатын жеңілдетілген әдіс үшін келесі шарттардың барлығы қанағаттандырылуы тиіс:

- а) көлденең жүктемелерді қабылдайтын Суперқұрылымның құрылмалы жүйесі жоспардағы құрылыстың екі негізгі осіне қатысты тұрақты, симметриялы болуы тиіс;
- б) негіздегі Субқұрылымның тербелмелі тербелістерін елемеуге болады;
- в) сейсмикалық оқшаулау жүйесінің тік және көлденең қаттылығы арасындағы қатынас келесі Өрнекке бағынуы тиіс:

$$\frac{K_v}{K_{eff}} \geq 150. \quad (6.15)$$

- г) T_v тік тербелістерінің негізгі тонының кезеңі 0,1 секундтан аспауы тиіс, мұнда

$$T_v = 2\pi \sqrt{\frac{M}{K_v}}. \quad (6.16)$$

6.4.5 [10.9.3(5)] Сейсмикалық әсер ету кезінде қаттылық орталығының орын ауыстыруы әрбір көлденең бағытта келесі Өрнек бойынша есептелуі тиіс:

$$d_{dc} = \frac{M S_e(T_{eff}, \xi_{eff})}{K_{eff, min}}, \quad (6.17)$$

мұнда $S_e(T_{eff}, \xi_{eff})$ – 6.3.3 сәйкес ξ_{eff} тиімді демпферлеудің тиісті мәнін ескере отырып анықталған спектрлік үдеу.

6.4.6 [10.9.3(6)] Суперқұрылымның әр деңгейінде қолданылатын көлденең күштер келесі Өрнектің көмегімен әр көлденең бағытта есептелуі тиіс:

$$f_j = m_j S_e(T_{eff}, \xi_{eff}), \quad (6.18)$$

мұнда m_j – j деңгейінде шоғырланған масса.

6.4.7 [10.9.3(7)] 6.4.6-да қарастырылған күштер жүйесі табиғи және кездейсоқ эксцентриситеттердің үйлесуіне байланысты бұрау ықпалын тудырады.

6.4.8 [10.9.3(8)] Егер осы Кіші бөлімнің 6.4.2-дегі шарт орындалса, онда жеке сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыдағы бұраудың ықпалы осы Кіші бөлімнің 6.4.5 және 6.4.6-да көрсетілгендей анықталған әр бағытта алынған нәтижелерді келесі Өрнекпен анықталған δ_i коэффициентіне көбейту арқылы есептелуі мүмкін (x бағыты бойынша әрекет ету үшін):

$$\delta_{xi} = 1 + \frac{e_{toty}}{r_y^2} y_i, \quad (6.19)$$

мұнда:

y – қарастырылып отырған бағытқа көлденең бағыт x ;

(x_i, y_i) – тиімді қаттылық орталығына қатысты i сейсмикалық оқшаулағыш элементтің координаттары;

$e_{\text{tot},y}$ – y бағыты бойынша жалпы эксцентриситет;

r_y – сейсмикалық оқшаулау жүйесінің бұрау радиусы y бағытында, ол келесі Өрнекпен анықталады:

$$r_y^2 = \sum (x_i^2 K_{y_i} + y_i^2 K_{x_i}) / \sum K_{x_i}. \quad (6.20)$$

K_{x_i} және K_{y_i} – тиісінше x және y бағыттарындағы i элементтің тиімді қаттылығы болып табылады.

6.4.9 Суперқұрылымдағы бұрау әсерлері ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 6.5-кіші бөлімінің ережелеріне сәйкес бағалануы тиіс [10.9.3(9)].

6.5 Модалды жеңілдетілген сызықтық есептеу

6.5.1 [10.9.4(1)] Егер сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың беталысы эквивалентті сызықтық ретінде қарастырылуы мүмкін, бірақ 6.4.2 және 6.4.3 шарттарының кез келгені орындалмаса немесе 6.4.4 қолданылмаса, онда ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 6.3 сәйкес модалды-спектрлік есептеу орындалуы мүмкін.

6.5.2 [10.9.4(2)] Егер 6.4.3-тің барлық шарттары орындалса және 6.4.4 қолданылса, онда ғимараттың Субқұрылымы мен Суперқұрылымы қатты денелер сияқты жұмыс істейді деген болжаммен тік осьтің айналасындағы көлденең орын ауыстырулар мен бұрылыстар қарастырылатын жеңілдетілген есептеу қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда есептеу кезінде Суперқұрылым массасының жалпы эксцентриситеті (ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 6.5 сәйкес кездейсоқ эксцентриситетті қоса алғанда) ескерілуі тиіс. Құрылыстың әр нүктесіндегі орын ауыстырулар ілгерілемелі және бұралмалы орын ауыстыруларды біріктіру арқылы есептелуі тиіс. Бұл тек әрбір сейсмикалық оқшаулағыш элементтің тиімді қаттылығын бағалауға қатысты. Инерциялық күштер мен сәттер сейсмикалық оқшаулағыш элементтерді, сондай-ақ құрылыстың Субқұрылымы мен Суперқұрылымын тексеру кезінде ескерілуі тиіс.

6.6 Уақытша салада есептеу

6.6.1 Егер сейсмикалық оқшаулау жүйесін эквивалентті сызықтық модель ретінде ұсыну мүмкін болмаса (яғни, егер шарттар 6.3.5-те орындалмаса), онда ғимараттың сейсмикалық реакциясы сейсмикалық есептеу жағдайында күтілетін деформациялар мен жылдамдықтар диапазонында сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың беталысын барабар қайталауға мүмкіндік беретін белгіленген тәуелділіктерді пайдалана отырып, уақыт бойынша топырақтың сейсмикалық қозғалыстарының жазбалары арқылы бағалануы тиіс [10.9.5(1)P].

ЕСКЕРТУ 1 – Жасанды, аспаптық және синтезделген акселерограммаларды қолдана отырып, ғимараттар мен имараттардың есептеулерін жер сілкінісіне төзімді құрылыс саласында маманданған ғылыми-зерттеу ұйымдарының қатысуымен орындау керек (4.3.1.1.7 ҚР НТҚ 08-01.1 қараңыз).

Уақыт өте келе топырақтың сейсмикалық қозғалысының жазбалары арқылы орындалатын есептеуді, сейсмикалық оқшауланған ғимараттың орын ауыстыруын және

оған түсетін сейсмикалық жүктемелерді анықтаудың қолайлы әдісі ретінде қарастыруға болады.

Сейсмикалық оқшауланған ғимараттың сейсмикалық реакциясын уақыт бойынша топырақтың сейсмикалық тербелістерінің жазбалары арқылы бағалау барлық жағдайларда ұсынылады.

Аспаптық жазбалардың амплитудалық, спектрлік сипаттамалары мен тиімді ұзақтығы сейсмикалық әсердің аймақтық сипаттамаларына сәйкес келуі тиіс. Тиімді ұзақтық деп қарқындылығы максимумның кемінде жартысы болатын негіз топырағының тербелістерінің ұзақтығы түсініледі.

ЕСКЕРТУ 2 – Уақытша облыста ғимаратты немесе имаратты есептеуді орындау үшін сейсмикалық оқиғалар кезінде топырақтың қозғалысын сипаттайтын кемінде жеті жазбаны пайдалану ұсынылады (4.3.1.1.6 ҚР НТҚ 08-01.1 қараңыз).

6.7 Құрылмалық емес элементтер

6.7.1 [10.9.6(1)P] Құрылмалық емес элементтерді есептеу сейсмикалық оқшаулаудың динамикалық әсерлерін міндетті түрде қарастыра отырып, ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 6.8 сәйкес орындалуы тиіс (сондай-ақ, 6.8.1 ҚР НТҚ 08-01.2 қараңыз).

6.8 Айнымалы шекті күйдегі қауіпсіздік тексерулері (ULS)

6.8.1 [10.10(1)P] Субқұрылым оған тікелей қолданылатын инерция күштерінің әсеріне, сондай-ақ оған сейсмикалық оқшаулау жүйесі берген күштер мен сәттерге тексерілуі тиіс.

6.8.2 [10.10(2)P] Субқұрылым мен Суперқұрылымның айнымалы шекті ахуалын ҚР НТҚ-да ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 басқа тиісті бөлімдеріне анықталған γ_m мәндерін пайдалана отырып тексеру қажет γ_m .

ЕСКЕРТУ 1 – Сондай-ақ, 4.2.1, 4.3.3.4 ескертулерін қараңыз.

ЕСКЕРТУ 2 – ҚР НТҚ-ы ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 5 және 6-бөлімдеріне жер сілкінісіне төзімді ғимараттардың бетон және болат тірек құрылмаларын жобалау бойынша талаптар, нұсқаулар мен ұсынымдар ұсынады. Жер сілкінісіне төзімді ғимараттардың композиттік болат бетонды көтеруші құрылмалары ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің 7-бөлімінде қосымша ережелерге сәйкес жобалануы керек.

6.8.3 [10.10(3)P] Субқұрылым мен Суперқұрылымның теңдігі мен кедергісіне қатысты қауіпсіздік тексерулерін ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 7-бөлімінің ережелеріне сәйкес орындау керек. Капаситивті жобалау талаптарын және глобалды немесе жергілікті иілімділік шарттарын сақтаудың қажеті жоқ.

ЕСКЕРТУ – Сонымен қатар 4.2.8 және 4.2.9, сондай-ақ 5.2.1 қараңыз.

6.8.4 [10.10(4)] Сейсмикалық оқшауланған ғимараттарда Субқұрылым мен Суперқұрылымның құрылмалық элементтері диссипативті емес ретінде жобалануы мүмкін.

Ғимараттардың бетон, болат немесе болат бетон қарсылық жүйелері үшін төмен диссипативті беталыс тұжырымдамасына сәйкес келетін төмен (DCL) тұжырымдамалық иімділік класы қабылдануы мүмкін және сәйкесінше, 5.3, 6.1.2(2)P, 6.1.2(3) және 6.1.2(4)

немесе 7.1.2(2)Р және 7.1.2(3) ҚР ЕЖ 1998-1:2004/2012 ережелері, сондай-ақ ҚР ЕЖ EN 1998-1:2004/2012 нормативінің Бөлімдеріне тиісті ҚР НТҚ ережелері қолданылады.

ЕСКЕРТУ – Сонымен қатар, 2-ескертудің 6.8.2, және сондай-ақ, 4.2.8 және 4.2.9 қараңыз.

6.8.5 [10.10(5)] Ғимараттарда 1,5-тен аспайтын q беталысының коэффициентіне бөлінген сейсмикалық әсерді ескере отырып, Суперқұрылымның құрылымдық элементтерінің қарсылық шарттары қанағаттандырылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ – Сонымен қатар, 2- ескертудің 5.2.1 және 6.8.2 қараңыз.

6.8.6 [10.10(6)P] Сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың тұрақтылығының ықтимал жоғалуын және γ_M ұлттық анықталған мәндерін пайдалануды ескере отырып, сейсмикалық оқшаулау жүйесінің қарсылығын 4.2.2-де келтірілген γ_x коэффициентін ескере отырып бағалануы тиіс.

ЕСКЕРТУ – γ_M мәндеріне қатысты, сондай-ақ ҚР НТҚ нормативін ҚР ЕЖ EN 1998-1: 2004/2012 нормативінің басқа да тиісті бөлімдеріне қараңыз.

6.8.7 [10.10(7)] Сейсмикалық оқшаулау жүйесінің типіне және қарастырылып отырған сейсмикалық оқшаулағыш құрылғылардың түріне байланысты олардың төзімділігі келесі параметрлердің әрқайсысы бойынша айнымалы шекті күйде бағалануы тиіс:

а) – сейсмикалық есептеу жағдайында мүмкін болатын ең жоғары тік және көлденең күштері, соның ішінде төңкерілу ықпалы ескеріле отырып;

б) – сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың төменгі және жоғарғы беттері арасындағы жалпы салыстырмалы көлденең орын ауыстыруы; сейсмикалық есептеу жағдайында жалпы көлденең орын ауыстыру есептелген сейсмикалық әсерден туындаған деформацияны және арматураның отыруына, жылжымалылығына, температуралық әсеріне және керілуіне байланысты ықпалдарды қамтуы тиіс (егер Суперқұрылым алдын ала кернелген болса).

А - ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

Функциялық мақсаты бойынша II, III, IV жауапкершілік кластарына жатқызылған және қабаттар саны 5 (беске) дейінгіні қоса алғанда, Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды талдау үшін серпімді реакциялар спектрлерін құру мысалдары

A1. Жалпы мәліметтер

A1.1 Осы А - қосымшамен осы Құралдың ережелеріне сәйкес жобаланатын сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың қарсылық құрылмалы жүйелерінің уақытша саласында есептеу (талдау) кезінде қолданылатын жасанды акселерограммаларды өндіру үшін пайдаланылатын үдеулерде серпімді реакциялар спектрлерін құру бойынша нұсқаулар мен ұсынымдар беріледі:

- функциялы мақсаты бойынша жауапкершілік кластарына жатқызылған – II, III немесе IV (сондай-ақ 5.1, 5.2 және ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.1-кестесін қараңыз);
- қабаттар саны 5 (беске) дейін қоса алғанда Суперқұрылымдары бар, олар қабаттар бойынша жауапкершілік кластарына жатқызылуы мүмкін – I немесе II (сондай-ақ 5.1, 5.2 және ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.2-кестесін қараңыз).

ЕСКЕРТУ 1 – А-қосымша 6.6-кіші бөлімнің нұсқауларын толықтырады және дамытады.

ЕСКЕРТУ 2 – Ғимараттардың құрылмалы қарсылық жүйелері олардың көтеруші құрылмаларының сызықтық-серпімді жұмысы болжамымен зерттеледі (сонымен қатар 4.2.7 қараңыз).

ЕСКЕРТУ 3 – ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2 сәйкес сейсмикалық әсердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакциялар спектрлері ординаттарының мәндерін $\xi=5\%$ тұтқыр демпферлеу коэффициентімен есептеу керек.

A1.2 Осы Қосымшаның 1.1-де көрсетілген сейсмикалық оқшауланған ғимараттар үшін серпімді реакциялар спектрлерін құру мысалдарында шартты түрде келесі бастапқы деректер ескерілді:

- құрылыс аймағының сейсмикалық қауіптілігі ОСЗ-1₄₇₅ картасына сәйкес бағаланады және $a_{gR(475)} = 0,5g$ мәнімен сипатталады;
- құрылыс аймағының сейсмикалық қауіптілігі ОСЗ-1₂₄₇₅ картасына сәйкес бағаланады және $a_{gR(2475)} = 0,6g$ мәнімен сипатталады;
- құрылыс алаңы сейсмикалық қасиеттері бойынша II (бірінші) топырақ жағдайымен сипатталады (сонымен қатар 3.2 және ҚР НТҚ 08-01.1-2017 нормативінің 3.1-кестесін қараңыз);
- құрылыс алаңында көлденең сейсмикалық ықпалдарды күшейтудің топографиялық әсерлерін ескеретін коэффициент $S_T = 1,0$ тең болып қабылданды (сондай-ақ ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 3.3.4 қараңыз).

ЕСКЕРТУ – Құрылыстың шартты алаңын сипаттайтын сейсмикалық жағынан қандай да бір қолайсыз факторлар байқалмайды деп болжанады.

A1.3 Осы Қосымшаның 1.1-де көрсетілген сейсмикалық оқшауланған ғимараттар үшін серпімді реакциялар спектрін құру процесі екі негізгі кезеңде (бірінші және екінші) орындалуы керек.

Үдеудегі серпімді реакциялар спектрлерін құрудың екінші кезеңінің алдында ғимараттың функциялық мақсаты бойынша жіктелуін нақтылауды ескере отырып құрылыс алаңындағы сейсмикалық әсерлердің есептік қарқындылығын анықтаудың міндетті бірінші кезеңі болуы тиіс.

ЕСКЕРТУ – Ғимараттардың жіктелуіне байланысты кезеңдердің мазмұны туралы толығырақ осы Қосымшада сәйкесінше А2, А3 және А4 (А(1), А(2) және А (3) мысалдары) бөлімдерін қараңыз.

А2. А(1) мысалы - Функциялық мақсаты бойынша II (екінші) жауапкершілікке жатқызылған және 5 қабатты Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимаратты талдау үшін үдеулерде серпімді реакциялар спектрін құру.

А2.1 Серпімді реакциялар спектрін құрудың бірінші кезеңінде бұзудың болмауы жөніндегі талапты тексеру кезінде құрылыс алаңында көлденең сейсмикалық әсердің есептік қарқындылығын сипаттайтын a_g ең жоғары үдеуінің мәні ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.1.1 нұсқауларына сәйкес анықталуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ – А(1) Мысалының шеңберінде сейсмикалық микроаймақтандыру (СМА) карталарының мәліметтері жоқ деп болжанады, сондықтан a_g шыңының үдеуінің мәнін ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (4.1) Өрнектің көмегімен анықтауға болады, онда $a_{g(475)}$ және $a_{g(2475)}$ – құрылыс алаңындағы көлденең шыңның үдеуінің мәндері оның нақты топырақты және топографиялық жағдайлары кезінде ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (3.3), (3.4) және (4.1) Өрнектің көмегімен 3.3.2, 3.3.3, 3.3.4 және 4.1.1-нұсқауларына сәйкес анықталуы мүмкін.

Осы Қосымшаның А1.1-де ескертілген және функциялық мақсаты бойынша II (екінші) жауапкершілік класына жатқызылған ғимараттар үшін γ_1 жауапкершілік коэффициентінің мәні $\gamma_1 = 1,0$ -ге тең болуы тиіс (ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.3-кестесін қараңыз).

ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.1.1 нұсқауларына сәйкес және осы Қосымшаның А1.2-де келтірілген бастапқы деректерді ескере отырып, бұзушылықтың болмауы жөніндегі талапты тексеру кезінде ескерілетін a_g үдеуінің есептік мәні ретінде ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінде (4.1) Өрнектің көмегімен анықталатын екі мәннен көп мәнді қабылдау керек.

Осылайша, нәтиже ретінде қабылданады: $a_g = \gamma_1 a_{g(475)} = 1,0 * 0,5g = 0,5g$.

А2.2 Спектрді құрудың екінші кезеңінде осы Қосымшаның А1.1 және А1.2-де келтірілген бастапқы деректерді, сондай-ақ сейсмикалық әсердің көлденең компоненттерін сипаттайтын $S_e(T)$ серпімді реакциялар спектрінің ординаталарының мәндерін анықтау үшін $\xi=5\%$ тұтқыр демпфирлеу коэффициентінде жоғарыдағы А2.1-дегі бағаларды ескере отырып, ҚР НТҚ 08-01.1-2017 нормативінің 4.2.2 бөлімшесінің нұсқауларын пайдалануға болады.

ЕСКЕРТУ 1 – ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2.1 сәйкес, ғимараттың немесе имараттың бұзылмауы жөніндегі талаптарды тексеру кезінде ескерілетін сейсмикалық әсердің көлденең компоненттерін сипаттайтын үдеулердегі серпімді реакциялар спектрлерінің $S_e(T)$ мәндері ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің (4.2) – (4.4) Өрнектерінің көмегімен анықталады:

$$0 \leq T \leq T_B: S_e(T) = a_g \cdot \left[1 + \frac{T}{T_B} \cdot (\eta \cdot 2,5 - 1) \right]; \quad (4.2)$$

$$T_B \leq T \leq T_C: S_e(T) = a_g \cdot \eta \cdot 2,5 ; \quad (4.3)$$

$$T_c \leq T: \quad S_e(T) = a_g \cdot \eta \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{T_c}{T} \right] \quad (4.4)$$

мұнда

$S_e(T)$ – сейсмикалық әсердің көлденең компонентін сипаттайтын серпімді реакциялар спектрі;

T – бір еркіндік дәрежесі бар сызықтық жүйенің тербеліс кезеңі, сек;

a_g – негіздіктің есептік үдеуі $a_g = 0,5g$ -ге тең деп қабылданады (осы Қосымшаның А 2.1-ін қараңыз);

T_B – спектрлік үдеу кестесінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің ең төменгі мәні; қаралатын жауапкершілік кластарының ғимараттары үшін және сейсмикалық қасиеттері бойынша I топырақ жағдайлары **ІБ** типі кезінде $T_B = 0,15$ сек тең болып қабылданады (осы Қосымшаның А1.1, А1.2, сондай-ақ 4.2.2.2 және ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.1-кестесін қараңыз);

T_C – спектрлік үдеу кестесінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің ең жоғары мәні; қаралатын жауапкершілік кластарының ғимараттары үшін және сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайлары **ІБ** типі кезінде $T_C = 0,44$ сек тең болып қабылданады (осы қосымшаның А1.1, А1.2, сондай-ақ 4.2.2.2 және ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.1-кестесін қараңыз);

η – $\xi = 5\%$ тұтқыр демпфирлеу коэффициенті үшін $\eta = 1$ мәні бар демпфирлеу бойынша түзету коэффициенті (Осы Қосымшаның 3-ескертпесінің А1.1, сондай-ақ ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2.1 қараңыз).

Реакциялар спектрінің ординаттарын анықтау үшін (ҚР НТҚ 08-01.1-2017 нормативіндегі 4.2) – (4.4) Өрнектерінде (g үлестерінде) жоғарыда айқындалған a_g , T_B , T_C , η мәндерін ауыстырамыз және нәтижелері ретінде аламыз:

$$\text{при } 0 \leq T \leq 0,15 \text{ сек: } S_e(T) = a_g \cdot \left[1 + \frac{T}{T_B} (\eta \cdot 2,5 - 1) \right] = 0,5 \cdot \left[1 + \frac{T}{0,15} (1 \cdot 2,5 - 1) \right] = 0,5 \cdot (1 + 10T);$$

$$\text{при } 0,15 \leq T \leq 0,44 \text{ сек: } S_e(T) = a_g \cdot \eta \cdot 2,5 = 0,5 \cdot 1 \cdot 2,5 = 1,25;$$

$$\text{при } 0,44 \text{ сек} \leq T: \quad S_e(T) = a_g \cdot \eta \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{T_c}{T} \right] = 0,5 \cdot 1 \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{0,44}{T} \right] = \frac{0,55}{T}.$$

ЕСКЕРТУ 2 – Көлденең сейсмикалық әсерлерді сипаттайтын серпімді реакция спектрі II (екінші) жауапкершілік класына жатқызылған және сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының **ІБ** типі кезінде қоса алғанда 5 (беске) дейінгі Суперқұрылым қабаттарының саны бар сейсмикалық окшауланған ғимарат үшін А. 1-суретте тұтас сызықпен көрсетілген.

А3 А(2) мысалы - Функциялық мақсаты бойынша III (үшінші) жауапкершілік класына жатқызылған және 5 қабатты Суперқұрылымы бар сейсмикалық окшауланған ғимаратты талдау үшін үдеулерде серпімді реакциялар спектріні құру

А3.1 Спектрді құрудың бірінші кезеңінде будың болмауы жөніндегі талапты тексеру кезінде құрылыс алаңында көлденең сейсмикалық әсердің есептік қарқындылығын сипаттайтын a_g шындық үдеуінің мәні нұсқауларға сәйкес, ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.1.1-де және осыған ұқсас түрде, А2.1-де айтылғандай анықталуы мүмкін.

Осы Қосымшаның А.1. 1-де келісілген және функциялық мақсаты бойынша III (үшінші) жауапкершілік класына жатқызылған ғимараттар үшін γ_1 жауапкершілік коэффициентінің мәнін $\gamma_1 = 1,25$ -ке тең етіп қабылдау керек (ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.3-кестесін қараңыз).

Осылайша, нәтиже ретінде қабылданады: $a_g = \gamma_1 a_{g(475)} = 1,25 * 0,5g = 0,625g$.

А3.2 Спектрді құрудың екінші кезеңінде, осы Қосымшаның А1.1 және А1.2-де келтірілген бастапқы деректерді, сондай-ақ сейсмикалық әсердің көлденең

компоненттерін сипаттайтын $S_e(T)$ серпімді реакциялар спектрінің ординаталарының мәндерін айқындау үшін $\xi=5\%$ тұтқыр демпфирлеу коэффициенті кезінде жоғарыдағы А3.1-дегі бағалауды назарға ала отырып, ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2-кіші бөлімінің нұсқауларын және А2.2-де айтылғандай ұқсас тәсілмен пайдалануға болады.

ЕСКЕРТУ 1 – ҚР НТҚ 08-01.1-2017 нормативіндегі (4.2) – (4.4) Өрнектердегі реакциялар спектрінің ординаттарын (g үлесімен) анықтау үшін А2.2-де жоғарыда анықталған T_B , T_C , η мәндерін, А3.1-де анықталған a_g мәнін қоя отырып, нәтижелер ретінде аламыз:

$$\text{при } 0 \leq T \leq 0,15 \text{ сек: } S_e(T) = a_g \cdot \left[1 + \frac{T}{T_B} (\eta \cdot 2,5 - 1) \right] = 0,625 \cdot \left[1 + \frac{T}{0,15} (1 \cdot 2,5 - 1) \right] = 0,625 \cdot (1 + 10T);$$

$$\text{при } 0,15 \leq T \leq 0,44 \text{ сек: } S_e(T) = a_g \cdot \eta \cdot 2,5 = 0,625 \cdot 1 \cdot 2,5 = 1,5625;$$

$$\text{при } 0,44 \text{ сек} \leq T: S_e(T) = a_g \cdot \eta \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{T_C}{T} \right] = 0,625 \cdot 1 \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{0,44}{T} \right] = \frac{0,6875}{T}.$$

ЕСКЕРТУ 2 – Көлденең сейсмикалық әсерді сипаттайтын, жауапкершіліктің III (үшінші) класына жатқызылған және сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының IB типі кезінде қоса алғанда 5 (беске) дейінгі Суперқұрылым қабаттарының саны бар сейсмикалық оқшауланған ғимарат үшін серпімді реакция спектрі А. 1-суретте нүктелі сызықпен көрсетілген.

А4 А(3) мысалы – Функциялық мақсаты бойынша IV (төртінші) жауапкершілік класына жатқызылған және 5 қабатты Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимаратты талдау үшін үдеулерде серпімді реакциялар спектрін құру

А4.1 Спектрді құрудың бірінші кезеңінде бұзушылықтың болмауы жөніндегі талапты тексеру кезінде құрылыс алаңында көлденең сейсмикалық әсердің есептік қарқындылығын сипаттайтын a_g ең жоғары үдеуінің мәні нұсқауларға сәйкес, ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.1.1-де және осыған ұқсас түрде, жоғарыда А2.1 және А3.1-де айтылғандай анықталуы мүмкін.

Осы Қосымшаның А1.1-де ескертілген және функциялық мақсаты бойынша жауапкершіліктің IV (төртінші) класына жатқызылған ғимараттар үшін γ_1 жауапкершілік коэффициентінің мәні $\gamma_1 = 1,5$ -ке тең болуы керек (ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.3-кестесін қараныз).

Осылайша, нәтиже ретінде қабылданады: $a_g = \gamma_1 a_g(475) = 1,5 * 0,5g = 0,75g$.

А4.2 Спектрді құрудың екінші кезеңінде осы Қосымшаның А1.1 және А1.2-де келтірілген бастапқы деректерді, сондай-ақ сейсмикалық әсердің көлденең компоненттерін сипаттайтын $S_e(T)$ серпімді реакциялар спектрінің ординаталарының мәндерін айқындау үшін $\xi=5\%$ тұтқыр демпфирлеу коэффициенті кезінде жоғарыдағы А4.1-дегі бағалауды назарға ала отырып, ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2-кіші бөлімінің нұсқауларын және жоғарыда А2.2 және А3.2 айтылғандай ұқсас тәсілмен пайдалануға болады.

ЕСКЕРТУ 1 – ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (4.2) – (4.4) Өрнектердегі реакциялар спектрінің ординаттарын (g үлесімен) анықтау үшін А2.2 және А3.2 -де жоғарыда анықталған T_B , T_C , η мәндерін, А4.1-де анықталған a_g мәнін қоя отырып, нәтижелер ретінде аламыз:

$$\text{при } 0 \leq T \leq 0,15 \text{ сек: } S_e(T) = a_g \cdot \left[1 + \frac{T}{T_B} (\eta \cdot 2,5 - 1) \right] = 0,75 \cdot \left[1 + \frac{T}{0,15} (1 \cdot 2,5 - 1) \right] = 0,75 \cdot (1 + 10T);$$

при $0,15 \leq T \leq 0,44$ сек: $S_e(T) = a_g \cdot \eta \cdot 2,5 = 0,75 \cdot 1 \cdot 2,5 = 1,875$;


при $0,44 \text{ сек} \leq T$: $S_e(T) = a_g \cdot \eta \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{T_c}{T} \right] = 0,75 \cdot 1 \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{0,44}{T} \right] = \frac{0,825}{T}$.

ЕСКЕРТУ 2 – Көлденең сейсмикалық әсерді сипаттайтын серпімді реакция спектрі Суперқұрылым қабаттарының саны қоса алғанда 5 (беске) дейінгі сейсмикалық оқшауланған ғимарат үшін жауапкершіліктің IV (төртінші) класына жатқызылған және сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының ІБ типі кезінде А. 1-суретте штрих нүктелі сызықпен көрсетілген.

А5 Сейсмикалық әсердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакция спектрлерінің формалары

А5.1 Осы Қосымшаның А1.1 – де көрсетілген және функциялық мақсаты бойынша II, III немесе IV жауапкершілік кластарына жатқызылған Суперқұрылым қабаттары 5 (беске) дейін қоса алғанда саны бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттар үшін $\xi = 5\%$ тұтқыр демпферлеу коэффициентінде және топырақ жағдайлары ІБ типінде салынған сейсмикалық әсердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакциялардың қалыпқа келтірілген спектрлерінің жалпы түрлері сейсмикалық қасиеттері бойынша А. 1-суретте көрсетілген.

ЕСКЕРТУ – Сондай-ақ, 2-ескертудің А 2.2, 2-ескертудің А 3.2, 2-ескертудің А 4.2 қараңыз.



А.1 – сурет – Сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін қалыпқа келтірілген спектрлерінің формалары

Б - ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

II, III, IV функциялық мақсаты бойынша жауапкершілік кластарына жатқызылған және 5 (бес) қабаттан асатын Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттарды талдау үшін серпімді реакциялар спектрлерін құру мысалдары**Б1. Жалпы мәліметтер**

Б1.1 Осы Б – Қосымшасы осы Құралдың ережелеріне сәйкес жобаланатын сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың құрылымдық қарсылық жүйелерін есептеу (талдау) кезінде қолданылатын жасанды акселерограммаларды өндіру үшін пайдаланылатын үдеулерде серпімді реакциялар спектрлерін құру бойынша нұсқаулар мен ұсынымдар береді:

- функциялық мақсаты бойынша жауапкершілік кластарына жатқызылған – II, III немесе IV (сондай-ақ 5.1, 5.2 және ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.1-кестесін қараңыз);
- қабаттарының саны 5 (бестен) асатын Суперқұрылымдары бар, олар қабаттылығы бойынша жауапкершілік кластарына жатқызылуы мүмкін – III немесе IV (сондай-ақ 5.1, 5.2 және ҚР НТҚ 08-01.2-2021 нормативінің 5.2-кестесін қараңыз).

ЕСКЕРТУ 1 – Б– қосымшасы 6.6-кіші бөлімнің нұсқауларын толықтырады және дамытады.

ЕСКЕРТУ 2 – Қабаттылық бойынша жауапкершіліктің IV (төртінші) класына жатқызылған және қабаттар саны 13-19 (биіктігі $42 \leq H < 66$ м) Суперқұрылымдары бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттарға қатысты; сондай – ақ, 2–ескертудің 3.2.3 қараңыз.

ЕСКЕРТУ 3 – Сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың құрылымдық қарсылық жүйелері олардың көтеруші құрылымдарының сызықтық-серпімді жұмысы туралы болжаммен зерттеледі (4.2.7 қараңыз).

ЕСКЕРТУ 4 – ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2 сәйкес сейсмикалық әсердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакциялар спектрлері ординаттарының мәндерін $\xi=5\%$ тұтқыр демпферлеу коэффициентімен есептеу керек.

Б1.2 Осы Қосымшаның 1.1-де көрсетілген сейсмикалық оқшауланған ғимараттар үшін серпімді реакциялар спектрлерін құру мысалдарында шартты түрде келесі бастапқы деректер ескерілді:

- құрылыс аймағының сейсмикалық қауіптілігі ОСЗ-1₄₇₅ картасына сәйкес бағаланады және $a_{gR(475)} = 0,5g$ мәнімен сипатталады;
- құрылыс аймағының сейсмикалық қауіптілігі ОСЗ-1₂₄₇₅ картасына сәйкес бағаланады және $a_{gR(2475)} = 0,6g$;
- құрылыс алаңы сейсмикалық қасиеттері бойынша ІБ (бірінші) типті топырақ жағдайымен сипатталады (сонымен қатар 3.2 және ҚР НТҚ 08-01-1 нормативінің 3.1-кестесін қараңыз);
- құрылыс алаңында көлденең сейсмикалық әсерлерді күшейтудің топографиялық әсерлерін ескеретін коэффициент $S_T = 1,0$ тең болып қабылданды (сондай-ақ, ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 3.3.4 қараңыз).

ЕСКЕРТУ – Құрылыстың шартты алаңын сипаттайтын сейсмикалық жағынан қандай да бір қолайсыз факторлар байқалмайды деп болжанады.

Б2 Б(1)-мысал – 5 (бес)қабаттан асатын Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимаратты талдау үшін үдеудегі серпімді реакциялар спектрін құру

Б2.1 Бірінші кезеңде бұзушылықтың болмауы жөніндегі талапты тексеру кезінде құрылыс алаңында көлденең сейсмикалық әсердің есептік қарқындылығын сипаттайтын

аg шыңының үдеуінің мәні ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.1.1 нұсқауларына сәйкес анықталуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ – Б (1) мысалының шеңберінде сейсмикалық микроаймақтандыру (СМА) карталарының мәліметтері жоқ деп болжанады, сондықтан a_g шыңының үдеуінің мәнін ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (4.1) Өрнектің көмегімен анықтауға болады, онда $a_{g(475)}$ және $a_{g(2475)}$ – құрылыс алаңындағы көлденең шыңның үдеуінің мәндері оның нақты топырақты және топографиялық жағдайлары кезінде ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (3.3) және (3.4) (4.1) Өрнектің көмегімен және 3.3.2, 3.3.3, 3.3.4 -нұсқауларына сәйкес анықталуы мүмкін.

Осы Қосымшаның Б1.1-де келісілген және функциялық мақсаты бойынша **II** (екінші) жауапкершілік класына жатқызылған ғимараттар үшін γ_I жауапкершілік коэффициентінің мәні $\gamma_I = 1,0$ -ге тең болуы тиіс (ҚР НТҚ 08-01.2-2021 нормативінің 5.3-кестесін қараңыз).

ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.1.1 нұсқауларына сәйкес және осы Қосымшаның Б1.2-де келтірілген бастапқы деректерді ескере отырып, бұзушылықтың болмауы жөніндегі талапты тексеру кезінде ескерілетін a_g үдеуінің есептік мәні ретінде ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (4.1) Өрнектің көмегімен анықталатын екі мәннен көп мәнді қабылдау керек.

Осылайша, нәтиже ретінде қабылданады: $a_g = \gamma_I a_{g(475)} = 1,0 * 0,5g = 0,5g$.

Осы Қосымшаның Б1.1-де келісілген және функциялық мақсаты бойынша **III** (үшінші) жауапкершілік класына жатқызылған ғимараттар үшін γ_I жауапкершілік коэффициентінің мәні $\gamma_I = 1,25$ тең болуы тиіс (ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.3-кестесін қараңыз).

Осылайша, нәтиже ретінде қабылданады: $a_g = \gamma_I a_{g(475)} = 1,25 * 0,5g = 0,625g$.

Осы Қосымшаның Б1.1-де келісілген және функциялық мақсаты бойынша жауапкершіліктің **IV** (төртінші) класына жатқызылған ғимараттар үшін γ_I жауапкершілік коэффициентінің мәні $\gamma_I = 1,5$ тең болуы керек (ҚР НТҚ 08-01.2-2021 нормативінің 5.3-кестесін қараңыз).

Осылайша, нәтиже ретінде қабылданады: $a_g = \gamma_I a_{g(475)} = 1,5 * 0,5g = 0,75g$.

B2.2 Екінші кезеңде осы Қосымшаның Б1.1 және Б1.2-де келтірілген бастапқы деректерді, сондай-ақ жоғарыдағы B2.1-дегі бағаларды ескере отырып, $\xi=5\%$ тұтқыр демпферлік коэффициентпен, сейсмикалық әсердің көлденең компоненттерін сипаттайтын $S_e(T)$ серпімді реакциялар спектрінің ординаталарының мәндерін анықтау үшін, ҚР НТҚ 08-01.1-2017 нормативінің 4.2.2-кіші бөлімінің нұсқауын пайдалануға болады.

ЕСКЕРТУ – ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2.1 сәйкес, ғимараттың немесе имараттың бұзылмауы жөніндегі талаптарды тексеру кезінде ескерілетін сейсмикалық әсердің көлденең компоненттерін сипаттайтын үдеулердегі серпімді реакциялар спектрлерінің $S_e(T)$ мәндері ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (4.2) - (4.4) Өрнектерінің көмегімен анықталады.

B2.3 Талап етіледі делік: II, III, IV жауапкершілік кластары және Суперқұрылымдағы қабаттар саны бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттардың уақытша аймағында есептеу кезінде ескерілетін сейсмикалық әсердің көлденең компоненттерін сипаттайтын үдеулерде серпімді реакциялар спектрлерін салу 14 (он төрт). ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2 ережелеріне сәйкес спектрлер ординаттарының мәндерін $\xi=5\%$ тұтқыр демпфирлеу коэффициентімен есептеу керек

5.1.2 б) осы Құралға сәйкес II, III, IV жауапкершілік кластары және 5-тен астам қабаттар саны бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттар үшін сейсмикалық әсердің әрбір компонентін сипаттайтын серпімді реакциялар спектрлері ординаттарының мәндері туындылар ретінде анықталуы керек:

– 5.1.2 а) $\gamma_1=1,0$ кезінде осы Құралға сәйкес анықталған, реакциялар спектрлерінің ординаттарының мәндері, және

– арттыру коэффициентінің сәйкес мәндері $\gamma_h(T)$.

$\gamma_h(T)$ коэффициентінің мәндерін осы Құралдың 5.1.4 – тегі (5.1) - (5.3) Өрнектерінің көмегімен анықтау керек, бірақ кем емес қабылдау керек:

– III жауапкершілік класындағы ғимараттар үшін – 1,25;

– IV жауапкершілік класындағы ғимараттар үшін – 1,50.

5.1.2 а) сәйкес анықталған реакциялар спектрі ретінде А -қосымшасының А (1)-мысалында құрылған реакциялар спектрін қабылдаймыз.

γ_1 коэффициентінің мәндері ҚР НТҚ 08-01.02 нормативінің 5.3-кестесіне сәйкес қабылданған, және сәйкесінше Б. 1, б. 2 мен Б. 3 кестелерінде келтірілген II, III немесе IV жауапкершілік кластарына жатқызылған ғимараттардың 14 қабатты Суперқұрылымдары үшін осы Құралдың 5.1.4 – тегі (5.1) - (5.3) Өрнектерімен есептелген $\gamma_h(T)$ коэффициенті келтірілген.

Б.1-кесте – 14 қабатты Суперқұрылымы бар II(екінші) жауапкершілік класындағы ғимарат үшін γ_1 және $\gamma_h(T)$ коэффициенттерінің мәндері

T (сек)	γ_1	$\gamma_h(T)$	T (сек)	γ_1	$\gamma_h(T)$	T (сек)	γ_1	$\gamma_h(T)$
0	1,0	1,0	0,5	1,0	1,175666	1,8	1,0	1,248791
0,05		1,076583	0,6		1,181291	2,0		1,260041
0,1		1,153166	0,7		1,186916	2,5		1,288166
0,15		1,155978	0,8		1,192541	3,0		1,316291
0,2		1,158791	1,0		1,203791	3,5		1,344416
0,3		1,164416	1,2		1,215041	4,0		1,372541
0,4		1,170041	1,4		1,226291	4,5		1,372541
0,44		1,172291	1,6		1,237541	5,0		1,372541

Б.2-кесте – 14 қабатты Суперқұрылымы III(үшінші) жауапкершілік класындағы ғимарат үшін γ_1 және $\gamma_h(T)$ коэффициенттерінің мәндері

T (сек)	γ_1	$\gamma_h(T)$		T (сек)	γ_1	$\gamma_h(T)$		T (сек)	γ_1	$\gamma_h(T)$	
		(1)	(2)			(1)	(2)			(1)	(2)
0	1,25	1,0	1,25	0,5	1,25	1,175	1,25	1,8	1,25	1,249	1,25
0,05		1,076	1,25	0,6		1,181	1,25	2,0		1,260	1,260
0,1		1,153	1,25	0,7		1,187	1,25	2,5		1,288	1,288
0,15		1,155	1,25	0,8		1,192	1,25	3,0		1,316	1,316
0,2		1,158	1,25	1,0		1,204	1,25	3,5		1,344	1,344
0,3		1,164	1,25	1,2		1,215	1,25	4,0		1,372	1,372
0,4		1,170	1,25	1,4		1,226	1,25	4,5		1,372	1,372
0,44		1,172	1,25	1,6		1,237	1,25	5,0		1,372	1,372


(1) – осы Құралдың 5.1.4-де (5.1) - (5.3) Өрнектерімен есептелген $\gamma_h(T)$ мәндері $\gamma_1=1,0$ кезінде;
 (2) – $\gamma_1=1,25$ кезінде $\gamma_h(T)$ есептік мәндері.

Б.3-кесте – 14 қабатты Суперқұрылымы IV(төртінші) жауапкершілік класындағы ғимарат үшін γ_1 және $\gamma_h(T)$ коэффициенттерінің мәндері

T (сек)	γ_I	$\gamma_h(T)$		T (сек)	γ_I	$\gamma_h(T)$		T (сек)	γ_I	$\gamma_h(T)$	
		(1)	(2)			(1)	(2)			(1)	(2)
0	1,5	1,0	1,5	0,5	1,5	1,175	1,5	1,8	1,5	1,249	1,5
0,05		1,076	1,5	0,6		1,181	1,5	2,0		1,260	1,5
0,1		1,153	1,5	0,7		1,187	1,5	2,5		1,288	1,5
0,15		1,155	1,5	0,8		1,192	1,5	3,0		1,316	1,5
0,2		1,158	1,5	1,0		1,204	1,5	3,5		1,344	1,5
0,3		1,164	1,5	1,2		1,215	1,5	4,0		1,372	1,5
0,4		1,170	1,5	1,4		1,226	1,5	4,5		1,372	1,5
0,44		1,172	1,5	1,6		1,237	1,5	5,0		1,372	1,5

(1) – осы Құралдың 5.1.4-де (5.1) - (5.3) Өрнектерімен есептелген $\gamma_h(T)$ мәндері $\gamma_I=1,0$ кезінде;
 (2) – $\gamma_I=1,5$ кезінде $\gamma_h(T)$ есептік мәндері.

Б2.4 Б. 2-суретте II (екінші) жауапкершілік класындағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық әсерді сипаттайтын серпімді реакциялардың спектрлері көрсетілген, 5 қабатты Суперқұрылымы бар (--) көрнекі салыстыру үшін және II (.....), III (— —) және IV (— • —) жауапкершілік кластарына жатқызылған, 14 қабатты Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттар.



Б.2-сурет – 14 қабатты Суперқұрылымы бар II, III немесе IV жауапкершілік кластарының ғимараттары үшін салынған $\xi=5\%$ кезіндегі серпімді реакциялар спектрлері

В - ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

Бес қабатты ғимаратқа арналған сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің қажетті параметрлерін тиімді тербеліс кезеңінің берілген мәндерімен және тиімді тұтқыр демпфирлеу коэффициентімен алдын ала анықтау мысалдары

В1 Жалпы мәліметтер

В1.1 Осы В - қосымшасы сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар өкіл-ғимараттың осы Құралдарының ережелеріне сәйкес жобалау мысалдарында сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің қажетті параметрлерін алдын ала анықтау мақсаттары үшін Құралдың ережелерін практикалық қолдану бойынша ұсыныстар береді.

В1.2 Шартты құрылыс алаңының қысқаша сипаттамасы:

– құрылыс аймағының сейсмикалық қауіптілігі ОСЗ-1₄₇₅ картасына сәйкес бағаланады және $a_{gR(475)} = 0,5g$ мәнімен сипатталады;

– құрылыс аймағының сейсмикалық қауіптілігі ОСЗ-1₂₄₇₅ картасына сәйкес бағаланады және $a_{gR(2475)} = 0,6g$ мәнімен сипатталады;

– құрылыс алаңы сейсмикалық қасиеттері бойынша ІБ (бірінші) топырақ жағдайларының типімен сипатталады (сондай-ақ 3.2 және ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 3.1-кестесін қараңыз);

– құрылыс алаңында көлденең сейсмикалық әсерлерді күшейтудің топографиялық ықпалын ескеретін коэффициент $ST = 1,0$ тең болып қабылданды (сондай-ақ ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 3.3.4 қараңыз).

ЕСКЕРТУ – Құрылыстың шартты алаңын сипаттайтын сейсмикалық жағынан қандай да бір қолайсыз факторлар байқалмайды деп болжанады.

В1.3 Сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жабдықталған шартты өкіл-ғимарат туралы қысқаша мәліметтер:

– функциялық мақсаты бойынша ІІ (екінші) жауапкершілік класына жатқызылуы тиіс қоғамдық ғимарат (сондай-ақ 5.1, 5.2 және ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.1-кестесін қараңыз);

– сейсмикалық оқшауланған құрылыста сәйкесінше сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың астында және одан жоғары орналасқан Субқұрылым мен Суперқұрылымның құрылымдық элементтерін армирленген монолитті бетоннан (темірбетоннан) орындау қарастырылады;

– Суперқұрылым 5 (бес) қабат санымен көзделеді, ал ғимарат қабат бойынша ІІ (екінші) жауапкершілік класына жатқызылуы мүмкін (сондай-ақ 5.1, 5.2 және ҚР НТҚ 08-01.2 нормативінің 5.2-кестесін қараңыз);

– Субқұрылым мен Суперқұрылым, олардың қарсылық жүйелерін қалыптастыратын, темірбетонды құрылымдық элементтердің (көтеруші құрылымдардың) сызықтық-серпімді жұмысы болжамымен зерттеледі (сондай-ақ 4.2.7 қараңыз);

ЕСКЕРТУ – ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 4.2.2 сәйкес сейсмикалық әсердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакциялар спектрлері ординаттарының мәндерін $\xi=5\%$ тұтқыр демпфирлеу коэффициенті кезінде есептеу керек.

– ғимараттағы сейсмикалық оқшаулағыш қабатты сейсмикалық оқшаулау жүйесін құру арқылы бірдей типтегі (құрамдастырусыз) сейсмикалық оқшаулағыш тіректерді қолдану арқылы қалыптастыру болжанады.

ЕСКЕРТУ – Энергияның жоғары диссипациясы бар немесе қорғасын өзектері бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректерді пайдалана отырып, Бірінші типті сейсмикалық оқшаулау жүйесі құрылады деп болжанады (сондай-ақ осы Құралдың 2.1.4, 2.2.2 немесе 2.2.3 қараңыз).

В1.4 Сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жарақтандырылатын, өкіл-шартты ғимараттың Суперқұрылымының қысқаша сипаттамасы:

– Екі негізгі ортогональды бағыттағы Суперқұрылым құрылмалық типі бойынша монолитті темірбетонды рамалық жүйе (немесе ұстындары бар арқалықтардың қатты қосылыстары бар рамалық қаңқа) ретінде жіктеледі (сондай-ақ ҚР НТҚ 08-01.3 нормативінің 2.2.1 а) қараңыз);

– жоспардағы Суперқұрылымның рамалық қаңқасының жалпы өлшемдері 36,0x16,0 м құрайды (шеткі рамалардың осьтерінде); әр қабаттың биіктігі 1-ден 5-ші қабатқа дейін қоса алғанда 3,0 м құрайды; рамалардың ұстындары-50x50 см өлшемдері бар көлденең қиманың тікбұрышты формасын; рамалық арқалықтар – өлшемдері 30x60(h) см болатын көлденең қиманың тікбұрышты формасын (h-тақтаның қалыңдығын ескере отырып, арқалықтың биіктігі);

– Суперқұрылым жүйесіндегі көлденең диафрагмалар, монолитті темірбетонды тұтас тақталар түрінде көзделеді (ростверк, қабат аралық аражабындар және жабын); ростверк тақтасының қалыңдығы-400 мм; қабат аралық аражабындар мен жабындар тақталарының қалыңдығы – 150 мм құрайды;

– Суперқұрылым жүйесінің құрылмалық сұлбасын тұтастай алғанда тұжырымдамалық жобалаудың базалық қағидаттарын қанағаттандыратын ретінде қарастырылуы мүмкін (сондай-ақ ҚР НТҚ 02-01.2 нормативінің 2.1.10 қараңыз).

В1.5 Құрылатын Бірінші типті сейсмикалық оқшаулау жүйесіндегі сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің орналасу жоспарының сұлбасы Субқұрылымның рамалық қаңқасының ұстындарының жоспарындағы орналасу сұлбасымен келісіледі деп болжанады.

Осы мақсатта, жоспардағы эластомерлік тіректердің орналасуын үйлестіру сейсмикалық оқшаулағыш құрылғыларды рамалық қаңқаның әрбір ұстынының орналасқан жері бойынша тікелей орнатуды шарттайтын, Суперқұрылым рамасының бағдарлық осьтерінің торымен сәйкес келетінін көздейді. Әрбір сейсмикалық оқшаулағыш тіректі орталықтандыру Суперқұрылымның рамалық қаңқасы ұстынның орталық бойлық осьтік сызығының орнын ескере отырып көзделетін болады.


Сейсмикалық оқшаулау жүйесін қалыптастыру үшін – 35 (отыз бес) құрылғы мөлшерінде сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректер пайдаланылатын болады (сондай-ақ В1.6 және В.1-суретті қараңыз.).

Болжам бойынша, қарастырылып отырған ғимаратты ($\zeta_{eff} \geq 10\%$) энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректерді пайдалана отырып, Бірінші типті сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жарақтандыру $T_{eff} = 2$ сек кем емес (T_{eff}) үдемелі тербелістердің мақсатты тиімді кезеңіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Осы мақсаттарға жету үшін келесілер қажет: энергияны диссипациялау қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің қажетті қаттылық параметрлерін анықтау.

В1.6 Рамалық қаңқаның сұлбалық жоспары, сейсмикалық оқшаулау жүйесінің сұлбасы және жоспардағы сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің орналасуы, сондай-ақ сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар ғимараттың негізгі құрылымдық-жоспарлау шешімін көрсететін сейсмикалық оқшауланған құрылыстың жалпы қарсылық жүйесінің көлденең бейінінің түрі В.1-суретте көрсетілген.

ЕСКЕРТУ – Құрылыстың жалпы қарсылық жүйесінде Субқұрылым кеңістіктік қаттылық пен көтергіштік қабілетінің өте жоғары дәрежесімен сипатталатын және В.1 суретте шартты түрде көрсетілген тұжырымдамалық жобалаудың негізгі принциптері мен критерийлеріне сәйкес келетін бір деңгейлі қатты төменгі бөлік болады деп болжанады.



В. 1-сурет – Сейсмикалық оқшаулағыш іргетасы бар ғимараттың негізгі құрылымдық-жоспарлау шешімі

В1.7 Ерекше сейсмикалық есептік жағдайды қарау кезінде олардың сипаттамалық мәндерімен тұрақты жүктемелердің шамаларына байланысты тұрақты әсерлер (G) назарға алынды:

- темірбетон құрылымдық элементтерінің өз салмағынан бөлінген; армирленген ауыр бетонның тығыздығы – $25,0 \text{ кН/м}^3$ тең болып қабылданды;
- қабат аралық аражабындарға біркелкі бөлінген (тұтастырғырдың, едендердің, арақабырғалардың (және сыртқы қоршаулардың) және басқа да құрылымдық емес элементтердің салмағынан); жиынтық – $2,0 \text{ кН/м}^2$ ($2,0 \text{ кПа}$) тең болып қабылданды;
- жабынға біркелкі бөлінген (тұтастырғыштың, жылуұстағыштың, орама материалдардың және т. б. салмағынан); жиынтық тең – $1,0 \text{ кН/м}^2$ ($1,0 \text{ кПа}$) қабылданды.

В1.8 Ерекше сейсмикалық есептік жағдайды қарастыру кезінде қолданылатын жүктемелердің шамаларына, олардың сипаттамалық мәндеріне байланысты әсер ету айнымалылары (Q) назарға алынды:

- қабат аралық аражабындарға біркелкі бөлінген (пайдалану санатына қарамастан) – $3,0 \text{ кН/м}^2$ ($3,0 \text{ кПа}$) тең болып қабылданды;

– жабынға біркелкі бөлінген (пайдалану және қар); жиынтық – 2,7 кН/м² (2,7 кПа) тең қабылданды.

В1.9 Сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың үстінде орналасқан ғимараттың жоғарғы сейсмикалық оқшауланған бөлігін алдын-ала (статикалық) талдау нәтижелері бойынша келесілер анықталды:

– Суперқұрылымның темірбетон құрылмалық элементтерінің жалпы салмағы шамамен – 20757 кН құрайды;

– ғимараттың сейсмикалық оқшауланған бөлігінің сейсмикалық әсерлерді есепке алмағанда дағдарысты шекті ахуалын тексеру кезінде ескерілетін ең жоғары есептік салмағы-51068 кН.

– сейсмикалық әсерлері бар комбинацияларда ескерілетін ғимараттың сейсмикалық оқшауланған бөлігінің есептік салмағы - 30974 кН.

– сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде ескерілетін ғимараттың сейсмикалық оқшауланған бөлігінің массасы - 3078 кН·с²/м.

В2. В(1)-мысалы – Энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің параметрлерін анықтау

В2.1 В(1) мысалының шеңберінде сейсмикалық оқшауланған ғимарат туралы жалпы мәліметтер және осы қосымшаның В1 кіші бөлімінде және В.1-суретінде келтірілген алдын ала талдау нәтижелері назарға алынады, сондай-ақ құрылыс энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің бірдей түрін пайдалана отырып қалыптастырылатын Бірінші типті сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жаратқандырылады деп болжанады (сондай-ақ осы Құралдың 2.2.1 және 2.2.2 қараңыз).

Қалыптасқан сейсмикалық оқшаулау жүйесі кем дегенде $T_{eff}=2$ сек үдемелі тербелістердің мақсатты тиімді кезеңіне (T_{eff}) қол жеткізуді қамтамасыз ететін энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің қажетті параметрлерін анықтау процесін бірнеше дәйекті кезеңдерде орындау ұсынылады.

В2.2 1 - кезең.

Энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің бірдей түрін пайдалана отырып қалыптастырылатын Бірінші типті сейсмикалық оқшаулау жүйесінің тиімді қаттылығын ($K_{eff_{total}}$) осы Құралдың 6.4.1-де берілген (6.11) Өрнектің көмегімен бағалауға болады.

(6.11) Өрнегін түрлендіру арқылы және $T_{eff}=2$ сек кезінде ($K_{eff_{total}}$) мәнін келесідей есептеуге болады:

$$K_{eff_{total}} = 4\pi^2 \frac{M}{T_{eff}^2} = 4 \cdot 9,86 \cdot \frac{3078}{4} = 30349 \text{ кН/м}$$

В2.3 2 - кезең.

Әрбір сейсмикалық оқшаулағыш тіректің тиімді қаттылығы (K_{eff}) қарастырылып отырған жағдайда сейсмикалық оқшаулау жүйесін қалыптастыру үшін энергияны диссипациялау қабілеті жоғары және 35 (отыз бес) құрылғы санында сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің бірдей түрі қолданылатынын ескере отырып, (K_{eff}) мәнді келесідей есептеуге болады:

$$K_{\text{eff}} = \frac{K_{\text{efftotal}}}{n} = \frac{30349}{35} = 867 \text{ кН/м}$$

В2.4 3 - кезең.

$\xi=5\%$ ($\eta=1,0$) тұтқыр демпферлік коэффициенті кезінде $T=2$ сек кезеңіндегі $S_e(T)$ үдеуінде серпімді реакциялар спектрінің ординатасының мәнін ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (4.4) Өрнегінің көмегімен төмендегідей есептеуге болады:

$$S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{T_c}{T} \right] = 0,5 \cdot 1,0 \cdot 1,0 \cdot 2,5 \cdot \frac{0,44}{2} = 0,275 \text{ g}$$

В2.5 4 - кезең.

$\xi=5\%$ ($\eta=1,0$) тұтқыр демпферлеу коэффициенті кезінде $T=2$ сек кезеңіндегі $S_{De}(T)$ орын ауыстыруларындағы серпімді реакциялар спектрінің ординатасының мәнін ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (4.10) Өрнегінің көмегімен келесідей есептеуге болады:

$$S_{De}(T) = S_e(T) \left[\frac{T}{2\pi} \right]^2 = 0,275 \cdot 9810 \cdot \left[\frac{2}{2 \cdot 3,14} \right]^2 = 273,6 \text{ мм} = 0,2736 \text{ м}$$

В2.6 5 - кезең.

Энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық окшаулағыш эластомерлік тіректерге тән $\xi=15\%$ тұтқыр демпферлік коэффициенті кезінде $T=2$ сек қалыпты $S_{De}(T)$ қозғалыстарындағы серпімді реакциялар спектрінің ординатасының мәнін келесідей есептеуге болады:

$$d_{dc} = S_{D(T=2)} \cdot \eta = 273,6 \cdot 0,673 = 184 \text{ мм} = 0,184 \text{ м}$$

Есептеу кезінде η коэффициентінің мәні ҚР НТҚ 08-01.1 нормативіндегі (4.5) – (4.8) Өрнектерінің көмегімен анықталды:

$$\text{при } T = 2,0 \text{ сек} \quad \eta = \rho(1/T)^\lambda = 0,646 \cdot (1/2)^{-0,0595} = 0,673$$

$$\rho = 1 + \frac{0,05 - \xi}{0,05 + 2\xi - 3\xi^2} = 1 + \frac{0,05 - 0,15}{0,05 + 2 \cdot 0,15 - 3 \cdot 0,15^2} \approx 0,646,$$

$$\lambda = \frac{0,05 - \xi}{0,33 + 9\xi} = \frac{0,05 - 0,15}{0,33 + 9 \cdot 0,15} \approx -0,0595$$

В2.7 6 - кезең.

d_{dc} есептелген орын ауыстыруына сәйкес келетін F_{dc} көлденең күш шамасының мәнін келесідей есептеуге болады:

$$F_{dc} = K_{\text{eff}} \cdot d_{dc} = 867 \cdot 0,184 = 159,5 \text{ кН}$$

В2.8 7 - кезең.

Циклдік жүктеме кезінде энергияны диссипациялау қабілеті жоғары сейсмикалық окшаулағыш эластомерлік тіректің нөлдік қозғалысына сәйкес келетін F_0 көлденең күш шамасының мәнін осы Құралдың (6.9) Өрнегін түрлендіру арқылы бағалауға болады.

F_0 анықтау кезінде энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық окшаулағыш эластомерлік тіректің аққыштық шегіне сәйкес келетін жүктеме кезінде d_y орын ауыстыру шамасының мәні 25 мм қабылданады.

Нәтижені келесідей есептеуге болады:

$$F_0 = \frac{\xi_{\text{eff}} \pi K_{\text{eff}} d_{\text{dc}}^2}{2(d_{\text{dc}} - d_y)} = \frac{0,15 \cdot 3,14 \cdot 867 \cdot 0,184^2}{2(0,184 - 0,025)} = 43,5 \text{ кН}$$

В2.9 8 - кезең.

Энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің аққыштық шегін сипаттайтын F_y -көлденең күш шамасының мәнін келесідей есептеуге болады:

$$F_y = F_0 + (F_{\text{dc}} - F_0) \frac{d_y}{d_{\text{dc}}} = 43,5 + (159,5 - 43,5) \frac{0,025}{0,184} = 59,3 \text{ кН}$$

В2.10 9 - кезең.


Энергия диссипациясының жоғары қабілеттілігі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің бастапқы көлденең серпімді қаттылығын (k_1) монотонды жүктеме кезінде келесідей есептеуге болады:

$$k_1 = F_y / d_y = 59,3 / 0,025 = 2372 \text{ кН/м}$$

Жоғары энергетикалық диссипация қабілеті бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің көлденең қаттылығын (k_2) келесідей есептеуге болады:

$$k_2 = \frac{F_{\text{dc}} - F_0}{d_{\text{dc}}} = \frac{159,5 - 43,5}{0,184} = 630 \text{ кН/м}$$

В2.11 Жоғарыда есептелген параметрлермен энергияны диссипациялау қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің әрекетін сипаттайтын жүктеме-орын ауыстырудың идеалдандырылған тәуелділігі (**F-D**) В 2-суретте көрсетілген.



В.2-сурет – Энергия диссипациясының жоғары қабілеті бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің беталысын сипаттайтын жүктеме-орын ауыстырудың идеалдандырылған тәуелділігі (**F-D**), В (1)-мысалында қарастырылған

В3. В (2)-мысалы – Қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің параметрлерін анықтау

В3.1 В(2) Мысалының шеңберінде сейсмикалық оқшауланған ғимарат туралы жалпы мәліметтер және осы Қосымшаның В1 кіші бөлімінде және В.1-суретінде келтірілген алдын ала талдау нәтижелері назарға алынады, сондай-ақ құрылыс қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің бірдей түрін пайдалана отырып

қалыптастырылатын Бірінші типті сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жабдыкталады деп болжанады (сондай-ақ осы Құралдың 2.2.1 мен 2.2.3 қараңыз).

Қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің қажетті параметрлерін анықтау процесі, онда қалыптасқан сейсмикалық оқшаулау жүйесі үдемелі тербелістердің мақсатты тиімді кезеңіне (T_{eff}) кемінде $T_{eff}=2$ сек қол жеткізуді қамтамасыз етеді, бірнеше тізбекті кезеңдерде орындау ұсынылады $T_{eff}=2$ сек.

В3.2 1 - кезең.

Қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің бірдей түрін қолдану арқылы қалыптасқан Бірінші типті сейсмикалық оқшаулау жүйесінің тиімді қаттылығын В2.2 В (1) мысалында көрсетілгендей мәнді бірдей бағалауға және есептеуге болады:

$$K_{eff_{total}} = 4\pi^2 \frac{M}{T_{eff}^2} = 4 \cdot 9,86 \cdot \frac{3078}{4} = 30349 \text{ кН/м}$$

В3.3 2 - кезең.

Әрбір сейсмикалық оқшаулағыш тіректің тиімді қаттылығы, қарастырылып отырған жағдайда сейсмикалық оқшаулау жүйесін қалыптастыру үшін қорғасын өзегі бар және 35 (отыз бес) құрылғы санындағы сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің бірдей түрі пайдаланылатынын ескере отырып, В2.3-В (1) мысалында көрсетілгендей мәнді бірдей бағалауға және есептеуге болады:

$$K_{eff} = \frac{K_{eff_{total}}}{n} = \frac{30349}{35} = 867 \text{ кН/м}$$

В3.4 3 - кезең.

$\xi=5\%$ ($\eta=1,0$) тұтқыр демпферлік коэффициенті кезінде $T=2$ сек кезеңіндегі $S_e(T)$ үдеуіндегі серпімді реакциялар спектрінің ординатасының мәнін ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің (4.4) Өрнегі арқылы келесідей есептеуге болады:

$$S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{T_c}{T} \right] = 0,5 \cdot 1,0 \cdot 1,0 \cdot 2,5 \cdot \frac{0,44}{2} = 0,275 \text{ g}$$

В3.5 4 - кезең.

$\xi=5\%$ ($\eta=1,0$) тұтқыр демпферлеу коэффициенті кезінде $T=2$ сек кезеңіндегі $S_{De}(T)$ орын ауыстыруларындағы серпімді реакциялар спектрінің ординатасының мәнін ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің (4.10) Өрнегінің көмегімен келесідей есептеуге болады:

$$S_{De}(T) = S_e(T) \left[\frac{T}{2\pi} \right]^2 = 0,275 \cdot 9810 \cdot \left[\frac{2}{2 \cdot 3,14} \right]^2 = 273,6 \text{ мм} = 0,2736 \text{ м}$$

В3.6 5 - кезең.

Қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректерге тән, $\xi=25\%$ тұтқыр демпферлік коэффициенті кезінде $T=2$ сек кезеңіндегі $S_{De}(T)$ орын ауыстыруларындағы серпімді реакциялар спектрінің ординатасының мәнін келесідей есептеуге болады:

$$d_{dc} = S_{D(T=2)} \cdot \eta = 273,6 \cdot 0,582 = 159 \text{ мм} = 0,159 \text{ м}$$

Есептеу кезінде η коэффициентінің мәні ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің (4.5) – (4.8) Өрнектерінің көмегімен анықталды:

$$\text{при } T = 2,0 \text{ сек } \eta = \rho(1/T)^\lambda = 0,552 \cdot (1/2)^{-0,0775} = 0,582$$

$$\rho = 1 + \frac{0,05 - \xi}{0,05 + 2\xi - 3\xi^2} = 1 + \frac{0,05 - 0,25}{0,05 + 2 \cdot 0,25 - 3 \cdot 0,25^2} \approx 0,552,$$

$$\lambda = \frac{0,05 - \xi}{0,33 + 9\xi} = \frac{0,05 - 0,25}{0,33 + 9 \cdot 0,25} \approx -0,0775$$

В3.7 6 - кезең.

d_{dc} есептелген орын ауыстыруына сәйкес келетін F_{dc} көлденең күш шамасының мәнін келесідей есептеуге болады:

$$F_{dc} = K_{eff} \cdot d_{dc} = 867 \cdot 0,159 = 137,9 \text{ кН}$$

В3.8 7 - кезең.

Циклдік жүктеме кезінде қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің нөлдік орын ауыстыруына сәйкес келетін F_0 көлденең күш шамасының мәнін осы Құралдың (6.9) Өрнегін түрлендіру арқылы бағалауға болады.

F_0 анықтау кезінде, қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің аққыштық шегіне сәйкес келетін жүктеме кезінде d_y орын ауыстыру шамасының мәні 15 мм қабылданады.

$$F_0 = \frac{\xi_{eff} \pi K_{eff} d_{dc}^2}{2(d_{dc} - d_y)} = \frac{0,25 \cdot 3,14 \cdot 867 \cdot 0,159^2}{2(0,159 - 0,015)} = 59,7 \text{ кН}$$

В3.9 8 - кезең.

Қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің аққыштық шегін сипаттайтын F_y -көлденең күш шамасының мәнін келесідей есептеуге болады:

$$F_y = F_0 + (F_{dc} - F_0) \frac{d_y}{d_{dc}} = 59,7 + (137,9 - 59,7) \frac{0,015}{0,159} = 67,1 \text{ кН}$$

В3.10 9 - кезең.


Монотонды жүктеме кезінде қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің бастапқы көлденең серпімді қаттылығын (k_1) келесідей есептеуге болады:

$$k_1 = F_y / d_y = 67,1 / 0,015 = 4473 \text{ кН/м}$$

Қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің көлденең қаттылығын (k_2) төмендегідей есептеуге болады:

$$k_2 = \frac{F_{dc} - F_0}{d_{dc}} = \frac{137,9 - 59,7}{0,159} = 492 \text{ кН/м}$$

В3.11 Жоғарыда есептелген параметрлерімен қабылданған қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің беталысын сипаттайтын жүктеме-орын ауыстырудың идеалдандырылған тәуелділігі (**F-D**) В. 3-суретте көрсетілген.



В.3-сурет – В (2) Мысалында қабылданған қорғасын өзегі бар сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің беталысын сипаттайтын жүктеме-орын ауыстырудың идеалдандырылған тәуелділігі (F-D)

Г - ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

Топырақтың сейсмикалық қозғалыстарының жазбаларын пайдалана отырып орындалатын есептеулер нәтижелері бойынша 5 (бес) қабат саны бар, Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттың реакцияларын бағалау

ЕСКЕРТУ – Г қосымшасында осы Құралдың 6.6-кіші бөлімінің ережелерін іске асыру үшін практикалық мақсаттарда қолданылуы мүмкін нұсқаулар мен ұсынымдар бар.

Г1. Г(1)-мысалы – Энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректермен қалыптасатын сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жарақталған сейсмикалық оқшауланған ғимараттың 5 қабатты Суперқұрылымының реакцияларын бағалау

Г1.1 Бастапқы деректер

Г1.1.1 Сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жарақтандырылатын өкіл-ғимараттың құрылысының шартты алаңының қысқаша сипаттамасы осы Құралдың В қосымшасының В1.2 – де ұсынылғанға ұқсас.

Г1.1.2 Сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жарақтандырылатын шартты өкіл-ғимарат туралы қысқаша мәліметтер В- қосымшасының В1.3-де қабылданғанға ұқсас.

Г1.1.3 Сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жарақтандырылатын шартты өкіл-ғимараттың Суперқұрылымының қысқаша сипаттамасы осы Құралдың В қосымшасының В1.3-де ұсынылғанға ұқсас (сондай-ақ, В1.5-ті және В қосымшасындағы В.1-суретті қараңыз).

Суперқұрылымның диссипативті қасиеттері $\zeta=5\%$ тұтқыр демпфер коэффициентінің мәнімен сипатталады .

Г1.1.4 Сейсмикалық оқшаулау жүйесі туралы қысқаша жалпы мәліметтер, оны шартты өкіл-ғимаратпен жарақтандыру болжанады, В қосымшасының В1.4-де қабылданған мәліметтерге ұқсас (сондай-ақ, В қосымшасындағы В.1-суретті қараңыз).

Әрбір сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің көлденең қаттылығын сипаттайтын параметрлер В қосымшасының В(1) мысалында қабылданған параметрлерге ұқсас (сонымен қатар, В қосымшасының В2.1, В2.2 және В2.3 қараңыз).

Әрбір сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректің тік қаттылығы шартты түрде $K_z=1500000$ кН/м тең қабылданады.

Г1.1.5 Сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жарақтандырылатын шартты өкіл-ғимаратты талдауда ескерілетін әсерлер мен жүктемелер туралы қысқаша жалпы мәліметтер В - қосымшасының В1.6 және В1.7-де қабылданғанға ұқсас.

Сейсмикалық оқшаулағыш қабаттың үстінде орналасқан ғимараттың жоғарғы сейсмикалық оқшауланған бөлігін алдын ала (статикалық) талдау нәтижелері В қосымшасының В1.8-де орнатылғанға және қабылданғанға ұқсас.

Г1.2 Сейсмикалық оқшауланған ғимараттың сейсмикалық реакцияларын бағалау үшін қолданылған акселерограммалар

Г1.2.1 Сейсмикалық әсерлер кезінде 5 қабатты Суперқұрылымы бар сейсмикалық оқшауланған ғимараттың реакциялары үш есептелген сейсмикалық оқиғалар кезінде

топырақ қозғалысын моделдейтін үш компонентті акселерограммаларды қолдана отырып жасалған оның есептеулерінің нәтижелері бойынша бағаланды.

Барлық үш есептелген сейсмикалық оқиғалардың көлденең компоненттері жасанды акселерограммалармен сипатталды, олар ІА және ІБ ретінде жіктелген сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының типтерімен сипатталатын алаңдарда магнитудасы 6,9 (Irpina жер сілкінісі), 7,5 (Kocaeli) және 7,6 (Chi-Chi) нақты сейсмикалық оқиғаларда тіркелген аспаптық акселерограммаларды сәйкесінше түзету арқылы құрылды (сондай-ақ, ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің 3.2-кіші бөлімін қараңыз).

Топырақ қозғалысының шындық үдеуінің мәндері бірдей ортогоналды бағыттардағы нақты сейсмикалық оқиғаларды сипаттайтын акселерограммалар (ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің Д -қосымшасын қараңыз), Г1.1, Г1.5 және Г1.9 суреттерінде көрсетілген.

$\xi=5\%$ тұтқыр демпферлеу коэффициентінің мәні кезінде осы акселерограммалар бойынша құрылған серпімді реакциялардың қалыпқа келтірілген спектрлері және $\xi=5\%$ және $S=1,0$ тұтқыр демпферлеу коэффициентінің мәні болған кезде, ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің (4.2) – (4.4) Өрнектеріне сәйкес құрылған серпімді реакциялардың қалыпқа келтірілген стандартты спектрі Г1.2, Г1.6 және Г1.10 суреттерде келтірілген.

ЕСКЕРТУ – $S_{(a_{gR(475)})}$ және $S_{(a_{gR(2475)})}$ коэффициенттерінің құрылыс алаңының топырақ жағдайларының типіне және $a_{gR(475)}$ және $a_{gR(2475)}$ шындық үдеулерінің шамаларына байланысты мәндерін сәйкесінше ҚР НТҚ 08-01. 1-2017 нормативінде келтірілген 3.3.3-де (3.3) және (3.4) және 3.3 кестесіндегі өрнектердің көмегімен анықтау керек.


Г1.2.2 Аспаптық акселерограммаларды түзету «SeismoMatch» бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылды (ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің Г-қосымшасын қараңыз).

Жасанды акселерограммалар, $\xi=5\%$ коэффициентінде, құрылыс алаңындағы есептелген үдеу – $a_g=1,0g$ және $S=1,0$ коэффициентінде құрастырылған серпімді реакциялардың спектрлері жоғарыда көрсетілген нормаланған стандартты серпімді реакциялар спектріне сәйкес келетіндей етіп жасалды.


Жасанды акселерограммаларды құру кезінде Irpina және Chi-Chi сейсмикалық оқиғаларының жоғары жиіліктегі спектрлік ерекшеліктері сақталып, Kocaeli сейсмикалық оқиғасы түзетілді.

Ортогональды бағыттардағы есептелген сейсмикалық оқиғаларды сипаттайтын жасанды акселерограммалар Г1.3, Г1.7 және Г1.10 суреттерінде көрсетілген.


Жасанды акселерограммалар бойынша салынған серпімді реакциялардың спектрлері және ҚР НТҚ 08-01.1 нормативінің (4.2) – (4.4) өрнектеріне сәйкес салынған серпімді реакциялардың стандартты спектрі Г1.4, Г1.8 және Г1.12 суреттерінде келтірілген.




Г1.1-сурет – Irpina (A-STU стансасы) жер сілкінісі кезіндегі ортогональды бағытта бірдей шындық үдеу мәндерімен топырақтың көлденең қозғалысын сипаттайтын акселерограммалар




Г1.2-сурет – Г1.1-суретте көрсетілген жазбалар бойынша және ҚР НТҚ 08-01.1-2017 сәйкес құрылған серпімді реакциялардың қалыпқа келтірілген спектрлері




Г1.3-сурет – Г1.1-суретте көрсетілген Ірпіна (а-STU стансасы) жер сілкінісі жазбалары бойынша салынған жасанды акселерограммалар




Г1.4-сурет – Г1.3-суретте көрсетілген жазбалар бойынша және ҚР НТҚ 08-01.1-2017 сәйкес құрылған серпімді реакциялар спектрлері




Г1.5-сурет – Косаели (ІЗТ стансасы) ортогональды бағытта шындық үдеу мәндері бірдей жер сілкінісі кезінде топырақтың көлденең қозғалысын сипаттайтын акселерограммалар




Г1.6-сурет – Г1.5-суретте көрсетілген жазбалар бойынша және ҚР НТҚ 08-01.1-2017 сәйкес құрылған серпімді реакциялардың қалыпқа келтірілген спектрлері




Г1.7-сурет – Г1.5-суретте көрсетілген Косаели (ІЗТ стансасы) жер сілкінісінің жазбалары бойынша салынған жасанды акселерограммалар




Г1.8-сурет – Г1.7-суретте көрсетілген жазбалар бойынша және ҚР НТҚ 08-01.1-2017 сәйкес құрылған серпімді реакциялар спектрлері




Г1.9-сурет – Chi-Chi (TCU089 стансасы) ортогональды бағытта бірдей шындық үдеу мәндерімен жер сілкінісі кезіндегі топырақтың көлденең қозғалысын сипаттайтын акселерограммалар



Г1.10-сурет – Г1.9-суретте көрсетілген жазбалар бойынша және ҚР НТҚ 08-01.1-2017 сәйкес құрылған серпімді реакциялардың қалыпқа келтірілген спектрлері




Г1.11 – сурет – Г1.5-суретте көрсетілген Chi-Chi (TCU089 стансасы) жер сілкінісі жазбалары бойынша салынған жасанды акселерограммалар




Г1.12-сурет – Г1.11-суретте көрсетілген жазбалар бойынша және ҚР НТҚ 08-01.1-2017 сәйкес құрылған серпімді реакциялар спектрлері

Г1.2.3. Сейсмикалық әсердің тік компоненттері Г1.13-суретте көрсетілген Ірріна, Косаелі және Chi-Chi жер сілкіністеріндегі топырақ қозғалысының аспаптық жазбаларымен сипатталды.

Топырақ қозғалысының тік компоненттерінің аспаптық жазбалары бойынша және ҚР НТҚ 08-01.1 сәйкес құрылған серпімді реакциялардың қалыпқа келтірілген спектрлері Г1.14 суретте көрсетілген.



Г1.13-сурет – Ірріна (а), Косаелі (б) және Chi-Chi (в) жер сілкіністеріндегі топырақ қозғалысының тік компоненттерінің аспаптық жазбалары



Г1.14-сурет – Irpina (- - -), Kocaeli (- . - .) және Chi-Chi (······) жер сілкіністеріндегі топырақ қозғалысының тік компоненттерінің аспаптық жазбаларына негізделген реакциялардың қалыпқа келтірілген спектрлері ҚР НТҚ 08-01.1-2017 (—) сәйкес

Г1.2.4 Сейсмикалық оқшауланған ғимараттың есептеулерін орындау кезінде сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттерін сипаттайтын салынған жасанды акселерограммаларға және сейсмикалық әсерлердің тік компоненттерін сипаттайтын аспаптық тіркелген акселерограммаларға Г1. 1 кестесінде келтірілген масштабтау коэффициенттері қолданылды.

ЕСКЕРТУ – Г1.1-кестеде:

- 00 индекстері Г1.3 (а), 1.7 (а) және Г1.11 (а) суреттерінде көрсетілген жасанды акселерограммалар үшін қабылданады;
- 90 индекстері Г1.3 (б), Г1.7 (б) және Г1.11 (б) суреттерінде көрсетілген жасанды акселерограммалар үшін қабылданады;
- z индекстері Г1.13 суретте көрсетілген аспаптық акселерограммалар үшін қабылданады.

Г1.1-кесте

Жасанды акселерограммалардың атаулары	Масштабтауға дейінгі үдеудің шындық мәндері (g үлестерінде)	Масштабтау коэффициенті	Масштабтаудан кейінгі үдеудің шындық мәндері (g үлестерінде)
A-STU-00	1,081	0,5	0,540
A-STU-90	1,020		0,510
IZT-00	1,404		0,702
IZT-90	1,043		0,521
TCU089-00	1,049		0,524
TCU089-90	1,055		0,527
A-STU-Z	0,260	1,73	0,450
IZT-Z	0,146	3,08	0,450
TCU089-Z	0,191	2,36	0,450

Г1.2.5 Есептеулерді орындау кезінде ғимаратқа сейсмикалық әсердің екі комбинациясы ("1" және "2") ескерілді.

ЕСКЕРТУ – "1" комбинациясында:

- ғимараттың бойлық бағытындағы көлденең сейсмикалық әсерлер 00 индексі бар акселерограммалармен берілген;
- ғимараттың көлденең сейсмикалық әсерлері 90 индексі бар акселерограммалармен берілген;

- тік сейсмикалық әсерлер Z индексі бар акселерограммалармен берілген.
- "2"комбинациясында:
- ғимараттың бойлық бағытындағы көлденең сейсмикалық әсерлер 90 индексі бар акселерограммалармен берілген;
- ғимараттың көлденең сейсмикалық әсерлері 00 индексі бар акселерограммалармен берілген;
- тік сейсмикалық әсерлер Z индексі бар акселерограммалармен берілген.


Г1.3 Энергияның диссипациялану қабілеті жоғары сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректермен қалыптасатын сейсмикалық оқшаулау жүйесімен жабдықталған сейсмикалық оқшауланған ғимараттың 5 қабатты Суперқұрылымының сейсмикалық реакцияларын бағалаудың негізгі нәтижелері


Г1.3.1 Ғимараттың есептеулері ETABS бағдарламасы арқылы орындалды.

Сейсмикалық оқшауланған ғимаратқа сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде:

- сейсмикалық әсердің екі көлденең және тік компоненттері бір уақытта әрекет етеді деп көзделген;
- сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің деформациясының сызықтық емес сипаты ескерілді;
- Субқұрылымдық құрылмалы жүйе серпімді деформацияланатын ретінде қарастырылды (сонымен қатар, В қосымшасындағы В1.3 төртінші тармақшасын және В 1.5-ін қараңыз);
- есептеуде қабылданған сейсмикалық оқшаулау жүйесінің физикалық және механикалық қасиеттері оның бүкіл пайдалану кезеңіндегі ең қолайсыз мәндеріне сәйкес келеді деп болжанған;
- қабаттардың кездейсоқ массалық эксцентриситеттері ескерілмеді; жоспардағы ғимараттың бұрау әсерлері (кездейсоқ эксцентриситеттер есебінен) осы Құралдың 6.4.8 сәйкес құрылмалы жүйенің және сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің қауіпсіздігін тексеру кезінде ескерілуі мүмкін деп есептелді.

Г1.3.2 $K_{eff}=867$ кН/м сейсмикалық оқшаулағыш тіректердің тиімді қаттылығымен бес қабатты сейсмикалық оқшауланған ғимараттың сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымының меншікті көлденең тербелістерінің формалары (В - қосымшасының В2.3 қараңыз) Г1.15-суретте көрсетілген.






Г1.15-сурет-Сейсмикалық оқшауланған ғимараттың 5 қабатты сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымының өзіндік көлденең тербелістерінің формалары

Г1.3.3 Қарастырылып отырған сейсмикалық оқшауланған құрылмалы суперқұрылым жүйесінің динамикалық реакциясы үдеулер, инерция күштері және орын ауыстыру бөлігінде зерттелді.

Орындалған есептеулердің нәтижелері сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымның сейсмикалық тербелістері табиғаты бойынша қатты дененің тербелістеріне жақын екенін көрсетті, олардың өзіндік деформациялары сейсмикалық оқшаулағыш қабат деңгейіндегі көлденең қозғалыстармен салыстырғанда шамалы. Мысал ретінде, Г1.16-суретте жасанды А-STU (—), IZT (— — —) және TCU089 (·····) акселерограммаларымен берілген сейсмикалық әсерлердің "1" комбинациялары кезінде ғимараттың Суперқұрылымының Субқұрылымға қатысты қозғалыстары көрсетілген.



Г1.16-сурет – Сейсмикалық оқшауланған ғимараттың бойлық (А) және көлденең (б) бағыттардағы Субқұрылымға қатысты Суперқұрылымның максималды ығысуы кезіндегі салыстырмалы орын ауыстырулары


Г1.3.4 Сейсмикалық әсерлердің "1" және "2" комбинациялары кезінде сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылым қабаттарының көлденең қиғаштануының максималды мәндері Г1.2 кестесінде келтірілген.

Г1.2-кесте


Әсерлердің комбинациясы	Сейсмикалық әсерлер	Суперқұрылым қабаттарының қиғаштықтарының максималды мәндері (мм)									
		бойлық бағытта					көлденең бағытта				
		Қабат нөмірлері									
		1	2	3	4	5	1	2	3	4	5
«1»	A-STU	6,72	7,27	6,35	4,73	2,69	5,09	4,93	3,98	2,89	1,69
	IZT	5,67	5,93	4,93	3,49	1,92	5,18	5,10	4,12	2,90	1,65
	TCU089	5,17	5,54	4,78	3,52	1,98	4,43	4,66	3,95	2,87	1,66
«2»	A-STU	5,81	5,75	4,70	3,31	1,78	5,65	6,02	5,26	3,94	2,31
	IZT	5,79	5,75	4,56	3,12	1,68	4,85	4,90	4,02	2,87	1,60
	TCU089	4,92	5,14	4,30	3,07	1,69	4,48	4,71	3,98	2,89	1,64

Бойлық және көлденең бағыттардағы сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымның негіз деңгейіндегі көлденең тербелістерді сипаттайтын үдеу мен орын ауыстыру жазбалары Г1.17, Г1.19 және Г1.21 суреттерінде көрсетілген. Бұл суреттерден Суперқұрылымдағы сейсмикалық әсерлер кезінде тербелістердің төмен ғана емес, сонымен қатар жоғары формалары да қозатынын көруге болады. Тербелістердің жоғары формаларының Суперқұрылым ахуалының ерекшеліктеріне әсерін суреттеу үшін 1.17-суретте Суперқұрылымның тербелістерінің жоғары формаларын (үзік сызықтар) есепке ала отырып (тұтас сызықтар) және есепке алмай құрастырылған үдеу жазбалары көрсетілген.


Ғимараттың бойлық және көлденең бағыттарындағы сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің әрекетін сипаттайтын тәуелділіктер Г1.18, Г1.20 және Г1.22 суреттерінде келтірілген.




Г1.17-сурет – Жасанды А-STU акселерограммаларымен берілген "1" сейсмикалық әсерлердің комбинациясы кезінде бойлық (а) және көлденең (б) бағыттардағы сейсмикалық оқшауланған Суперқұрылымның негізгі деңгейінде көлденең үдеу және уақыт бойынша орын ауыстыру




Г1.18-сурет – Жасанды А-сту акселерограммаларымен берілген "1" сейсмикалық әсерлердің комбинациясы кезінде ғимараттың бойлық (а) және көлденең (б) бағыттарындағы сейсмикалық оқшаулағыш эластомерлік тіректердің беталысын сипаттайтын тәуелділіктер




